ISSN (Print) 3080-1710
ISSN (Online) 3104-462X

https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-154-1

Gumilyov Journal of Pedagogy

2026, №1 (154)

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY

Published since 1995,
accepts articles in English, Kazakh, and Russian,
issued 4 times per year

1995 жылдан бастап шығады, мақалаларды ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде қабылдайды, жылына 4 рет жарық көреді

Издается с 1995 года, принимает статьи на английском, казахском и русском языках, выходит 4 раза в год

Астана, 2026
Astana, 2026

Редакциялық кеңес

Бас редактор: **МЕҢЛІБЕКОВА Гүлбақыт Жолдасбековна,** *педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

Бас редактордың орынбасары, ғылыми редактор: **ЖУКЕНОВА Гулпара Балтабаевна,** педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Жауапты редактор: **СЕМБИНА Жулдыз Жангельдыевна,** әлеуметтік ғылымдар магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Жауапты хатшы: **СЕМБИНА Жулдыз Жангельдыевна,** әлеуметтік ғылымдар магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

ДЛИМБЕТОВА Гаини Карекеевна (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан)

ӘТЕМОВА Қалипа Тұрсыновна (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан)

ЗАКИРОВА Алма Булатовна (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан)

ҚАЛКЕЕВА Қамарияш Райхановна (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан)

БЕРКІМБАЕВ Қамалбек Мейрбекович (Ахмет Ясауи университеті, Түркістан, Қазақстан)

САЛИЕВА Айгүл Жанаевна (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан)

СЕЙІТҚАЗЫ Перизат Байтешқызы (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан)

ЖИЕНБАЕВА Сайра Нағашыбаевна (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан)

МАЙЛЫБАЕВА Гүлмира Сабыровна (І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан)

АТМАКА Танер (Дюздже университеті, Дюздже, Түркия)

ЧОШКУН Йелкин (Йедитепе университеті, Ыстамбұл, Түркия)

ЧЕПНИ Салих (Улудаг университеті, Бурса, Түркия)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: +7 (7172) 709500, (ішкі: 35-108)
E-mail: pedjournal@enu.kz

Gumilyov Journal of Pedagogy
Меншіктенуші: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген.
No KZ79VPY00113358, 25.02.2025 ж. қайта есепке қою туралы куәлігі
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7 (702) 505 92 75 (ішкі 35-108)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Редакционный Совет

Главный редактор: **МЕНЛИБЕКОВА Гульбахыт Жолдасбековна,** доктор педагогических наук, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Заместитель главного редактора, научный редактор: **ЖУКЕНОВА Гулпара Балтабаевна,** кандидат педагогических наук, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Ответственный редактор: **Сембина Жулдыз Жангельдыевна,** магистр социальных наук, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Ответственный секретарь: **Сембина Жулдыз Жангельдыевна, магистр социальных наук, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан**

Редакционная коллегия

ДЛИМБЕТОВА Гаини Карекеевна (Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан)

АТЕМОВА Калипа Турсыновна (Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан)

ЗАКИРОВА Алма Булатовна (Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан)

КАЛКЕЕВА Камарияш Райхановна (Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан)

БЕРКИМБАЕВ Камалбек Мейрбекович (Университет Ахмета Ясави, Туркестан, Казахстан)

САЛИЕВА Айгул Жанаевна (Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан)

СЕЙТКАЗЫ Перизат Байтешкызы (Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан)

ЖИЕНБАЕВА Сайра Нагашыбаевна (Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан)

МАЙЛЫБАЕВА Гулмира Сабыровна (Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан)

АТМАКА Танер (Университет Дюздже, Дюздже, Турция)

ЧОШКУН Йелкин (Университет Йедитепе, Стамбул, Турция)

ЧЕПНИ Салих (Университет Улудаг, Бурса, Турция)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 402
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Тел.: +7 (7172) 709500, (вн: 35-108)
E-mail: pedjournal@enu.kz

Gumilyov Journal of Pedagogy
Собственник: Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Зарегистрирован Министерством культуры и информации Республики Казахстан.
Свидетельство о постановке на переучет No KZ79VPY00113358 от 25.02.2025 г.
Периодичность: 4 раза в год
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7 (702) 505 92 75 (вн.35-108)
Периодичность: 4 раза в год

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Editorial Review Board

Editor-in-Chief: **MENLIBEKOVA Gulbakhyt,** Doctor of Pedagogical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief, Scientific Editor: **ZHUKENOVA Gulpara,** Candidate of Pedagogical Sciences, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Responsible Editor: **SEMBINA Zhuldyz,** Master of Social Sciences, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Responsible Secretary: **SEMBINA Zhuldyz,** Master of Social Sciences, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

DLIMBETOVA Gaini (L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan)

ATEMOVA Kalipa (L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan)

ZAKIROVA Alma (L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan)

KALKEEVA Kamariyash (L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan)

BERKIMBAEV Kamalbek (Akhmet Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan)

SALIEVA Aygul (L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan)

SEIITKAZY Perizat (L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan)

ZHIYENBAYEVA Saira (L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan)

MAILYBAEVA Gulmira (I. Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan)

ATMAKA Taner (Duzce University, Duzce, Turkey)

CHOSHKUN Yelkin (Yeditepe University, Istanbul, Turkey)

CHEPNI Salih (Uludag University, Bursa, Turkey)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.402, Astana, Kazakhstan, 010008
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Tel.: +7 (7172) 709500, (ext.: 35-108)
E-mail: pedjournal@enu.kz

Gumilyov Journal of Pedagogy
Owner: L.N. Gumilyov Eurasian National University
Gumilyov Journal of Sociology
Owner: L.N. Gumilyov Eurasian National University
Registered by the Ministry of Culture and information of the Republic of Kazakhstan.
Rediscount certificate No. KZ79VPY00113358 from 25.02.2025
Periodicity: 4 times a year
Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500, (ext.: 35-108)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

2026, №1 (154)

МАЗМҰНЫ/ CONTENT/ СОДЕРЖАНИЕ

Ж.К. Адасканова, К.Ш. Молдасан, Ж.Т. Махамбетова, Ж.С. Айлауова. Заманауи білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби-зерттеушілік ойлауын дамыту мәселесі.....
Ж.К. Адасканова, К.Ш. Молдасан, Ж.Т. Махамбетова, Ж.С. Айлауова. Проблема развития профессионально-исследовательского мышления будущих педагогов-психологов в условиях современного образования.....
Zh.K. Adaskanova, K.Sh. Moldasan, Zh.T. Makhambetova, Zh.S. Ailauova. The problem of the development of professional research thinking of future educational psychologists in the conditions of modern education..... 8

N.S. Almetov, A.N. Zhorabekova, T.M. Yessimgaliyeva, Z.A. Abilkhairova, F.T. Yerekhanova. Pedagogical focus of the use of information technologies in education: Kazakhstani experience...
Н.С. Алметов, А.Н. Жорабекова, Т.М. Есимғалиева, Ж.А. Абилхаирова, Ф.Т. Ереханова. Білім беруде ақпараттық технологияларды пайдаланудың педагогикалық бағыты: Қазақстан тәжірибесі.....
Н.С. Алметов, А.Н. Жорабекова, Т.М. Есимғалиева, Ж.А. Абилхаирова, Ф.Т. Ереханова. Педагогическая направленность использования информационных технологий в образовании: опыт Казахстана..... 23

А. Бақыт, К.Ш. Бакирова. Жоғары сыныптарда биологияның күрделі тақырыптарын оқыту: мұғалімдердің көзқарастары мен тәжірибелері (аралас зерттеу).....
А. Бакыт, К.Ш. Бакирова. Преподавание сложных тем по биологии в старших классах: взгляды и опыт учителей (смешанное исследование).....
A. Bakyt, K.Sh. Bakyrova. Teaching Complex Topics in Biology in High School: Teachers' Perspectives and Experiences (Mixed-Methods Study)..... 43

А.Е. Бижкенова, А.Д. Серикбаева. Мұғалімнің психологиялық-педагогикалық қасиеттері ғылыми өлшем объектісі ретінде.....
А. Е. Бижкенова, А.Д. Серикбаева. Психолого-педагогические качества учителя как объект научного измерения.....
A.E. Bizhkenova, A.D. Serikbayeva. Psychological and pedagogical qualities of a teacher as an object of scientific measurement..... 64

А.Е. Ботабаева, Е.К. Уйсимбаев, С.С. Байсарина, А.Н. Жумадилова, С.К. Секебаева. Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырудың заманауи әдістемесі.....
А.Е. Ботабаева, Е.К. Уйсимбаев, С.С. Байсарина, А.Н. Жумадилова, С.К. Секебаева. Современная методика организации профориентационной работы.....
A.E. Botabayeva, Y.K. Uisimbayev, S.S. Baisarina, A.N. Zhumadilova, S.K. Sekebayeva. Modern methodology of organizing career guidance..... 85

С.М. Калмен, Ahn Sangsoo. Информатикадағы жүйелік объектілердің танымдық жобалануы: қабылдау мен сананың ерекшеліктерін ескеру.....
С.М. Калмен, Ahn Sangsoo. Когнитивное проектирование системных объектов в информатике, учет особенностей восприятия и сознания.....
S.M. Kalmen, Ahn Sangsoo. Cognitive Design of System Objects in Computer Science: Considering the Features of Perception and Consciousness..... 101

А.У. Керейбаева, С.Ә. Жүзеев, А.Қ. Мошқалов, М.К. Жайлауова. Болашақ педагогтердің халықаралық зерттеулерге кәсіби көзқарастарын SmartPLS негізіндегі құрылымдық модельдік талдау.....
А.У. Керейбаева, С.А. Жузеев, А.К. Мошкалов, М.К. Жайлауова. Структурный моделирующий анализ профессиональных взглядов будущих педагогов на международные исследования на основе SmartPLS.....
A.U. Kereybaeva, S.A. Zhuzeyev, A.K. Moshkalov, M.K. Zhailauova. Structural Modeling Analysis of Pre-Service Teachers' Professional Perceptions of International Assessments Using SmartPLS..... 117

М.Г. Кошкарова, К.Т.Атемова, З.А Зубайраева. Жасөспірім қыздардың гендерлік мәдениетін қалыптастыруда әкенің рөлі.....
М.Г.Кошкарова, К.Т.Атемова, З.А Зубайраева. Роль отца в формировании гендерной культуры девочек-подростков.....
M.G. Koshkarova, K.T. Atemova, Z.A. Zubairaeva. The role of the father in shaping the gender culture of teenage girls..... 134

А.К. Уразова, П.А. Казбай, К.Т.Кудайбергенова. Эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңызы мен оны оқыту әдістері.....
А.К. Уразова, П.А. Казбай, К.Т. Кудайбергенова. Важность эпистолярного жанра в сфере образования и методы его преподавания.....
A.K. Urazova, P.A. Kazbay, K.T. Kudaibergenova. The importance of the epistolary genre in the field of education and the methods of its teaching..... 151

Р.Х. Құрманбаев, М.Б. Аманбаева, Б.К.Жарменова, А.Т. Байкенжеева, А.Ж.Берденкулова. ЖОО-да биология мұғалімдерін даярлау процесінде экологиялық-педагогикалық құзыреттілікті қалыптастыру проблемасының мазмұны.....
Р.Х. Курманбаев, М.Б. Аманбаева, Б.К. Жарменова, А.Т. Байкенжеева, А.Ж. Берденкулова. Содержание проблемы формирования эколого-педагогической компетенции в процессе подготовки учителей биологии в вузе.....
R.H. Kurmanbayev, M.B. Amanbayeva, B.K. Zharmenova, A.T. Baikenzheeva, A. Zh. Berdenkulova. The content of the problem of the formation of ecological and pedagogical competence in the process of training biology teachers at the university..... 167

Н.Б. Махатов, А.К. Альжанов. Білім беру тәсілдерін трансформациялау және олардың «ақылды қала» тұжырымдамасындағы рөлі.....
Н.Б. Махатов, А.К. Альжанов. Трансформация образовательных подходов и их роль в концепции «умный город».....
N.B. Makhatov, A.K. Alzhanov. Transformation of educational approaches and their role in the concept of «smart city»..... 187

Ж.А. Мусина, Г.М. Кажикенова, М.Е. Нургалиева. Қашықтықтан оқыту және жоба әдісі негізінде студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру.....
Ж.А. Мусина, Г.М. Кажикенова, М.Е. Нургалиева. Организация самостоятельной работы студентов на основе дистанционного обучения и метода проектов.....
Zh.A. Musina, G.M. Kazhikenova, M.E. Nurgalieva. Organization of independent work of students based on distance learning and the project method..... 202

Т.Т. Муканова, А.К. Альжанов, Д.Б. Абыкенова, Б.Ж. Сомжүрек. Әлеуметтік желілердегі AR эффектілерін пайдаланудың педагогикалық мүмкіндіктері.....
Т.Т. Муканова, А.К. Альжанов, Д.Б. Абыкенова, Б.Ж. Сомжүрек. Педагогические возможности использования эффектов дополненной реальности (AR) в социальных сетях.....
T.T. Mukanova, A.K. Alzhanov, D.B. Abykenova, B.Zh. Somzhurek. Pedagogical possibilities of using AR effects in social networks..... 220

Р.Э. Мухпулова, Л.О. Сәрсенбаева, З.С. Рахимова, А.С. Базылғаламова, Р.Э. Мухпулова. Шетел тілін оқыту үрдісінде студенттердің эмоционалдық интеллектілерін дамыту стратегиялары мен әдістері.....
Р.Э. Мухпулова, Л.О. Сарсенбаева, З.С. Рахимова, А.С. Базилгаламова, Р.Э. Мухпулова. Стратегии и методы развития эмоционального интеллекта у студентов в процессе обучения иностранному языку.....
R.E. Mukhpulova, L.O. Sarsenbayeva, Z.S. Rakhimova, A.S. Bazilgalamova, R.E. Mukhpulova. Strategies and methods of developing students' emotional intelligence in the process of learning a foreign language..... 239

Ы.Н. Оханова, А.К. Дуйсенбаев. Арт-технологиялар арқылы әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлау үдерісін модельдеудің тұжырымдамалық негіздері……
Ы.Н. Оханова, А. К. Дуйсенбаев. Концептуальные основы моделирования процесса профессиональной подготовки социальных педагогов через арт-технологии……
Y.N. Okhanova, A.K. Duisenbaev. Conceptual foundations of modeling the process of professional training of social educators through art technologies..... 253

А.М. Сихаева, Г.Т. Садуакас, А.С. Мехмет. Арт технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау әдістемесі.....
А.М. Сихаева, Г.Т. Садуакас, А.С. Мехмет. Методическая основа подготовки будущих учителей начальных классов с использованием арт-технологий.....
A.M. Sikhayeva, G.T. Saduakas, A.S. Mehmet. Methodological Framework for Training Future Primary School Teachers Using Art Technologies..... 273

Е.Т. Сламбеков, Ж.Е. Кусаинова, К.К. Шалғынбаева, И.А. Дилдабекова. Колледж студенттерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру – табысты мұғалім даярлаудың негізі.....
Е.Т. Сламбеков, Ж.Е. Кусаинова, К.К. Шалгынбаева, И.А. Дилдабекова. Повышение профессиональной компетентности студентов колледжа как основа успешной педагогической деятельности.....
Y.T. Slambekov, Z.E. Kussainova, K.K. Shalgynbayeva, I.A. Dildabekova. Improving the professional competence of college students as the basis for successful teaching..... 290

Т.А. Табишев. Жалпы білім беру ұйымдарындағы мүгедектігі бар дарынды және талантты балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау.....
Т.А. Табишев. Психолого-педагогическое сопровождение одарённых и талантливых детей с ограниченными возможностями здоровья в общеобразовательных организациях.....
T.A. Tabishev. Psychological and pedagogical support of gifted and talented children with disabilities in general education organizations..... 313

М.Ж. Тусупбекова, П.Б. Сейітқазы, Н.Б. Серикбаева , Г.А. Сеитова, М.К. Кенжебаева. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы және Қазақстан білім беру жүйесінде КИҚО тұжырымдамасын заманауи жүзеге асыру
М.Ж. Тусупбекова, П.Б. Сейтказы, Н.Б. Серикбаева, Г.А. Сеитова, М.К. Кенжебаева. Педагогическое наследие Ибрая Алтынсарина и современная реализация концепции СИДО в образовании Казахстана……
M.Zh. Tusupbekova, P.B. Seiitkazy, N.B. Serikbayeva, G.A. Seitova, M.K. Kenzhebayeva. The Pedagogical Heritage of Ybyrai Altynsarin and the Modern Implementation of the SIDO Concept in the Education of Kazakhstan..... 329

С.С.Жубакова, Н.В. Гердт. Мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына қолдау көрсетуді ұйымдастыру……
С.С.Жубакова, Н.В. Гердт. Организация поддержки родителей детей с особыми образовательными потребностями в школе……
S.S. Zhubakova, N.V. Gerdt. Organization of support for parents of children with special educational needs at school..... 348

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY
ISSN: 3080-1710. ISSN (Online): 3104-462X

ҒТАМР 14.35.07
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-154-1-8-22

Заманауи білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби-зерттеушілік ойлауын дамыту мәселесі

Ж.К. Адасканова [*1], К.Ш. Молдасан[2], Ж.Т. Махамбетова[3], Ж.С. Айлауова[4]

[1, 2] *Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы., Қазақстан*
[3] *Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Казақстан*
[4] *Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан*

*(E-mail: *[1]zhadyra.adaskanova@gmail.com, [2]moldasank@mail.ru, [3]mzhamilyam@gmail.com, [4]ailauovazh@korkyt.kz*

Аңдатпа. Білім беру процесі – бұл әлеуметтік, экономикалық, саяси, нормативтік, материалдық-техникалық және технологиялық сипаттағы әртүрлі факторлардың әсерінен өзгеретін және дамитын динамикалық құбылыс, және де оның мазмұнын уақыт талаптарына сәйкес үнемі жаңартып отыру қажет. Педагогтың кәсіби ойлауын зерттеу мәселесі педагогикалық психологиядағы іргелі мәселелердің бірі болып табылады. Оның маңыздылығы мұғалімнің іс-әрекетін, оның кәсіби мінез-құлқы мен қарым-қатынасын ұйымдастырудағы педагогикалық ойлаудың рөліне байланысты. Заманауи педагогикалық еңбек процесі стандарт пен шаблондауға бағынбайды, себебі мұғалімнің шығармашылық міндеттерінің ауқымы бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда өте үлкен, оқу-тәрбие жұмысының мазмұнына, формалары мен әдістеріне түбегейлі инновациялар енгізуден бастап, мұғалімнің әр түрлі жағдайларында туындайтын әр түрлі ағымдағы мәселелерді шешуге дейін. Зерттеудің тұжырымдамалық негізі қазіргі заманғы тенденциялар мен цифрлық өзгерістерге байланысты ғылымдардың қазіргі даму жағдайын ескере отырып, болашақ педагог-психологтардың кәсіби-зерттеушілік ойлауын өзгертуге серпін болды. Мақалада «кәсіби ойлау» ұғымының мәні мен «заманауи педагог-психолог дағдылары» терең қарастырылып, оның негізгі анықтамасы тұжырымдалады. Болашақ педагогтердің зерттеушілік ойлауын дамыту үдерісінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық негіздерді анықтауға ерекше назар аударылады. Мақаланың мақсаты – болашақ педагог-психологтардың кәсіби-зерттеушілік ойлауын дамыту мәселелері мен оны шешу жолдарын анықтау. Бұл мақалада болашақ педагог-психологтардың арасында жүргізілген сауалнама әдісі, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми басылымдарда жарияланған еңбектеріне шолу, жалпылау секілді зерттеу әдістері қолданылды.

Түйін сөздер: педагог-психолог, кәсіби-зерттеушілік ойлау, заманауи білім беру процесі, ойлау, кәсіби қызмет.

Түсті: 09.10.2025; Мақұлданды: 15.03.2026; Онлайн қолжетімді: 31.03.2026

***хат-хабар авторы**

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесіндегі педагогтарды кәсіби даярлауға ерекше талаптар қойылады, оның өзегінде олардың ойлау қабілеті мен креативтілігі (шығармашылық ойлауы) тұр. Сын тұрғысынан ойлау – XXI ғасырдың заманауи тұлғасының маңызды интеллектуалдық дағдылары мен міндетті кәсіби сапаларының бірі болып табылады. Қарқынды өзгеріп жатқан ортаға икемделе алатын, стандартты емес шешімдер қабылдайтын, оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыратын мұғалім бүгінгі таңда білім беру реформаларын жүзеге асыратын басты тұлға ретінде қарастырылады (Cornish, 2024). Бұл үдеріс болашақ мамандардың кәсіби құзыреттерін жетілдірумен қатар, олардың ғылыми-ізденіс мәдениеті мен зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыруды талап етеді. Әсіресе педагог-психологтар үшін кәсіби-зерттеушілік ойлауды дамыту мәселесі айрықша өзекті, себебі бұл мамандық иелері білім беру үдерісінде тұлғаның психологиялық дамуын қамтамасыз етуге, білім беру алушылардың оқу-тәрбие үдерісінде тұлғаның психологиялық дамуын қамтамасыз етуге, білім алушылардың оқу, тәрбие үдерісіндегі мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеуге, педагогикалық жағдаяттарды талдауға және ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға міндетті. Заманауи білім беру кеңістігінде зерттеушілік ойлау – сындарлы талдау, жаңашыл идеялар құру, проблемаларды ғылыми тұрғыда шешу және алынған нәтижелерді тәжірибеде тиімді қолдану қабілеті ретінде қарастырылады. Осыған байланысты болашақ педагог-психологтардың кәсіби-зерттеушілік ойлауын қалыптастыру – жоғары оқу орындарының оқу тәрбие процесіндегі басым бағыттардың бірі болып табылады және білім беру сапасын арттырудың негізгі факторы ретінде айқындалады.

Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, «Ел экономикасын технологиялық жаңғырту жағдайында еңбек нарығына әмбебап құзыреттер жиынтығына ие, белсенді азаматтық ұстанымы бар, тұлғааралық дағдылары мен жүйелі ойлау қабілеті дамыған кадрлар керек» (Қазақстан Республикасында Білім беру, 2020). Яғни, ойлау қабілетін арттыру тек дарын ретінде ғана емес, сонымен қатар нормативтік құжаттарда бекітілген сапа көрсеткіші болып табылады. Сондай-ақ, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттерінің ішінде сыни ойлау, креативтілік және инновациялық қызметке бейімділік маңыздылығы «Педагог мәртебесі туралы ҚР Заңында», «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарында», «Педагогикалық білім беруді дамыту тұжырымдамасында», «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында», «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары туралы бұйрығында» және тағы басқа заңдық нормативтік құжаттарда айтылған.

Болашақ педагог-психологтардың зерттеушілік қызметке дайындығын арттыру өзекті болып табылады, себебі қазіргі даярлау үдерісінде психологиялық ресурстар жиі ескерілмейді, бұл педагогикалық және психологиялық білім беруде зерттеушілік қолдауды күшейту қажеттілігін туындатады. Осыған байланысты, зерттеу мақсаты –

болашақ педагог-психологтардың кәсіби-зерттеушілік ойлауын дамыту мәселелері мен оны шешу жолдарын анықтау.

Жалпы, кәсіби-зерттеушілік ойлау – бұл әр адамның жеке мүмкіндіктеріне байланысты болатын ерекшелік (Fedorov және басқалары, 2021). Бұл оның тәжірибесімен, өмір сүру жағдайымен, өмір сүру аймағымен, кейде қаржылық жағдайымен де ерекшеленеді. Дәл осындай негізгі әсер етуші факторлардың бірі оның мамандығы болып табылады. Мақаланың мақсаты – болашақ педагог-психологтардың кәсіби-зерттеушілік ойлауын дамыту мәселелері мен оны шешу жолдарын анықтау. Білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу жағдайында, құзыреттілікке бағытталған тәсілді негізге ала отырып, мұғалімдердің ойлау қабілеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту басты міндеттердің біріне айналуда. Бұл зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтады. Себебі, кәсіби-зерттеушілік ойлау бұл мұғалімнің жеке және кәсіби дамуына ғана емес, сонымен қатар білім беру үрдісінің сапасына тікелей әсер етеді. Оқушылардың дербестігін, бастамашылдығын және жаһандық тұрақсыздық пен ақпараттық қарқындылық жағдайында өмір сүруге дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдебиеттерге шолу

«Ойлау» қабілеті туралы алғашқы зерттеулердің бірі американдық ғалым Джон Дьюидің еңбектерінде кездеседі. Оның жұмыстарында кәсіби саладағы мәселені тұтас түсіну үшін жетіспейтін элементтерді іздеу, оларды рационалды талдау және біріктіруді көздейтін рефлексивті ойлау қабілеті деп түсіндіріледі (Cornish, 2024).

«Дельфи» жобасының аясында «кәсіби салада сын тұрғысынан ойлауды мақсатты, өзін-өзі реттей алатын пайымдау, оның нәтижесінде – интерпретация, талдау, бағалау және қорытынды жасау, сондай-ақ осы шешімге негіз болған дәлелдерге, ұғымдық, әдістемелік, өлшемдік немесе контекстуалдық пайымдарға түсініктеме беру» деген тұжырымдама қалыптасты (Peter, 2025).

Кәсіби ойлау мәселесі әртүрлі сала мамандарының арасында XX ғасырдың екінші жартысынан бастап белсенді түрде зерттеле бастады. Соның ішінде болашақ педагогтердің кәсіби-зерттеушілік ойлау қабілеті туралы шетелдік және отандық ғалымдардың көптеген еңбектері бар. Педагог-психологтардың кәсіби-зерттеушілік ойлау қабілетін мамандардың ойлау қабілетінің ерекше түрі ретінде Д.В. Вилькеев, М.М. Кашапов, А.К. Маркова, Л.Ф. Осипова зерттеді. Бұл зерттеулердің ортақ идеясы, педагогтың рефлексиясы сын тұрғысынан ойлау жеткілікті деңгейде дамығанда ғана тиімді болатынын көрсетті (Савина және басқалары, 2021; Сенина және басқалары, 2021).

Педагог-психологтардың кәсіби даярлаудағы ойлау мәселесіне баса назар аударған К.М. Романов өз еңбектерінде үлкен көңіл бөлді. Зерттеулеріне сәйкес, қазіргі білім беру жүйесінде басымдыққа ие дәстүрлі көзқарас, негізінен, болашақ маман үшін қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталғанымен, бүгінгі уақыт талабына олар жеткіліксіз. Себебі, бұл қабілет болашақ педагог-психолог үшін кәсіби міндеттерді қоя білу мен тиімді шешу үшін толық мүмкіндіктер бермейді. Оның пікірінше, қазіргі таңда кең қолданылатын дәрістер, семинарлар мен зертханалық жұмыстар студенттің кәсіби

ойлауын толыққанды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Тәжірибенің жетіспеушілігінен, ғылыми емес, нақты жағдайда тиісті психологиялық құбылыстарды бөліп көрсете алмайды және нақты шешім қабылдауда қиындықтарға ұшырайды (Романов, 2020). Осы мәселені, одан әрі зерттеумен А.А. Гопкало айналысты. Оның пікірінше, болашақ педагог-психолог үшін сабақтың практикалық бағытта бағытталуы, эмоция, ерік және таным секілді үдерістермен көбірек жұмыс жасап, олардың арасындағы байланыстылықты, мәнділікті ажыратып, көрсетіп үйрету маңызды болып табылады (Гопкала, 2003).

Кәсіби ойлауға талдау жасау қабілетінің бір бөлігі ретінде қарастыра отырып, С.В. Петрова, педагог-психологтың негізгі қабілетіне объектінің жалпыланған сипаттамасын жіктеп, бөліп қарастыра алу мүмкіндіктерінің маңыздылығын анықтады (Петрова, 2023). Сонымен қатар, қазіргі ғылыми жұмыстарда заманауи педагог-психологтың кәсіби ойлауын қалыптастыруды жоғары оқу орнының білім беру кеңістігінде бірқатар нақты міндеттермен байланыстырып зерттеді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, авторлар жоғары оқу орындары педагог-психологтарды дайындау барысында, студенттердің логикалық ойлау мәдениетін қалыптастыру, кәсіби-зерттеушілік дағдылармен қамтамасыз ету, теорияларды, ұғымдарды, заңдылықтарды нақты жағдайларға көшіруді үйрету мен олардың интуициясын дамыту бойынша жұмыс жасау керек деген тұжырымдама жасады (Alimova және басқалары, 2020; Abibulayeva және басқалары, 2023).

Қазақстандық зерттеушілер болашақ педагог-психологтардың метақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктерін зерттеді. Метақұзыреттілік – бұл заманауи білім беру тәжірибесіне енген құбылыс, болашақ мамандардың өзгермелі жағдайларда тиімді әрекет етуіне және білім беру ортасында күрделі тапсырмаларды шеше білуіне мүмкіндік беретін кәсіби дайындықтың құрамдас бөлігі. Бұл олардың тұлғалық және кәсіби өсуіне ықпал етіп, оқушылармен және әріптестерімен өзара әрекеттесуі мен жұмыс сапасының артуына септігін тигізеді. Зерттеушілердің пікірі бойынша, болашақ педагог-психолог өзінің күшті және әлсіз жақтарын анықтап, өзінің іс-әрекетін одан әрі жоспарлау үшін, рефлексия дағдыларын игеруі керек. Сонымен қатар, оларды дайындау үшін, рефлексиялық оқыту, кейс-әдістері, мәселелік оқыту, эмоционалдық интеллектіні дамыту үшін тренингтер қолдануды ұсынады (Макулова және басқалары, 2024).

Материалдар мен әдістер

Мақалада теориялық негізін анықтау үшін халықаралық индекстелген базалардағы, Scopus, Web of science сайттарындағы ғылыми мақалаларға талдау жасалды. Мақалада талдау, жалпылау және жекешелеу секілді әдістер қолданылды. Ғылыми талдау жасау деректер мен теориялық тұжырымдарды жүйелі түрде зерттеуге, педагогикалық-психологиялық еңбектерді салыстыра отырып, зерттеу объектісінің құрылымы мен мазмұнын ашуға мүмкіндік берді және де негізгі теориялық ұстанымдарды айқындады. Жалпылау әдісін қолдана отырып, ғылыми деректер мен тәжірибелік ақпараттарды біріктіріп, жүйелеп, олардың негізінде тұжырымдар жасауға қолданылды. Жекешелеу әдісі болашақ мамандардың кәсіби-зерттеушілік ойлау ерекшеліктерін жеке-жеке

талдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 2 (46,3%) және 3 (53,7%) курс студенттерінен, болашақ педагог-психологтардың кәсіби-зерттеушілік ойлауын дамыту ерекшеліктерін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама студенттердің кәсіби-зерттеушілік ойлауын дамыту деңгейін, ғылыми ізденіске деген қызығушылығын, зерттеу жүргізудегі қиындықтар мен қажеттіліктерді айқындау мақсатында жүргізілді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін бағалау үшін басқару мен жоспарлауда қолданылатын, зерттелетін элементтердің маңыздылығы бойынша жіктеуге арналған ABC-талдауы жасалды. Ол зерттеу барысында анықталған факторларды үш санатқа (A – жоғары маңыздылық, B – орташа маңыздылық, C – төмен маңыздылық) бөліп, болашақ педагог-психологтардың кәсіби-зерттеушілік ойлауына ықпал ететін негізгі маңызды аспектілерді айқындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Заманауи білім беру жүйесі болашақ педагог-психологтардан тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар зерттеушілік дағдылар мен шығармашылық ойлауды меңгеруді талап етеді. Педагогикалық мамандықтың ерекшелігі – үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік және білім беру жағдайларына бейімделу, әртүрлі педагогикалық жағдайларда тездетілген шешім қабылдау қажеттілігімен сипатталады. Болашақтағы педагогикалық психология саласындағы зерттеулер білім беру үдерісіне заманауи технологияларды, нейроәртүрлілік пен білім алушылардың әртүрлі оқу қажеттіліктерін қолдау, инновациялық тәсілдерді дамыту және білім беру жүйесіндегі кешенді мәселелерді деректерге негізделген модельдер арқылы шешуге бағытталған болады. Болашақ мамандар өзгермелі білім беру ландшафтында тиімді қызмет атқару үшін деректерді талдау, жасанды интеллектіні (AI) этикалық тұрғыдан қолдану және ғылыми-зерттеу жүргізу құзыреттерін меңгеруі қажет. Бұл бағыттар білім алушылардың барлығына қолайлы, инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Ғылыми зерттеулерге негізделе отырып, болашақтағы білім беру кеңістігінде белсенді қолданылатын зерттеу және кәсіби даму бағыттары: технология және жасанды интеллект, нейроәртүрлілік және оқу қажеттіліктерінің көптүрлілігі, инновация және көшбасшылық, жүйелік және экологиялық тәсілдер, дәлелдерге негізделген практика.

Технология және жасанды интеллект – психологиялық-педагогикалық зерттеулер жасанды интеллект және деректерді талдау құралдарының білім беру практикасына тиімді енгізуге бағытталады. Негізгі назар оқу жетістіктерін арттыру, студенттердің психологиялық қолдау жүйесін жетілдіру және цифрлық технологияларды қолданудың этикалық аспектілерін айқындауға аударылады.

Нейроәртүрлілік және оқу қажеттіліктерінің көптүрлілігі болашақтағы дислексия, зейін ауытқуы және гипербелсенділік синдромы сияқты нақты оқу ерекшеліктері мен интеллектуалдық даму бұзылыстары бар білім алушыларды қолдауға арналған ғылыми дәлелденген, инклюзивті психологиялық-педагогикалық стратегиялар әзірленеді.

Инновация және көшбасшылық болашақ педагог-психологтардың инновациялық басқару қабілеттерін қалыптастыруға бағытталады. Бұл – жаңашылдық, бейімделгіш

басқару, өзгерістерді тиімді басқару және білім беру үдерісін жаңғырту дағдыларын дамыту арқылы іске асады.

Жүйелік және экологиялық тәсілдер білім беру жүйесін тиімді ұйымдастыру, психологиялық қызмет ресурстарын оңтайлы бөлу және білім беру үдерісіне әсер ететін әлеуметтік-психологиялық факторларды кешенді зерттеу негізгі міндеттердің бірі болады. Экологиялық (жүйелік-интерактивті) тәсіл тұлға, орта және біілім беру жүйесі арасындағы өзара әрекеттестікті ескере отырып, барша білім алушылардың жетістігін арттыруға бағытталады.

Дәлелдерге негізделген практика болашақ педагог-психологтардың кәсіби ойлауы ғылыми негізделген, практикаға бағытталған зерттеуге сүйенеді. Бұл жоғары қабілетті білім алушыларды қолдау, білім беру саясатының әсерін бағалау және психологиялық-педагогикалық интервенциялардың тиімділігін арттыруды қамтиды.

Кәсіби-зерттеушілік ойлау – бұл болашақ маманның педагогикалық және психологиялық үдерістерін терең түсініп, оларды сыни тұрғыдан талдай отырып, тиімді шешімдер табуға бағытталған ойлау қабілеті. Болашақ педагог-психологтардың ойлау қабілеті мәселесін зерттеу барысында ең маңызды бағыттардың бірі – психологиялық ойлау жіктемесін қарастыру болып табылады. Жалпы психологиялық әдебиеттердегі ойлау жіктемесін формасы, сипаттамасы, шығармашылық құрамдас бөліктері, жаңалығы мен ерекшеліктері бойынша бөлуге болады. Қазіргі білім беру жүйесі үздіксіз өзгеріс үстінде және заманауи білім беру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби-зерттеушілік ойлау қабілеттін арттыруда 1 кестедегі жіктеменің – барлығын бірден қолдану, яғни жалпы құзыреттілікке негізделген тәсілдің рөлі ерекше екенін көруге болады. Сондықтан болашақ педагог-психологтарды тиімді даярлау үшін білім беру талаптарын қайта қарастырып, заманауи талаптарға сай жағдай жасау қажет (1-кесте).

1-кесте. Психологиялық ойлау жіктемесі

Жіктемесі	Түрлері
Формасы	Көрнекі қимылдық ойлау, көрнекі бейнелік ойлау, логикалық ойлау
Қарастырылатын сұрақтар сипаттамасы	Теориялық, тәжірибелік
Шығармашылық құрамдас бөліктері	Конверггенттік, дивергенттік
Жаңашылдығы мен ерекшелігі	Репродуктивті, продуктивті

Бүгінде педагог-психологтың кәсіби даярлығына қойылатын талаптар теориялық біліммен ғана шектелмей, әртүрлі кәсіби жағдайларда тиімді жұмыс істей алатын практикалық дағдыларды да қамтиды. Заманауи педагог-психологтарға қойылатын талаптардың ішінде құзыреттілікке негізделу, яғни коммуникативтік, диагностикалық, кеңес беру және түзету құзыреттеріне ие болуы керек.

Сонымен қатар пәнаралық байланыс, нейропсихология, киберпсихология және акпараттық қауіпсіздік негіздерін меңгеруі тиіс. Заманауи педагог-психолог цифрлық технологияларды қолдану, онлайн кеңес беру, оқушының мінез-құлқын сараптау технологияларын игеруі маңызды болып табылады. Ол үшін болашақ педагог-психологтарды даярлауда, инновациялық білім беру ортасы, практикаға бағытталған

оқыту, студенттердің психологиялық қауіпсіздігі мен инклюзивтілігі секілді жағдайларды қамтамасыз ету талап етіледі.

Мақаланың мақсатына сәйкес, болашақ педагог-психологтардың кәсіби-зерттеушілік ойлауын дамыту мәселелерін анықтау мақсатында Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 2 (46,3%) және 3 (53,7%) курс студенттерінен, болашақ педагог-психологиялық кәсіби-зерттеушілік ойлауын дамыту ерекшеліктерін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері студенттердің зерттеушілік ойлау ұғымына деген көзқарасын, зерттеушілік әрекетке деген қызығушылығын, сондай-ақ осы дағдыларды қалыптастыру мен дамытуда кездесетін қиындықтарды айқындауға бағытталды. Жиналған деректер болашақ мамандардың кәсіби-ойлау қабілетін арттырудағы кедергілерді анықтауға, мәселелерін шешуге негіз болады.

Алғашқы сұрақтар ойлау және зерттеушілік ойлау ұғымдарына студенттердің түсінігін анықтауға бағытталды. Жауап нәтижелеріне қорытынды тұжырымдаманы келесідей топтарға біріктіруге болады, «Ойлау» дегеніміз:

1. Ақпаратты өңдеу, салыстыру, қорыту, шешім шығару;
2. Логикалық, талдаушы, шығармашылық қызмет;
3. Дүниені саналы түрде тану мен өзгерту құралы.

Студенттердің жауаптарынан «зерттеушілік ойлау» түсінігінде келесідей ортақ белгілер байқалады: сұрақ қоя білу және дәлелмен жауап іздеу, мәселені терең түсіне отырып, сыни тұрғыдан қарау, ақпаратты жинап, талдау, болжау және тұжырым жасау. Бұл жалпы студенттердің танымдық және аналитикалық ойлау процестерін жақсы түсінетінін, теориялық білімді жақсы меңгергенін анықтауға мүмкіндік берді.

Келесі сауал, студенттердің зерттеушілік әрекетке қызығушылық деңгейін анықтауға бағытталды. Сауалнама жауаптарына сәйкес студенттердің 85% маңызды әрі қызықты деп бағалап, өзін-өзі дамыту, білімді тереңдету, кәсіби құзыреттілікті арттыру құралы ретінде көреді. Ал, кей студенттерде мотивацияның төмендігі салдарынан «тек қажет жағдайда» қатысу ниеті байқалады.

Кәсіби-зерттеушілік ойлауды дамыту тәсілдерін анықтауға бағытталған сұрақта студенттер келесі әдіс-тәсілдерді ұсынды:

– нақты өмірлік мәселелерге негізделген зерттеулерді қамтитын жобалық және практикалық жұмыстар;

– өз көзқарастарын дәлелдеуге мүмкіндік беретін пікірталастар мен интерактивті сабақтар ұйымдастыру;

– тәжірибелі оқытушылардың қолдауы, яғни ғылыми жетекшілік пен менторлық жұмыстарды ұйымдастыру;

– марапаттар, гранттар мен стипендиялар арқылы ынталандыру жүйесін арттыру.

Студенттердің пікірі бойынша, бүгінгі таңдағы педагог-психологтардың зерттеуі үшін өзекті тақырыптар: жасөспірімдер арасындағы суицид себептері, буллинг және кибербуллингтің психологиялық салдары, оқушылардың оқу мотивациясының төмендеуі, эмоциялық тұрақтылық пен күйзелісті жеңу әдістері, цифрлық технологиялардың білім сапасына әсері. Бұл жауаптар студенттердің Қазақстан аумағындағы жалпы психологиялық мәселелерге қызығушылықтың жоғары деңгейде

екенін көруге болады. Себебі бұл тақырыптар Қазақстан үшін өте өзекті болып табылады. Алайда, халықаралық және жаһандық мәселелерге, миграция, климаттық, экологиялық өзгерістердің, мемлекеттің әлеуметтік салаларды қолдауының (денсаулық сақтау, өмір сүру сапасын арттыру, жұмыспен қамту) халықтың психологиялық жағдайына әсері секілді мәселелерге назар аударылмайтындығы анықталды.

Жалпы зерттеушілік қызығушылығын анықтау мақсатында, ғылыми зерттеуге қатысу тәжірибесі мен ниеті бойынша сұрақ қойылды. Сауалнама жауаптарына сәйкес, 94% студенттер бұрын сауалнама, ғылыми жоба, мақала, кейс-талдау жұмыстарына қатысқан және алдағы уақытта зерттеуге қатысуға дайын екенін білдірді. Студенттердің 4,3% әлі зерттеу жұмысына қатыспаған, алайда болашақта дайын екенін көрсетсе, қалған 1,7% студенттер зерттеу жұмыстарына қатысуға қызығушылығы жоқ екенін көрсетті. Сонымен қатар, студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуында кездесетін қиындықтар мен кедергілер ретінде келесі жағдайларды атады: уақыт тапшылығы, мотивацияның төмендігі, зерттеу әдістемесін білмеуі, қазақ тіліндегі сапалы ғылыми материалдардың жетіспеуі мен ғылыми жетекшілік тапшылығы.

Сауалнамаға қатысушылар «ойлау» ұғымын саналы, жүйелі және мақсатты танымдық әрекет ретінде сипаттайды. Көптеген респонденттер ойлауды ақпаратты өңдеу, салыстыру, қорытынды жасау, шешім қабылдау және жаңа идеялар табу процесімен байланыстырады. Бұл олардың когнитивтік процестерді түсіну деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Зерттеушілік ойлауға келсек, студенттер оны мәселені тереңірек түсіну, сұрақ қою, дерек жинау, салыстыру, талдау және қорытынды жасау дағдыларымен байланыстырады. Олар зерттеушілік әрекетті тек академиялық салада ғана емес, күнделікті өмірде де маңызды дағды ретінде қарастырады. Бұл болашақ мамандардың зерттеуге бейімділігі мен қызығушылының бар екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, зерттеушілік әрекетке қатысу көптеген студенттер үшін маңызды әрі қызықты болып табылады. Олардың басым бөлігі ғылыми жобалар мен мақалалар жазуға, сауалнама жүргізуге, практикалық ізденістерге оң көзқарас танытады. Алайда, нақты зерттеу жұмыстарына қатысқан студенттер саны шектеулі, бұл тәжірибенің аз екендігін көрсетеді. Студенттердің көзқарасы бойынша, кәсіби-зерттеушілік ойлау қабілетін дамыту үшін ұсынған әдістері арасында практикалық жобалар, пікірталастар, ғылыми жобалардың көп болуы мен қолайлы зерттеу ортасын құру және мотивациялау құралдарын арттыру секілді әдістер жиі кездесті. Бұл ұсынылған әдістер, студенттердің кәсіби-зерттеушілік қызметпен айналысуына кедергі болатын факторлармен, яғни мотивацияның төмендігі, әдістемелік білім базасының және қолайлы жұмыс ортасының жоқ болуымен байланысты.

Сауалнамаға талдау жасай келе, заманауи білім беру кеңістігінде кәсіби-зерттеушілік ойлауды дамыту үшін төмендегі бағыттарды басшылыққа алу қажет:

– Білім алушылардың логикалық, сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын жүйелі дамыту;

– Зерттеушілік тапсырмалар мен жобаларды оқу процесіне енгізу;

– Практикалық және зертханалық сабақтарды мәселелік оқыту элементтерімен толықтыру;

– Болашақ мамандардың педагогикалық жағдаяттарды талдау мен ғылыми негізде шешу дағдыларын жетілдіру;

– Оқыту процесінде рефлексия мен өзіндік бағалау механизмдерін қолдану.

Анықталған бағыттар бойынша ABC талдау жүргізіп, оның маңыздылық деңгейіне бағалау жасасақ (2-кесте).

2-кесте. Заманауи білім беру жағдайында ойлау қабілетін дамыту бағыттарына ABC талдау мен негіздемесі

№	Бағыттар	Маңыздылық дәрежесі	Негіздемесі
1	Білім алушылардың логикалық, сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын жүйелі дамыту;	A	Зерттеушілік ойлаудың негізі болып табылады және кәсіби-зерттеушілік іс-әрекеттің негізі болып табылады.
2	Зерттеушілік тапсырмалар мен жобаларды оқу процесіне енгізу;	A	Тікелей зерттеу дағдыларын қалыптастырады, практикалық тәжірибе арқылы зерттеушілік ойлауды дамытады.
3	Практикалық және зертханалық сабақтарды мәселелік оқыту элементтерімен толықтыру;	B	Зерттеу процесіне жанама түрде ықпал етеді, нақты мәселелермен жұмыс істеуге үйретеді.
4	Болашақ мамандардың педагогикалық жағдаяттарды талдау мен ғылыми негізде шешу дағдыларын жетілдіру;	A	Бұл нақты кәсіби-зерттеушілік тапсырмаларды шешуге бағытталған негізгі компонент болып табылады.
5	Оқыту процесінде рефлексия мен өзіндік бағалау механизмдерін қолдану.	B	Қосалқы құрал ретінде зерттеушілік ойлауды тереңдетеді, бірақ басқа факторларға жанама рөл атқарады.

Ескерту: *авторлармен құрастырылған*

Зерттеушілік ойлаудың негізі мен тікелей дамуына ықпал ететін А санатындағы көрсеткіштерге 1,2,4 бағыттар, ал В санатында 3 және 5 бағыттар қолдаушы және көмекші сипатта. Бұл талдауда С санатындағы бағыттар жоқ, себебі, аталған барлық бағыттар зерттеушілік ойлауды дамытумен тікелей байланысты.

Педагог-психологтың кәсіби-зерттеушілік ойлауын дамыту – оның болашақ кәсіби қызметінде табысты болуының кепілі. Мұндай қабілетінің қалыптасуы маманның инновациялық білім беру ортасында белсенді және жауапты тұлға ретінде жұмыс істеуіне жол ашады. Зерттеу нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік бөлімін байланыстыра отырып, қорытынды жасайтын болсақ:

– педагогикалық үдерістің мазмұнына психологиялық-педагогикалық білімдердің теориялық негіздерін студенттердің саналы түрде меңгеруіне барынша мүмкіндік беретін құрылымды енгізу, бұл зертханалық-практикалық жұмыстар мен жаттығуларды стандарттыдан шығармашылық тапсырмаларға дейін түрлендіру арқылы жүзеге асырылады.

– Әрбір студенттің белсенділігін арттыру және оларды кәсіби міндеттерді талдау мен нақты практикалық жағдайларды шешу үдерісіне тарту.

– Кәсіби білім беру тәжірибесіне белсенді және интерактивті оқыту формалары мен әдістерін енгізу.

– Студенттердің кәсіби ойлауының негізгі сипаттамаларының қалыптасу деңгейіне бағалау критерийлерін қолдану.

Осылайша, қазіргі заманғы қоғам тұлғаны әлеуметтік және өзін-өзі дәлелдеуге итермелейді, бұл оның белсенді өмірлік ұстанымын талап етеді. Заманауи құзыреттілікке негізделген білім беру парадигмасы білім алушылардың жеке тұлғалық дамуына және олардың жалпы мәдени және кәсіби құзыреттер жүйесін меңгеруге бағытталған, ал мұның негізі – кәсіби ойлау болып табылады.

Кәсіби-зерттеушілік ойлау болашақ педагог-психологтың ғылыми негізделген шешімдер қабылдау, педагогикалық үдерістегі күрделі жағдайларға талдау жасау, дәлелді болжамдар мен ұсыныстар әзірлеу қабілеттерінің қалыптасуымен тікелей байланысты. Мұндай ойлау стилі маманның кәсіби дамуда тұрақты өзін-өзі жетілдіруіне инновациялық технологияларды меңгеруіне және білім беру ортасындағы өзгерістерге жылдам бейімделуіне мүмкіндік береді. Бұл, білім беру жүйесінің жаһандану жағдайында сұранысқа ие әмбебап және стратегиялық маңызды құзырет.

Зерттеу нәтижелері педагог-психологтарды даярлау барысында зерттеушілік әрекеттерді жүйелі түрде енгізудің маңыздылығын дәлелдейді. Бұл, ең алдымен оқу үдерісінде зерттеушілік міндеттерді орындауға бағытталған тапсырмаларды көбейту, мәселелік оқыту әдістерін пайдалану, рефлексивті талдауды қалыптастыру және студенттердің шығармашылық әлеуетін ашу арқылы жүзеге асырылады. Практика мен теорияның өзара байланысы болашақ мамандардың кәсіби икемділігін арттырып, көптеген педагогикалық жағдаяттарды ғылыми тәсілмен шешу қабілетін дамытады.

Сонымен қатар, кәсіби-зерттеушілік ойлауды дамыту білім беру саласындағы жаңа тенденцияларды, инновациялық әдіс-тәсілдерді және психологиялық-педагогикалық технологияларды тиімді қолдануға жағдай жасайды. Бұл педагог-психологтың кәсіби рефлексиясын күшейтіп, оның қабылдайтын шешімдерінің дәлілділігі мен сапасын арттырады. Демек болашақ мамандардың кәсіби дайындығын зерттеушілік бағытта жетілдіру – білім беру сапасын арттырудың, білім алушылардың әлеуетін ашудың және қоғам сұранысына сай бәсекеге қабілетті кадрлар даярлаудың негізгі тетіктерінің бірі болып табылады.

Қорытындылай келе кәсіби-зерттеушілік ойлауы қалыптасқан педагог-психолог – тек білім беруші ғана емес, сонымен бірге талдаушы, кеңесші, ғылыми ізденуші және білім беру кеңістігінде инновация енгізуші тұлға. Сондықтан зерттеу нәтижелері болашақ мамандардың кәсіби даярлығында жүйелі зерттеушілік құзыреттерді дамытудың стратегиялық маңыздылығын көрсетеді және бұл бағытта білім беру бағдарламаларын жетілдіру қажеттілігін айқындайды.

Қорытынды

Заманауи білім беру жүйесі болашақ педагог-психологтардың кәсіби-зерттеушілік ойлауын қалыптастыруды стратегиялық міндеттердің бірі ретінде қарастырады. Бұл құзырет мамандардың теориялық білімін терең меңгеруімен қатар, практикалық

жағдаяттарды ғылыми тұрғыдан талдау, дәлелді шешім қабылдау, инновациялық тәсілдерді қолдану және білім беру ортасындағы өзгерістерге бейімделу қабілеттерін қамтиды.

Жүргізілген талдау нәтижелері білім алушылардың логикалық, сыни және шығармашылық ойлауын дамыту, зерттеу тапсырмалары мен жобаларды оқу үдерісіне енгізу, мәселелік оқыту элементтері бар практикалық жұмыстарды ұйымдастыру, рефлексия механизмдерін қолдану сияқты бағыттардың кәсіби-зерттеушілік ойлауды қалыптастыруда маңызды орын алатынын көрсетті. АВС-талдау нәтижесінде негізгі дамытушы факторлар анықталып, олардың маңыздылық деңгейі сараланды.

Жалпы алғанда студенттерге зерттеушілік ойлау қабілетінің негіздері қаланған және олар бұл бағытқа қызығушылық танытады. Дегенмен практикалық тәжірибе мен әдістемелік қолдаудың жеткіліксіздігі, сондай-ақ кейбір инфрақұрылымдық кедергілер олардың әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік бермейді. Сауалнама нәтижелерін қорытындылай келе, болашақ педагог-психологтарда зерттеушілік ойлау түсінігі мен оған деген жоғары қызығушылықтың бар екенін көруге болады. Алайда зерттеу үдерісінде жүйелі қолдау, сапалы ресурстар мен мотивациялық механизмдердің жетіспеушілігі кәсіби ғылыми-зерттеушілік қабілетін дамытуға кедергі келтіруде. Сондықтан зерттеушілік ойлауын дамыту мақсатында олардың қызығушылығын жүйелі қолдаумен ұштастыру қажет. Оқу орнында зерттеу әдістері бойынша арнайы курстар ұйымдастыру, психологиялық зерттеулерге арналған «қазақ тілді» материалдар базасын жетілдіру, жобалық оқыту әдістерін оқу процесіне енгізу. Ал, студенттер үшін уақытты тиімді жоспарлау, әр тапсырмаға «ғылыми» көзқарасты жетілдіру, ғылыми үйірмелерге қатысу белсенділігін арттыру ұсынылады.

Қорытындылай келе, болашақ педагог-психологтардың кәсіби-зерттеушілік ойлауы оның кәсіби жетістігінің, инклюзивті және инновациялық білім беру ортасында тиімді жұмыс істеудің негізгі алғышарты. Ал зерттеушілік мәдениеті дамыған маман – тек білім беру процесінің орындаушысы емес, білім беру кеңістігінде ғылыми негізделген шешімдер қабылдай алатын, озық тәжірибені енгізетін, шығармашылық және кәсіби белсенді тұлға.

Авторлардың қосқан үлесі:

Адасканова Ж.К. – түпнұсқа қарапайым нұсқасын жазу, әдістеме, визуализация, редакциялау.

Молдасан К.Ш. – формалды талдау, әдістеме, редакциялау және сыни шолу.

Махамбетова Ж.Т. – зерттеудің тұжырымдамасын жасау, редакциялау және сыни шолу.

Айлауова Ж.С. – АВС-талдауды жүргізу, редакциялау.

Әдебиеттер тізімі

Гопкала, А. А. (2003) Динамика структуры и содержания субъективной модели профессии психолога на разных этапах профессиональной подготовки. Қолжетімді: http://irbis.gnpbu.ru/Aref_2003/Gopkalo_A_A_2003.pdf (Қол жеткізілген күні: 28 мамыр 2025).

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2020). Қол жетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988 (Қол жеткізілген күні: 11 мамыр 2025).

Макулова, А., Усенова А., Исабаева, А., Мырзабеков, Е., Мамадалиев, С. (2024) «Психологические особенности формирования метакомпетентности будущих педагогов-психологов», Вестник КазНПУ имени Абая. Психология, 80(3). https://doi.org/10.51889/2959-5967.2024.80.3.017.

Петрова, С. В. (2023) «Проблема активизации познавательной деятельности учащихся в педагогической науке», Образовательный альманах, 1(63), б. 41–43. Қолжетімді: https://f.almanah.su/2023/63-2.pdf (Қол жеткізілген күні: 29 мамыр 2025).

Романов, К. М. (2020) Развитие креативности школьников, Педагогика и психология образования, (2), с. 161–175.

- Insufficient attention from teachers to motivating pupils toward developing an information culture;

- Poorly organized, purposeful communication among participants in the pedagogical process within a unified school information environment;

- Limited preparation and pedagogical application of information products in achieving educational objectives;

- Insufficient focus on organizing pupils' activities and communication through the active development of online education systems.

Consequently, the current practice of IT-based learning in schools does not provide an adequately effective pedagogical focus.

Formative Stage of the Pedagogical Experiment: During the formative stage, a specially designed methodology for educating early-adolescent pupils through IT-integrated learning was implemented in the experimental groups. In the control groups, IT-based pedagogical objectives in classroom activities were pursued using conventional teaching methods.

The methodology applied in the experimental groups comprised the following organizational and methodological measures:

1) Fostering pupils' value-oriented attitudes toward the means and potential of educational informatization;

2) Stimulating and motivating the development of pupils' information culture;

3) Harnessing the positive potential of information flows and media resources while fostering defense mechanisms against their negative influences;

4) Organizing purposeful interaction among participants in the pedagogical process when using IT in learning;

5) Structuring, managing, and modernizing the pedagogical work of the school through the use of information resources;

6) Developing and applying educational information products both in the classroom and in extracurricular pedagogical activities;

7) Facilitating pupil engagement and communication through the active development of online education systems.

These measures were implemented during computer science lessons, subject lessons in the natural sciences, and elective and extracurricular club activities, thereby reinforcing the pedagogical orientation of IT use in the learning process.

Table 4 presents comparative data from the verification and formative stages of the pedagogical experiment, aimed at assessing the effectiveness of the proposed pedagogical conditions and the technique for enhancing the pedagogical orientation of IT integration in the learning process.

The results of the formative stage indicate a substantial improvement in the level of educational attainment among pupils in the experimental groups compared with those in the control groups. Specifically, by the end of the experiment, the proportion of pupils achieving a high level of education based on IT use in learning was 24.7% in the experimental groups, compared with only 2.1% in the control groups.

Similarly, the proportion of pupils attaining a sufficient level of educational achievement in the experimental groups increased to 39.6%, while in the control groups this figure was only 18.3%.

In contrast, the proportion of pupils with medium and low levels of educational attainment was markedly lower in the experimental groups (27.4% and 8.3%, respectively) compared with the control groups (48.3% and 31.3%, respectively).

Table 4. Comparative data on the levels of pupils' educational attainment in the learning process based on IT

Groups Levels	Control group		Experimental group	
High	–	2,1%	–	24,7%
Sufficient	17,3%	18,3%	16,6 %	39,6%
Medium	47,3%	48,3%	42,8%	27,4%
Low	35,4%	31,3%	45 %	8,3%

These findings demonstrate clear quantitative and qualitative improvements in the educational attainment of pupils in the experimental groups, confirming the pedagogical effectiveness of IT integration in the learning process (Figure 3).



Figure 3. Comparative data on the level of pupils' learning in the learning process based on IT

Conclusion

Overall, the results of the pedagogical experiment demonstrated the effectiveness of the identified pedagogical conditions and the techniques developed on their basis for educating early-adolescent schoolchildren through the use of IT in the learning process.

The approach formulated in this study fostered students' value-oriented attitudes toward IT as a tool for personal development and enhanced their pedagogical engagement. It also contributed to the development of individual "defense mechanisms" against the negative influence of information flows from the Internet that affect children's consciousness and behavior. A general improvement in students' information culture was observed.

Furthermore, computer technologies became an effective means of organizing teachers'

pedagogical activities and facilitating students' self-directed learning. Information technology was thus elevated to the status of a key procedural component within the pedagogical system of secondary school education.

Funding

The authors state that the study did not receive financial support from any government, commercial, or non-profit organizations.

Acknowledgements

The authors express their gratitude to the school administration, teachers and students for support and participation during the study.

Conflict of interest

The authors confirm that there are no potential or actual conflicts of interest related to this study.

Contribution of the authors:

Almetov N.S. – was responsible for the concept of the research work.

Zhorabekova A.N. – was responsible for coverage and systematization on the chosen topic.

Yessimgaliyeva T.M. - developed a detailed plan for data collection and selection of analysis methods.

Abilkhairova Z.A. – organized and conducted the main experiment as part of the study, and was responsible for data collection and processing.

Yerekhanova F.T. – described the research methods, a significant contribution to the concept or design of work; collection, analysis and interpretation of the results of the work.

References

Akram, H., Abdelrady, A.H., Al-Adwan, A.S. and Ramzan, M. (2022) 'Teachers' Perceptions of Technology Integration in Teaching-Learning Practices: A Systematic Review', Front. Psychol., 13, Article 920317. https://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.920317

Avezova, K., Kozibay, A., Bayzakova, Y., Zhumagalieva, Z. and Tuken, M. (2024) 'The use of modern information and communication technologies in the educational process', Scientific Herald of Uzhhorod University. Series Physics, 55, pp. 345-354. https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.34hc5

Ayyildiz, P., Yilmaz, A. and Baltaci, H.S. (2021) 'Exploring digital literacy levels and technology integration competence of Turkish academics', International Journal of Educational Methodology, 7(1), pp. 15-31. https://doi.org/10.12973/ijem.7.1.15

Chen, S.Y., Hung, C.Y., Chang, Y.C., Lin, Y.S. and Lai, Y.H. (2018) 'A study on integrating augmented reality technology and game-based learning model to improve motivation and effectiveness of learning English vocabulary', 2018 1st international cognitive cities conference (IC3) Proceedings, pp. 24–27. https://doi.org/10.1109/IC3.2018.00015

Liu, Z., Kong, X., Liu, S., Yang, Z., and Zhang, C. (2022) 'Looking at MOOC discussion data to uncover the relationship between discussion pacings, learners' cognitive presence and learning achievements', Education and Information Technologies, 27, pp. 8265–8288. https://doi.org/10.1007/s10639-022-10943-7

Liu, Z., Zhang, N., Peng, X., Liu, S., Yang, Z., Peng, J., et al. (2021) 'Exploring the relationship between social interaction, cognitive processing and learning achievements in a MOOC Discussion Forum', Journal of Educational Computing Research, 60(1), pp. 132-169. https://doi.org/10.1177/0735633121102730

Mtebe, J.S. and Raphael, C. (2018) 'Eliciting In-service Teachers' Technological Pedagogical Content

Knowledge for 21st-Century Skills in Tanzania', Journal of Learning for Development, 5(3), pp. 263-279. https://doi.org/10.56059/jl4d.v5i3.288

Shanmugam, K. and Balakrishnan, B. (2019) 'Motivation in Information Communication and Technology-Based Science Learning in Tamil Schools', Jurnal Pendidikan IPA Indonesia, 8(1), pp. 141-152. https://journal.unnes.ac.id/nju/index.php/jpii/article/view/16564

Solar, M., Sabattin, J. and Parada, V. (2013) 'A Maturity Model for Assessing the Use of ICT in School Education', Educational Technology and Society, 16 (1), pp. 206–218.

Sumardi, L., Rohman, A. and Wahyudiati, D. (2020) 'Does the Teaching and Learning Process in Primary Schools Correspond to the Characteristics of the 21st Century Learning?', International Journal of Instruction, 13(3), pp. 357-370. https://doi.org/10.29333/iji.2020.13325a

Vásquez-Pajuelo, L., Rodriguez-Barboza, J.R., Bartra-Rivero, K.R., Quintanilla-Alarcón, E.A., Vega-Jaime, W. and Chavarri-Joo duardo, F. (2024) 'Digital Challenges: The Need to Improve the Use of Information Technologies in Teaching', Data and Metadata, 3, Article 216. https://doi.org/10.56294/dm2024216

Warschauer, M. (2002) 'Reconceptualizing the Digital Divide', First Monday, 7(7). https://doi.org/10.5210/fm.v7i7.967

Абубаева А. (2006) «Электронды оқулықтарды пайдалану», Информатика негіздері, 4, 5-7.

Алметов Н.Ш. и Молдашова Г. (2014) «Воспитание учащихся в информационно-образовательной среде школы», The way Science, 1, 159-162.

Буланова-Топоркова М.В. и др. (2002) Педагогические технологии. Ростов–на-Дону: Изд. Центр «МарТ».

Коротенков Ю.Г. (2005) Информационная образовательная среда основной школы. Москва: Академия.

Кукушкин В.С. (2002) Теория и методика воспитательной работы. Ростов на Дону: Феникс.

Селиванов Н.Л. (2008) «Роль компьютера как творческого инструмента в процессе социализации современного подростка», Педагогика искусства: сетевой журнал, 4.

Тевс Д.И., Подковырева В.Н. и др. (2006) Использование современных информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе. Барнаул: БГПУ.

Щуркова Н.Е. (2000) Классное руководство: теория, методика, технология. Москва: Педагогическое общество России.

Н.С. Алметов[1], А.Н. Жорабекова*[1], Т.М. Есимғалиева[2], Ж.А. Абилхаирова[3], Ф.Т. Ереханова[4]

[1] М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
[2] Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан
[3] Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
[4] Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

Білім беруде ақпараттық технологияларды пайдаланудың педагогикалық бағыты: Қазақстан тәжірибесі

Аңдатпа. Білім берудегі ақпараттық технологиялардың интеграциясы кең мағынада балаларды ақпараттық қоғамға үйлесімді енгізуге ықпал етуді көздейді. Бұл процесс білім беру (тәрбие) және дамыту мақсаттарын біріктіруді талап етеді. Ақпараттық технологиялар бүгінде тек көмекші педагогикалық құралдар ғана емес, мектептің оқу-тәрбие процесінің ажырамас

бөлігіне айналды. Алайда, іс жүзінде компьютерлік құралдар мен цифрлық технологияларды негізінен мектептен тыс балалар игереді және негізінен ойын-сауық және ойын-сауық мақсатында қолданылады. Олардың балалар мен жасөспірімдердің санасы мен мінез-құлқына теріс әсері барған сайын байқалады. Жастардың цифрлық технологияларға деген шамадан тыс қызығушылығы әрқашан білім беру және дамыту мақсаттарына қол жеткізуге тиімді бағыттала бермейді. Сондықтан ақпараттық технологияларды оқушылардың адамгершілік және тұлғалық дамуына бағдарлау өзекті педагогикалық міндет болып табылады. Бұл мақаланың мақсаты – мектептің педагогикалық процесінде ақпараттық технологияларды қолданудың білім беру бағытын күшейту жолдары қарастыру. Ақпараттық технологияларды қолдана отырып, білім беруге бағытталған оқытудың мәні мен ерекшеліктері анықталды және олардың негізінде білім беру қызметінің моделі ұсынылды. Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінің озық педагогикалық тәжірибесін талдау негізінде автор педагогикалық жағдайларды анықтайды. Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінің озық педагогикалық тәжірибесін талдау негізінде автор оқытудың білім беру мақсаттарын іске асыруға ақпараттық технологиялардың тиімді интеграциялануын қамтамасыз ету үшін қажетті педагогикалық жағдайларды анықтайды. Мақалада ақпараттық технологияларды қолданудың білім беру бағытын арттырудың авторлық әдістемесі ұсынылған және оны практикалық қолдану нәтижелері келтірілген.

Түйін сөздер: білім беру, ақпараттық технологиялар (АТ), педагогикалық бағыт, мектеп, балалар, жасөспірімдер.

Н.С. Алметов[1], А.Н. Жорабекова*[1], Т.М. Есимғалиева[2], Ж.А. Абилхаирова[3], Ф.Т. Ереханова[4]

[1] Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
[2] Казахская академия спорта и туризма, Алматы, Казахстан
[3] Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан
[4] Центрально-Азиатский инновационный университет, Шымкент, Казахстан

Педагогическая направленность использования информационных технологий в образовании: опыт Казахстана

Аннотация. Интеграция информационных технологий в образование в широком смысле предполагает содействие гармоничному включению детей в информационное общество. Этот процесс требует объединения образовательных (воспитательных) и развивающих целей. Информационные технологии сегодня уже не просто вспомогательные педагогические средства, а стали неотъемлемой частью учебно-воспитательного процесса школы. Однако на практике компьютерные средства и цифровые технологии преимущественно осваиваются детьми вне школы и применяются в игровых и развлекательных целях. Всё чаще наблюдается их негативное влияние на сознание и поведение детей и подростков. Чрезмерный интерес молодёжи к цифровым технологиям не всегда эффективно направлен на достижение образовательных и развивающих целей. Поэтому ориентация использования информационных технологий на нравственное и личностное развитие школьников является актуальной педагогической задачей. Целью данной статьи является рассмотрение путей усиления образовательной направленности использования информационных технологий в педагогическом процессе школы. Определены сущность и особенности образовательно-ориентированного обучения с использованием

информационных технологий и предложена модель образовательной деятельности на их основе. Анализ передового педагогического опыта общеобразовательных школ Казахстана позволил выявить педагогические условия, необходимые для обеспечения эффективной интеграции информационных технологий в реализацию образовательных целей обучения. В статье также представлена авторская методика повышения образовательной направленности использования информационных технологий и представлены результаты её практического применения.

Ключевые слова: образование, информационные технологии (ИТ), педагогическая направленность, школа, дети, подростки.

References

Akram, H., Abdelrady, A.H., Al-Adwan, A.S. and Ramzan, M. (2022) 'Teachers' Perceptions of Technology Integration in Teaching-Learning Practices: A Systematic Review', Frontiers in Psychology, 13, Article 920317. https://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.920317

Avezova, K., Kozibay, A., Bayzakova, Y., Zhumagalieva, Z. and Tuken, M. (2024) 'The use of modern information and communication technologies in the educational process', Scientific Herald of Uzhhorod University. Series Physics, 55, pp. 345-354. https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.34hc5

Ayyildiz, P., Yilmaz, A. and Baltaci, H.S. (2021) 'Exploring digital literacy levels and technology integration competence of Turkish academics', International Journal of Educational Methodology, 7(1), pp. 15-31. https://doi.org/10.12973/ijem.7.1.15

Chen, S.Y., Hung, C.Y., Chang, Y.C., Lin, Y.S. and Lai, Y.H. (2018) 'A study on integrating augmented reality technology and game-based learning model to improve motivation and effectiveness of learning English vocabulary', 2018 1st international cognitive cities conference (IC3) Proceedings, pp. 24–27. https://doi.org/10.1109/IC3.2018.00015

Liu, Z., Kong, X., Liu, S., Yang, Z., and Zhang, C. (2022) 'Looking at MOOC discussion data to uncover the relationship between discussion pacings, learners' cognitive presence and learning achievements', Education and Information Technologies, 27, pp. 8265–8288. https://doi.org/10.1007/s10639-022-10943-7

Liu, Z., Zhang, N., Peng, X., Liu, S., Yang, Z., Peng, J., et al. (2021) 'Exploring the relationship between social interaction, cognitive processing and learning achievements in a MOOC Discussion Forum', Journal of Educational Computing Research, 60(1), pp. 132-169. https://doi.org/10.1177/0735633121102730

Mtebe, J.S. and Raphael, C. (2018) 'Eliciting In-service Teachers' Technological Pedagogical Content Knowledge for 21st-Century Skills in Tanzania', Journal of Learning for Development, 5(3), pp. 263-279. https://doi.org/10.56059/jl4d.v5i3.288

Shanmugam, K. and Balakrishnan, B. (2019) 'Motivation in Information Communication and Technology-Based Science Learning in Tamil Schools', Jurnal Pendidikan IPA Indonesia, 8(1), pp. 141-152. https://journal.unnes.ac.id/nju/index.php/jpii/article/view/16564

Shchurkova, N.E. (2000) Klassnoye rukovodstvo: teoriya, metodika, tekhnologiya [Classroom management: theory, methodology, technologies]. Moscow: Pedagogicheskoye obshchestvo Rossii (in Russian).

Solar, M., Sabattin, J. and Parada, V. (2013) 'A Maturity Model for Assessing the Use of ICT in School Education', Educational Technology and Society, 16 (1), pp. 206–218.

Sumardi, L., Rohman, A. and Wahyudiati, D. (2020) 'Does the Teaching and Learning Process in Primary Schools Correspond to the Characteristics of the 21st Century Learning?', International Journal of Instruction, 13(3), pp. 357-370. https://doi.org/10.29333/iji.2020.13325a

Vásquez-Pajuelo, L., Rodriguez-Barboza, J.R., Bartra-Rivero, K.R., Quintanilla-Alarcón, E.A., Vega-Jaime,

W. and Chavarri-Joo duardo, F. (2024) 'Digital Challenges: The Need to Improve the Use of Information Technologies in Teaching', Data and Metadata, 3, Article 216. https://doi.org/10.56294/dm2024216

Warschauer, M. (2002) 'Reconceptualizing the Digital Divide', First Monday, 7(7). https://doi.org/10.5210/fm.v7i7.967

Abubaeva, A. (2006) 'Elektrondy oqulyqtardy paidalanu [The use of e-books]'. Informatika negizderi, 4, 5-7 (in Kazakh).

Almetov, N.S. and Moldashova, G. (2014) 'Vospitaniye uchashchikhsya v informatsionno-obrazovatel'noy srede shkoly [Schoolchildren's education in information-educational school environment]', The way Science, 1, pp. 159-162 (in Russian).

Bulanova-Toporkova, M.V. (2002) Pedagogicheskiye tekhnologii: uchebnoye posobiye: Pedagogical technologies: textbook. Moscow: IKTS «MarT» (in Russian).

Korotenkov, Y.G. (2005) Informatsionnaya obrazovatel'naya sreda osnovnoy shkoly [Information pedagogical environment of the basic school]. Moscow: Akademiya (in Russian).

Kukushkin, V.S. (2002) Teoriya i metodika vospitatel'noy raboty [Theory and methods of pedagogical work]. Rostov-on-Don: Feniks (in Russian).

Selivanov, N.L. (2008) 'Rol' komp'yutera kak tvorcheskogo instrumenta v protsesse sotsializatsii sovremennogo podrostka [The role of the computer as a creative tool in the process of socialization of modern teenager]', Pedagogika isskustva: setev zhurn, 4 (in Russian).

Tevs, D.I., Podkovyreva, V.N., et al. (2006) Ispol'zovaniye sovremennykh informatsionnykh i kommunikatsionnykh tekhnologiy v uchebnom protsesse [The use of modern information and communication technologies in the pedagogical process]. Barnaul (in Russian).

Information about authors:

Almetov Negmatzhan Shadimetovich – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of Pedagogy and Psychology, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Tauke Khan Avenue 5, 160012 Shymkent, Kazakhstan.

Zhorabekova Ainur Nazimbekovna – Corresponding Author, PhD, Associate Professor, Department of Foreign Language for Technical Specialties, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Tauke Khan Avenue 5, 160012 Shymkent, Kazakhstan.

Yessimgaliyeva Tlekshi Makhsotovna – PhD, Senior Lecturer, Department of Theoretical Foundations of Physical Culture and Sports, Kazakh Academy of Sports and Tourism, Abai Avenue 85, 050022 Almaty, Kazakhstan.

Abilkhairova Zhanar Aitbaevna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Institute of Pedagogy and Traditional Arts, Korkyt Ata Kyzylorda University, Aiteke bi street 29a, 120000 Kyzylorda, Kazakhstan.

Yerekhanova Fatima Turekhanovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Department of Language and Literature, Central Asian Innovative University, Baitursynov street 80, 160000 Shymkent, Kazakhstan.

Авторлар туралы мәліметтер:

Алметов Негматжан Шадиметович – педагогика ғылымдарының докторы, Педагогика және психология кафедрасының профессоры, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Тәуке хан даңғылы, 5, 160012 Шымкент, Қазақстан.

Жорабекова Айнур Назимбековна – хат-хабар авторы, PhD, Техникалық мамандықтар үшін

шет тілі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Тәуке хан даңғылы, 5, 160012 Шымкент, Қазақстан.

Есимгалиева Тлекши Махсотовна – PhD, Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері кафедрасының аға оқытушы, Спорт және туризм Қазақ Академиясы, Абай даңғылы, 85, 050022 Алматы, Қазақстан.

Абилхаирова Жанар Айтбаевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика және дәстүрлі өнер институтының қауымдастырылған профессоры, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, 29а Әйтеке би көшесі, 120000 Қызылорда, Қазақстан.

Ереханова Фатима Тукехановна – филология ғылымдарының кандидаты, «Тілдер мен әдебиет» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Орталық Азия Инновациялық университеті, 80 Байтұрсынов көшесі,160000 Шымкент, Қазақстан

Сведения об авторах:

Алметов Негматжан Шадиметович – д.п.н., профессор кафедры педагогики и психологии, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, просп. Тауке хана, 5, 160012 Шымкент, Казахстан.

Жорабекова Айнур Назимбековна – автор для корреспонденции, PhD, ассоциированный профессор кафедры «Иностранный язык для технических специальностей», Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, просп. Тауке хана, 5, 160012 Шымкент, Казахстан.

Есимгалиева Тлекши Махсотовна – PhD, старший преподаватель кафедры физической культуры и теоретических основ спорта, Казахская академия спорта и туризма, просп. Абая 85, 050022 Алматы, Казахстан.

Абилхаирова Жанар Айтбаевна – к.п.н., ассоциированный профессор Института педагогики и традиционного искусства, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, ул. Айтеке би, 29а, 120000 Кызылорда, Казахстан.

Ереханова Фатима Тукехановна – к.ф.н., ассоциированный профессор кафедры «Языки и литература», Центрально-Азиатский инновационный университет, ул. Байтурсынова, 80, 160000 Шымкент, Казахстан.

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY
ISSN: 3080-1710. ISSN (Online): 3104-462X

ҒТАМР 14.25.09
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-154-1-43-63

Жоғары сыныптарда биологияның күрделі тақырыптарын оқыту: мұғалімдердің көзқарастары мен тәжірибелері (аралас зерттеу)

А.Бақыт*[1], К.Ш. Бакирова[2]

[1]*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан*
[2] *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

(E-mail:[1]aigerim.baqytqyzy@gmail.com, [2]2bakirovaksh@gmail.com)*

Аңдатпа. Бұл мақалада жоғары сыныптарда биологияның күрделі тақырыптарын оқытуда кездесетін негізгі қиындықтар сипатталады. Зерттеу нысаны ретінде молекулалық биология, биохимия, тұқымқуалаушылық заңдары және координация және реттелу жүйелері тараулары алынған. Зерттеудің мақсаты – аталған тақырыптарды меңгеру кезінде оқушылар мен мұғалімдерге кедергі келтіретін факторларды анықтау және тиімді педагогикалық тәсілдерді ұсыну. Аралас әдіс (mixed methods) негізінде жинақталған деректер нәтижесінде оқытудың басты қиындықтары ретінде мазмұнның абстрактілігі, уақыттың шектеулілігі, зертханалық жабдықтардың жеткіліксіздігі және оқулық тілінің күрделілігі анықталды. Бұл проблемаларды шешу үшін визуалды және интерактивті құралдарды қолдану, зертханалық жұмыстардың көлемін арттыру және оқу бағдарламасын оңтайландыру ұсынылады. Сонымен қатар, жаңа технологиялар мен мультимедиалық ресурстарды пайдалану оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға және оқу процесінің тиімділігін арттыруға ықпал ететіні анықталды. Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту, оқыту стратегияларын жетілдіру және зертханалық базаны нығайту қажеттілігін көрсетті. Практикалық тұрғыда зертханалық және тәжірибелік сабақтардың үлесін арттыру, белсенді оқыту әдістерін енгізу және оқу процесін тиімді ұйымдастыру ұсынылады. Бұл зерттеу биологияны оқыту сапасын арттыруға және оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған маңызды үлес болып табылады.

Түйін сөздер: биология, күрделі тақырыптар, молекулалық биология, тұқымқуалаушылық, оқыту әдістемесі, визуалды құралдар.

Түсті: 19.05.2025; Мақұлданды: 15.03.2026; Онлайн қолжетімді: 31.03.2026

***хат-хабар авторы**

Кіріспе

Биология ғылым ретінде молекулалық биология мен биотехнологиядағы заманауи жаңалықтардың нәтижесінде қарқынды даму үстінде. Бұл өзгерістер денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, экология және биомедициналық технологиялар сияқты салаларға тікелей әсер етеді. Биологияны мектеп пәні ретінде оқыту — оқушылардың ғылыми сауаттылығын қалыптастыруда, оларды болашақ кәсіби бағдарға дайындауда шешуші рөл атқарады. Дегенмен, соңғы жылдардағы зерттеулер оқушылардың биологияны меңгеруде бірқатар қиындықтарға тап болатынын және пәнге деген қызығушылықтарының төмен екенін көрсетіп отыр (Agboghoroma and Oyovwi, 2015; Machová et al., 2023; Newman et al., 2023).

Қазақстанда жаңартылған білім беру мазмұны аясында биология пәнін оқыту үдерісі жаңаша бағытта құрылып, тәжірибелік дағдыларды дамытуға, оқушылардың зерттеу жүргізу қабілеттерін арттыруға және белсенді оқыту әдістерін қолдануға басымдық берілуде. Алайда биологияның жекелеген тақырыптары — әсіресе молекулалық биология, тұқымқуалаушылық, биохимия және координация және реттелу жүйелері тараулары — оқушылар мен мұғалімдер үшін күрделі, абстрактілі және пәнаралық түсіндіруді қажет ететін мазмұнға ие (Gilissen et al., 2021; Uminski et al., 2024).

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – жоғары сыныптарда биологияның күрделі тарауларын оқыту барысында туындайтын қиындықтарды анықтап, оларды жеңуге бағытталған тиімді педагогикалық стратегияларды ұсыну. Зерттеу объектісі – жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарындағы биология пәнін оқыту үдерісі. Зерттеу пәні – жоғары сыныптарда молекулалық биология, генетика және координация жүйелері тақырыптарын оқытудағы педагогикалық қиындықтар мен оларды еңсеру стратегиялары. Зерттеу әдістері – сауалнама, сапалық контент-талдау, дескриптивтік статистикалық талдау. Зерттеу нәтижелері білім беру процесін оңтайландыруға және биологияны оқытудың сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу болжамы (гипотеза). Егер жоғары сыныптарда биологияның күрделі тақырыптарын оқыту барысында визуалды құралдар, интерактивті технологиялар және тәжірибелік жұмыстар жүйелі қолданылса, онда оқушылардың күрделі биологиялық ұғымдарды түсіну деңгейі артып, оқу нәтижелері жақсарады.

Оқу жоспары теориясының зерттеушісі Goodson, I. (1989) өзінің «Оқу жоспарын реформалау және теория» атты әйгілі зерттеуінде мұғалім, уақыт, аудитория немесе оқушылардың өздері сияқты айнымалылардың кейбір мектеп пәндеріне, тақырыптарына немесе сабақтарына деген қызығушылықты арттыруы немесе төмендетуі мүмкін екенін айтады (Bandura, 1995). Алайда, Гудсон мектеп пәндері мен тақырыптарына деген қызығушылықтың ең маңызды себебі оқу жоспарының құрылымы мен мазмұны екенін ерекше атап көрсетеді. Биологияға қатысты бұл пәннің беделін XIX ғасырдың басында қалыптасқан жағдаймен байланыстырады, сол кезде биология ең әлсіз оқушылар үшін аз ғылыми пән ретінде қарастырылған. Тіпті, биология мектеп оқу жоспарында физика мен химияға қарағанда маңыздылығы ескерілмеген пән ретінде қаралды (Çimer, 2004). Тек 1960 жылдардың ортасында Крик пен Уотсон ДНҚ құрылымын дұрыс түсіндіргеннен кейін маңыздылығы арта түсті (Duncan and Reiser, 2007).

Мұғалімдер молекулалық биологияның абстрактылы ұғымдары мен математикалық аспектілерін меңгеруге оқушыларға көмектесу қиынға соғып жатқанын жиі айтады. Әлемдегі әртүрлі зерттеушілер жаңа бағдарламаларды зерттеп, биологияны оқыту мен үйренудегі қиындықтарды анықтады (Etobro and Fabinu, 2017), (Friedrichsen and Stone, 2004). Жаңа зерттеулерде де осы мәселе өзекті болып отыр: оқушылардың генетикалық ұғымдарды түсінуінде тұжырымдамалық және визуалды қателесулер сақталуда (Machová et al., 2023; Newman et al., 2023; Uminski et al., 2024). Молекулалық биологтар сияқты тәжірибелі биолог-ғалымдардың білімі мен орта мектептер мен университеттерде оқытылатын мазмұн арасындағы үлкен алшақтықты растады. Зерттеушілер биологияны оқыту мен үйренуді жақсарту бойынша ұсыныстар жасады. Мысалы, биологияны түрік орта мектеп оқушылары үшін оқыту мен үйренуді қиындататын күрделі ұғымдарды анықтады (Goodson, 1989). Бұл тақырыптарға ақуыз синтезі, тыныс алу, фотосинтез, газ алмасу, энергия, жасушалар, митоз және мейоз, сондай-ақ физиологиялық процестер кіреді. Сол сияқты, Батыс Африка зерттеушілері, мысалы, Нигерияның Дельта штатындағы жоғары сынып оқушылары үшін тұқымқуалаушылық пен генетика қиын тақырыптар ретінде анықтады (Goodson, 1993). Осы бағытта бірнеше жылдан кейін Лагос штатының жоғары сынып оқушылары арасында зерттеу жүргізді (Howitt et al., 2008). Бұл зерттеушілер оқушылардың биологиядағы ұғымдарға қызығушылығы мен түсінігінің төмен болуы олардың мемлекеттік емтихандарда нашар нәтиже көрсетуіне және елдің ғылыми дамуында артта қалуына әсер еткенін атап өтті. Жаңа эмпирикалық деректер де осы тенденцияны растайды: биологиядағы репрезентациялық құзыреттер (сызбаларды, диаграммаларды, 3D модельдерді оқу) оқушылардың пәнді меңгеруінде шешуші рөл атқарады (Gilissen et al., 2021; Yang et al., 2023).

Қазақстанда биология пәнін оқыту екі бағытта: жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағытта жүргізіледі. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған "Биология" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 114-қосымшаға сәйкес жаратылыстану-ғылыми кіріктірілген білімдерін қалыптастыруға арналған. Оқу пәнінің білім мазмұны теориялық және қолданбалы негіздер мен «Жалпы биологияны» оқытуға бағытталған бөлімдер мен тақырыптарды, практикалық дағдыларды меңгеру мақсатында, қоршаған орта мен адам денсаулығын сақтау мәселелері, зертханалық жұмыстарда берілген. Ал, Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған "Биология" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына 115-қосымшаға сәйкес әзірленген (Law and Lee, 2004). Бағдарламада "Биология" оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың заман талаптарына сай білімдері мен біліктерін дамыту; өмірдің мәнін, дамуын, оның түрлі ұйымдасу деңгейлерінде көрініс табуын түсіну; өмірдің ең басты құндылық ретіндегі маңызын түсінетін жан-жақты дамыған тұлғаны дайындау. Бағдарлама қоғамдық-гуманитарлық бағытына құрастырылып алдыңғы 9-сынып бағдарламасының күрделендірілген логикалық жалғасы болып табылады. Оқушылардың алдыңғы сыныптарда алған биологиялық білімдерін жинақтап, қорыта отырып, бұл бағдарлама биологиялық заңдылықтарды, заманауи теорияларды, тұжырымдамалар (концепциялар) мен

ілімдерді терең мағынада түсініп қабылдауын қамтамасыз етеді. Бағдарламада оқушылардың жаратылыстану-ғылыми көзқарасы мен экологиялық мәдениетін қалыптастыруға айтарлықтай көңіл бөлінген.

Әдебиеттерде көрсетілгендей, тиісті органдар мақұлдағаннан кейін, оқу бағдарламасы мұғалімдер тарапынан олардың оған деген көзқарасына сүйене отырып түсіндіріліп, іске асырылуы тиіс. Алайда, мұғалімдердің оқу бағдарламасын түсіндіруі олардың субъективті тәжірибесі мен құндылықтарына байланысты өзгереді. Нәтижесінде, жүзеге асырылатын оқу бағдарламасы әр сыныпта әртүрлі болуы мүмкін және білім беру саясатын жасаушылардың бастапқы көзқарасынан айтарлықтай ерекшеленеді. Осыған байланысты, құзыреттілікке негізделген оқу бағдарламасының іске асырылуын үздіксіз зерттеу және бағалау қажеттілігі туындайды. Бұрынғы зерттеулер көрсеткендей, мұғалімдер белгілі бір тақырыптарды оқытуда қиындықтарға тап болған кезде, оларды оқытудан бас тартуы мүмкін, өйткені оқушылардың түсінігін қамтамасыз ете алмайтынын сезінеді. Сонымен қатар, мұғалімдер белгілі бір тапсырманы қиын деп қабылдаса, оны қабылдауға баяу қарайтынын атап өткен (Lewis and Wood-Robinson, 2000; Wasendorf et al., 2024).

Осы мәселеге байланысты біз зерттеу жүргізіп, орта мектеп мұғалімдері оқытуда ең қиын деп санайтын биология тақырыптарын анықтауды мақсат еттік. Сондай-ақ, біз мұғалімдердің мұндай тақырыптарды оқытудағы қиындықтары туралы көзқарастарын зерттеп, бұл тақырыптарды тиімді оқыту мен үйренуге арналған стратегияларды анықтауды көздедік. Зерттеу келесі сұрақтарды қарастыруға бағытталды:

1. Мұғалімдер жаңа оқу бағдарламасына сәйкес биология пәнін оқытуда ең күрделі деп санайтын тақырыптар қандай?

2. Мұғалімдер бұл тақырыптарды оқыту барысында қандай негізгі қиындықтарға тап болады?

3. Күрделі биология тақырыптарын тиімді оқыту үшін қандай педагогикалық стратегиялар қолданылады?

Мұғалімдердің өзгерістерге қатысты алаңдаушылықтарын түсіну білім беру саласындағы реформаларды тиімді іске асыруға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, бұл зерттеу нәтижелері құзыреттілікке негізделген биологияның жоғары деңгейдегі оқу бағдарламасын жүзеге асыруды жетілдіруді көздейтін саясат жасаушылар мен оқу бағдарламасын әзірлеушілер үшін құнды ақпараттық база болады деп күтілуде. Мұғалімдердің оқытуға әсер ететін факторлар туралы пікірлерін және биологияны тиімді оқыту мен үйренуді қамтамасыз етудің ұсыныстарын білу мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдауға және жаңа оқу бағдарламасындағы биология тақырыптарын оқытуға деген өзіндік тиімділігін арттыруға бағытталған кәсіби дамыту шараларын жоспарлауға көмектесе алады. Бұл оқушылардың қажетті құзыреттіліктері мен дағдыларына сәйкес биология пәнін оқыту мен үйренуді тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу сапалық индуктивті талдауға негізделген, негізгі зерттеу әдісі ретінде сауалнама қолданылды. Іріктеу мақсатты (purposive) және ыңғайлы (convenient) тәсілдер арқылы жүзеге асырылды. Зерттеуге Қызылорда облысының қалалық және

ауылдық аймақтарындағы 40 биология пәні мұғалімі қатысты. Іріктеу барысында қатысушылардың еңбек өтілі, мектеп типі және оқыту тәжірибесінің әртүрлілігі ескерілді. Бұл тәсіл зерттеу нәтижелерінің контекстуалды қамтылуын қамтамасыз етті. Зерттеу құралы ретінде мұғалімдерге арналған сауалнама әзірленді. Сауалнама үш бөлімді құрайды:

1. Демографиялық мәліметтер бөлім. Мұнда келесі ақпараттар қамтылды: мұғалімнің аты-жөні, жынысы (ер/әйел), сабақ беретін орны (қала/ауыл), мектебі, биология пәнін оқыту тәжірибесі, санаты.

2. Биология пәні бойынша күрделі тақырыптарға арналған сұрақтар бөлімі. Бұл бөлімде мұғалімдерге келесі сұрақтар қойылды:

10-11 сыныптарда биология пәнін оқыту барысында ең күрделі деп санайтын тақырыптарыңызды атаңыз;

Күрделі тақырыптарды оқытуда қандай негізгі қиындықтарға тап боласыз? Күрделі тақырыптарды оқушылардың түсінуін жақсарту үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолданасыз және қандай нәтижелерге қол жеткіздіңіз?

Сіздің ойыңызша, оқушылардың күрделі тақырыптарды меңгеруіне қандай факторлар әсер етеді (мысалы, материалдың күрделілігі, уақыттың жетіспеуі, зертханалық жұмыстардың болмауы және т.б.)?

Қосымша қандай ресурстар немесе материалдар сізге көмек болар еді деп ойлайсыз?

3. Қорытынды бөлім. Бұл бөлімде мұғалімдерден келесі сұраққа ашық жауап беру жұмысы жүргізілді:

Өз тәжірибеңізге сүйене отырып, жоғары сыныптарда биологияның күрделі тақырыптарын оқыту әдістемесін жақсарту үшін қандай ұсыныстар берер едіңіз? Демографиялық деректерді талдау. Зерттеудің алғашқы кезеңінде қатысушы мұғалімдер туралы демографиялық және кәсіби деректер жинақталды. Бұл деректер мұғалімдердің тәжірибесі, жұмыс орны, сабақ беретін мектептерінің типі (қала/ауыл), сондай-ақ олардың кәсіби санаты бойынша сипатталды.

Мұндай ақпарат қатысушылардың зерттеудегі ерекшеліктерін тереңірек түсінуге және алынған нәтижелерді дұрыс талдауға мүмкіндік берді (1-кесте). Сауалнама мазмұнының валидтілігі мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында алдын ала сараптамалық тексеріс жүргізілді. Үш биология әдіскері және екі педагогика ғылымдарының кандидаты сауалнама сұрақтарының мазмұндық сәйкестігін бағалады. Пилоттық сынақ 5 мұғаліммен өткізілді, нәтижесінде тілдік айқындық пен логикалық реттілік нақтыланды. Cronbach's Alpha коэффициенті 0.84 деңгейінде анықталып, сауалнаманың жоғары ішкі үйлесімділігін көрсетті. Зерттеу Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Зерттеу этикасы жөніндегі комитетінің мақұлдауымен жүргізілді (№4303, 2025 жылғы 1 қыркүйек). Барлық қатысушылар зерттеу мақсаты мен шарттары туралы алдын ала хабардар етілді және ерікті түрде қатысуға келісім берді. Қатысушылардың жеке деректері анонимді түрде өңделіп, дербес деректерді қорғау қағидалары толық сақталды.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу жұмысы биология пәнінің күрделі тақырыптарын айқындау мақсатында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының базасында жүргізілді. Зерттеуге жалпы саны биология пәнінің 40 мұғалімі қатысты: олардың ішінде Қызылорда қаласынан 20 мұғалім және Шиелі мен Қазалы аудандарынан 20 мұғалім болды.

Бұл бөлімдегі барлық пайыздық көрсеткіштер мұғалімдер санының жалпы үлесіне (n=40) қатысты есептелді: пайыз = (жауап бергендер саны / 40) × 100. Бір сұрақ бойынша бірнеше жауап нұсқасын таңдауға рұқсат етілген жерлерде үлестер тиісті сұраққа жауап берген респонденттер саны бойынша есептелді (базалық n әр сұрақтың астында көрсетілді).

Пайыздық бағалаулардың дәлдігін көрсету үшін 95% сенімділік интервалдары (CI) есептелді. Интервалдар шағын үлгілер үшін ұсынылатын Уилсон (Wilson) әдісімен алынған. Кестелерде CI бағаны қосылды; қажет жерлерде дөңгелектеу ережелері сақталды.

Қалалық және ауылдық мектеп мұғалімдерінің жауап үлестеріндегі айырмашылықтарды бағалау үшін категориялық деректерге арналған Pearson χ^2 критерийі қолданылды; күтілетін жиілігі 5-тен аз ұяшықтарда Фишердің дәл сынағы пайдаланылды. Мәнділік деңгейі $\alpha=0,05$.

1-кесте. Демографиялық зерттеу барысындағы деректер

№	Қатысушы коды	Мектеп орналасуы	Мектеп	Оқыту тәжірибесі	Санаты
1	Б.Аиша	қала	Қалалық білім бөлімінің №267 орта мектебі КММ	1–5 жыл	Педагог сарапшы
2	М.Мұхтар	қала	Қалалық білім бөлімінің №267 орта мектебі КММ	20 жылдан астам	Педагог сарапшы
3	С.Ермек	ауыл	Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің № 276 орта мектебі КММ	16–20 жыл	Педагог сарапшы
4	Д.Динара	ауыл	Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектебі КММ	11–15 жыл	Педагог модератор
5	А.Гүлжан	қала	Ж. Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейі КММ	16–20 жыл	Педагог сарапшы
6	Қ.Дастан	қала	Н.Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназия	11–15 жыл	Педагог сарапшы
7	А.Самал	ауыл	Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің № 190 орта мектебі КММ	16–20 жыл	Педагог модератор

8	М.Мөлдір	қала	Қалалық білім бөлімінің №11 мектеп-лицей КММ	11–15 жыл	Педагог сарапшы
9	А.Иса	ауыл	Қазалы аудандық білім бөлімінің №225 орта мектеп жанындағы шағын орталығы КММ	11–15 жыл	Педагог сарапшы
10	М.Ахмет	қала	А. Байтұрсынов атындағы №211 орта мектеп	20 жылдан астам	Педагог модератор
11	Д.Жанар	ауыл	Қазалы ауданының №100 орта мектебі КММ	6–20 жыл	Педагог сарапшы
12	Қ.Кенже	қала	Қалалық білім бөлімінің №11 мектеп-лицей КММ	1–5 жыл	Педагог модератор
13	А.Гүлсім	ауыл	Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №266 мектеп-лицей КММ	6–10 жыл	Педагог сарапшы
14	Е.Айгүл	ауыл	Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің № 25 орта мектебі КММ	6–10 жыл	Педагог сарапшы
15	Г.Шара	ауыл	Шиелі аудандық білім бөлімінің №149 Қызылту орта мектебі КММ	20 жылдан астам	Педагог сарапшы
16	А.Асем	ауыл	Шиелі аудандық білім бөлімінің №149 Қызылту орта мектебі КММ	11–15 жыл	Педагог модератор
17	Б.Мерей	қала	Қалалық білім бөлімінің №11 мектеп-лицей КММ	6–10 жыл	Педагог сарапшы
18	Б.Балым	қала	Ж.Нұрсейітов атындағы №233 орта мектеп	6–10 жыл	Педагог модератор
19	Қ.Алтын	қала	С.Сейфуллин атындағы №4 ақпараттық технология мектеп-лицейі	20 жылдан астам	Педагог зерттеуші
20	Б.Жұлдыз	ауыл	Шиелі аудандық білім бөлімінің №149 Қызылту орта мектебі КММ	20 жылдан астам	Педагог сарапшы
21	Б.Гүлназ	қала	№176 орта мектебі КММ	6–10 жыл	Педагог зерттеуші
22	М.Жақсылық	ауыл	Шиелі аудандық білім бөлімінің №158 орта мектебі КММ	20 жылдан астам	Педагог зерттеуші
23	М.Гүлназ	ауыл	С.Әлжіков атындағы №144 орта мектебі КММ	20 жылдан астам	Педагог сарапшы

24	М.Болат	қала	Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебі КММ	20 жылдан астам	Педагог зерттеуші
25	О.Серік	қала	Б.Ермекбаев атындағы №271 орта мектеп	6–10 жыл	Педагог зерттеуші
26	Б.Ғалия	ауыл	Шиелі аудандық білім бөлімінің №158 орта мектебі КММ	20 жылдан астам	Педагог модератор
27	М.Мақпал	қала	Б.Момынбаев атындағы №278 IT мектеп-лицей	6–10 жыл	Педагог зерттеуші
28	Ы.Сая	ауыл	Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №179 А.Хангелдин атындағы орта мектебі КММ	6–10 жыл	Педагог сарапшы
29	Т.Толқын	қала	К.Қаракөзов атындағы №235 орта мектебі КММ	20 жылдан астам	Педагог зерттеуші
30	Д.Мира	ауыл	Шиелі аудандық білім бөлімінің №244 Ы.Жақаев атындағы орта мектебі КММ	11–15 жыл	Педагог сарапшы
31	С.Ая	ауыл	Шиелі аудандық білім бөлімінің №148 қазақ орта мектебі КММ	16–20 жыл	Педагог сарапшы
32	Д.Маржан	қала	Т. Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицей КММ	1–5 жыл	Педагог зерттеуші
33	Ж.Меруерт	қала	Ж.Қизатов атындағы№23 мектеп - лицейі	11–15 жыл	Педагог зерттеуші
34	Қ.Дуся	ауыл	Шиелі аудандық білім бөлімінің №148 қазақ орта мектебі КММ	6–10 жыл	Педагог сарапшы
35	Т. Күляш	ауыл	Шиелі аудандық білім бөлімінің №148 қазақ орта мектебі КММ	1–5 жыл	Педагог модератор
36	М.Света	қала	Б.Ермекбаев атындағы № 271 орта мектеп	20 жылдан астам	Педагог зерттеуші
37	Ж.Азиза	ауыл	С.Әлжіков атындағы №144 орта мектебі КММ	11–15 жыл	Педагог сарапшы
38	Б.Айгерім	қала	К.Қаракөзов атындағы №235 орта мектебі КММ	16–20 жыл	Педагог зерттеуші
39	А.Жанар	ауыл	Шиелі аудандық білім бөлімінің №241 Қ.Әбдіқадыров атындағы орта мектебі КММ	6–10 жыл	Педагог сарапшы

40	Н.Сағи	ауыл	Шиелі аудандық білім бөлімінің №241 Қ.Әбдіқадыров атындағы орта мектебі КММ	1–5 жыл	Педагог модератор

Ескерту: Жас ерекшелігі, еңбек өтілі және кәсіби санаттар бойынша көрсеткіштер абсолют мәндермен берілген. Пайыздық үлестер Кесте 2-де көрсетілген және жалпы іріктеме көлеміне (n=40) қатысты есептелген. Сенімділік интервалдары (95% CI) Уилсон (Wilson) әдісімен анықталған.

Бұл кестеде мұғалімдердің бүркеншік аттары қолданыла отырып, олардың деректері анонимділік қағидаттарына сәйкес берілген. Жұмыс орны бойынша қала, ауыл мектептерінде сабақ беретін мұғалімдер қамтылған, сонымен бірге олардың санаттары, мысалы, «Педагог модератор», "Педагог сарапшы", «Педагог зерттеуші», «Педагог шебер» анықталды. Кесте құрылымы келесідей сипатталды:

Қатысушы коды – зерттеуге қатысушылардың анонимділігін сақтау үшін қолданылған.

Қайда сабақ бересіз? – мұғалімнің қызмет ететін орнын анықтайды (қала/ауыл).

Мектеп – мұғалімнің жұмыс орнының нақты атауы.

Биология пәнін оқыту тәжірибеңіз – мұғалімнің кәсіби тәжірибесі анықталды.

Санаты – мұғалімнің кәсіби деңгейін сипаттайды.

Бұл әдістемелік қадам зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен сенімділігін қамтамасыз етті.

Зерттеу барысында алынған демографиялық мәліметтерге сәйкес, зерттеуге 40 биология пәнінің мұғалімі қатысты. Олардың 20-сы ауылдық (Шиелі және Қазалы аудандары), ал қалған 20-сы қалалық аймақтардан (Қызылорда қаласы) болды (2-кесте). Қалалық және ауылдық мұғалімдердің жауап үлестеріндегі айырмашылықтар Pearson χ^2 критерийімен бағаланды; күтілетін жиілігі 5-тен аз ұяшықтар туындаған жағдайда Фишердің дәл сынағы қолданылды. Мәнділік деңгейі $\alpha = 0,05$. Қажет жерде мәтінде тиісті p-мәндері көрсетілді.

Қатысушы мұғалімдердің жыныстық құрамы бойынша ер адамдардың үлесі 7,5%-ды, ал әйел адамдардың үлесі 92,5%-ды құрады.

2-Кесте. Демографиялық көрсеткіштердің дескриптивтік статистикасы (n=40; %)

Көрсеткіш	Сан, n	Үлес, %
Ер мұғалімдер	3	7,5
Әйел мұғалімдер	37	92,5
1–5 жыл өтілі	4	10
6–10 жыл өтілі	10	25
11–15 жыл өтілі	9	22,5
16–20 жыл өтілі	6	15
20 жылдан астам	11	27,5
Педагог-модератор	10	25
Педагог-сарапшы	22	55
Педагог-зерттеуші	8	20
Педагог-шебер	–	–

Ескерту: Бұл кестеде CI-ді енгізу үшін журнал нұсқаулығына сай дөңгелектеуді пайдаланыңыз; қажет болса CI-лер қосымша кестеде толық көрсетіледі.

Бұл деректер зерттеу жұмысы үшін қатысушылардың кәсіби және демографиялық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Жоғары сыныптарда биология пәні бойынша күрделі тақырыптарды анықтау мақсатында жүргізілген зерттеу барысында мұғалімдерге келесі сұрақ қойылды: «10-11 сыныптарда биология пәнін оқыту барысында сіз ең күрделі деп санайтын тақырыптар қандай? Неліктен олар күрделі деп ойлайсыз?» (ашық жауап).

Зерттеу нәтижесінде барлығы 31 тақырып күрделі деп танылды. Алайда, олардың арасында қайталанғандары бар. Қайталанған тақырыптар:

Кребс циклі – 5 рет; Кальвин циклі – 2 рет; Адам гемоглобині – 2 рет; Тұқым қуалаушылық генетикалық есептер – 2 рет; Грамм-оң және грамм-теріс бактериялар – 2 рет; Фотосинтез – 2 рет.

Қайталанған тақырыптарды ескеріп, нақты 22 тақырып анықталды. Тақырыптар биология пәнінің әртүрлі тарауларына сәйкес топтастырылды:

1.Молекулалық биология және биохимия (ген, адам геномы, мембраналық рецепторлар арқылы нәруыздық сигналдардың берілуі, ферменттерді иммобилизациялау, Гарди–Вайнбергтің генетикалық тепе-теңдік заңы, фотосинтездің кезеңдері, Кальвин циклі, Кребс циклі, оның өнімдері мен аралық қосылыстары, АТФ синтезі, Ақуыздардың, көмірсулардың және майлардың метаболизмі);

2. Жасушалық биология (жасушалардың негізгі компоненттерін микрофотографиялармен сипаттау, жасушалық құрылымдар мен олардың қызметтері, жасушалық мембраналардың құрылысы мен қызметі, Цитоскелет элементтері және олардың рөлі);

3. Қоректену (қоректік заттардың қорытылуы, қоректенудің негізгі принциптері, витаминдер мен микроэлементтердің рөлі);

4. Заттардың тасымалдануы (қан айналу жүйесінің ерекшеліктері, грамм-оң және грамм-теріс бактериялардың ерекшеліктері, оттегі мен көмірқышқыл газының тасымалдануы);

5. Тыныс алу (адам гемоглобині мен миоглобині үшін оттектің диссоциациялану қисығы, тыныс алу процестері, өкпенің тыныс алу бетінің қызметі);

6. Бөліп шығару (зәр шығару жүйесінің құрылымы мен қызметі, бүйректегі нефрон жұмысы, бөліп шығарудың негізгі процестері (сүзу, қайта сіңіру, секреция), су мен тұз алмасуының реттелуі);

7. Жасушалық цикл (жасушалық циклдің кезеңдері, жасуша бөлінуі: митоз және мейоз, жасушалардың өмірлік циклі және өсуі, апоптоз және жасуша өлімі);

8. Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары (тұқым қуалаушылық заңдары, белгілердің тұқым қуалауын талдаудың статистикалық әдістері (χ^2, t-критерийлері), генетикалық есептер, мутациялар және олардың биологиялық рөлі);

9. Эволюциялық даму (селекция негіздері, тірі организмдердің көптүрлілігі, эволюция теориясы, селекцияның генетикалық негіздері, биогеография және түрлердің көптүрлілігі);

10. Координация және реттеу жүйелері (координация және реттеу жүйелері, басқару жүйесінің компоненттері, гормондар мен олардың сигналдық берілу механизмдері, нейрондар мен синапстардың жұмыс істеуі);

11. Қозғалыс (Фрайеттің биомеханика туралы үш заңы, қаңқа бұлшық еттерінің құрылымы мен қызметі, Дамып келе жатқан баланың омыртқа жотасының дұрыс қалыптасуы);

12. Биомедицина және биоинформатика (биологиялық басқару жүйелері, молекулалық деңгейдегі зерттеу әдістері, биоинформатиканың генетикалық зерттеулердегі рөлі, гендер мен белоктардың талдау әдістері);

13. Биотехнология (ағзаларды клондау, биологиялық препараттарды өндіру, гендік инженерия, биотехнологиялық өндірістердің экологияға әсері).

Бұл нәтижелер биологияның күрделі бөлімдері мен оқыту барысында кездесетін қиындықтарды жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді. Төменде тақырыптардың тарау бойынша күрделілік деңгейін пайыз бойынша көруге болады (3-кесте).

3-Кесте. Тараудағы күрделі тақырыптардың пайыздық үлесі

№	Тарау	Күрделі тақырыптардың үлесі (%)
1	Молекулалық биология және биохимия	20%
2	Жасушалық биология	8%
3	Қоректену	6%
4	Заттардың тасымалдануы	8%
5	Тыныс алу	6%
6	Бөліп шығару	4%
7	Жасушалық цикл	4%
8	Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары	14%

9	Эволюциялық даму. Селекция негіздері. Тірі организмдердің көптүрлілігі	4%
10	Координация және реттелу жүйелері	10%
11	Қозғалыс	6%
12	Биомедицина және биоинформатика	6%
13	Биотехнология	4%

Ескерту: Кесте 3-тегі үлестер – ашық жауаптарды тақырыптық кодтау нәтижесінде алынған контент үлестері; статистикалық салыстыру үшін емес, приоритеттерді сипаттау үшін берілген. Сондықтан бұл кестеге CI есептелмейді.

Зерттеу барысында мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнама сұрақтары ашық түрде құрастырылып, мұғалімдердің тәжірибесіне сүйене отырып, күрделі тақырыптарды оқытудағы негізгі мәселелер мен шешу жолдары анықталды. Сауалнама сұрақтары келесідей болды:

1. Күрделі тақырыптарды оқытуда қандай негізгі қиындықтарға тап боласыз?

2. Күрделі тақырыптарды оқушылардың түсінуін жақсарту үшін қандай әдіс-тәсілдер қолданасыз? Қандай нәтижелерге жеттіңіз?

3. Сіздің ойыңызша, оқушылардың күрделі тақырыптарды меңгеруіне қандай факторлар әсер етеді? (Мысалы: материалдың күрделілігі, уақыттың жетіспеуі, зертханалық жұмыстың болмауы және т.б.)

4. Сіз қандай қосымша ресурстар немесе материалдар күрделі тақырыптарды түсіндіруде тиімді болар еді деп ойлайсыз?

5. Өз тәжірибеңізге сүйене отырып, жоғары сыныптарда биологияның күрделі тақырыптарын оқыту әдістемесін жақсарту үшін қандай ұсыныстар берер едіңіз?

The transformation of old professions or the emergence of new professions depends on what technologies are developing and future professional trends. Trends are powerful, stable processes of change in society and the economy. They, along with scientific progress, give rise to innovative technologies. The use of new technologies in enterprises changes the work process. Modern machines and equipment perform some operations without human intervention, which begins to perform part, from which a list of disappearing professions appears. On the other hand, innovative technologies and mechanisms create new job tasks and impose new requirements on workers. Industry experts analyze these changes and express their views on what new professions will be needed. Therefore, leading trends, along with the introduction of scientific progress and technologies, change job tasks and create production difficulties, which leads to a change in the composition of professions.

Modern machines and equipment begin to perform some operations without human assistance, which leads to a list of disappearing professions. The names of professions may not change, but the level of qualification requirements within the profession changes. It is useful to study this class of professions for those who have an education and are planning to improve their qualifications. If the applicant wants to engage in or master these very professions, then he should consider in which direction he should develop his competencies.

Also, specialists should pay attention to disappearing professions. There are two main reasons for the disappearance of professions:

- in the context of automation-digital technologies, both manual labor professions and some simple mental labor professions are reduced, that is, they are automated;

- the loss of demand for labor results or services also leads to the gradual disappearance of the profession. In the near future, such professions as a translator, estimator, librarian, travel agent, waiter, conductor, etc., may disappear.

The Atlas of New Professions and Competencies was prepared in 9 areas. In order for the applicant to be comfortable working with the Atlas of New Professions, it was developed according to a universal model. It is based on six main trends (enbek.kz, 2024).

Leading trends:

1. The spread of the introduction of robots and intelligent systems

2. Digitalization and the expansion of the scope of big data.

3. Depletion of natural resources of raw materials.

4. Strengthening environmental standards.

5. Offering new types of professions to representatives of generations Y and Z.

6. Changing consumer preferences

The following professional competencies were selected in the proposed atlas:

- systems thinking;
- interdisciplinary communication;
- ecological thinking;
- project and process management;
- customer orientation;
- programming, robotics, artificial intelligence;
- artistic creativity;
- multilingualism and multiculturalism.

RBC Trends has studied the forecasts of Russian and foreign futurologists and compiled a list of the most in-demand professions in the next 30 years. These are professions in 19 areas, from medicine and transport to culture and space (RBC Trends, 2023).

Future professions are professions at the intersection of several disciplines that will appear in 15-20 years. They will supplement or replace existing ones. For example, truck drivers will be replaced in some places by unmanned vehicles. The vehicle will drive itself, and a person will develop, control and service this vehicle. The profession of a drone operator will be widely developed, and the scope of use of unmanned vehicles will expand.

To understand the professions of the future, you need to study them. RBC Trends has analyzed the forecasts of futurologists and researchers around the world and compiled a list of 150 professions of the future. It includes specific professions that have already emerged or will appear in the near future, namely: Medicine; Ecology, Information Technology (IT); Biotechnology; Robotics; Agriculture; Transport; Energy and Resources; Construction; Light Industry; Social Sector; Security; Entrepreneurship and Finance; Children's Products and Services; Education; Media; Culture and Arts; Tourism and Hospitality; Space.

Why should you keep an eye on the professions of the future? According to the Jobs of Tomorrow report, more than 75 million people in the world may lose their jobs due to robotization and automation. Oxford predicts that robots will perform half of all jobs in 15-20 years. 53% of employed people are confident that their jobs will change significantly or become obsolete in the next ten years, and 77% are retraining and changing their profession.

Results and discussion

To determine the aptitude for the profession, 25 female students of the 9th «C» class of the «Bilim-Innovation» boarding school for gifted girls and 25 students of the 9th «A» class of secondary school №114 of the 2nd school in Astana participated. 50 students who participated in the experiment (in online format) answered 50 test questions in Google Forms. The first 10 test questions out of these 50 test questions are given below in the article.

1. What do you like to do in your free time?

A) Talking with friends, socializing with people

B) Playing with/repairing tools and equipment

C) Being in nature, caring for animals

D) Drawing, listening to music or making videos
E) Logic games, solving problems
2. If you had to choose one additional subject at school, which one would you choose?
A) Biology or ecology
B) Robotics or computer science
C) Psychology or debate
D) Drawing, design or music
E) Finance and economics or entrepreneurship
3. What tasks do you find easy to master?
A) Helping people
B) Collecting things according to instructions
C) Recording information in a table, notebook
D) Coming up with a new idea
E) Maintaining order and rules
4. If you were offered a 1-day internship, which one would you choose?
A) Being an assistant in a hospital
B) Working with a car mechanic
C) Being in a photo studio or creative center
D) Doing experiments in a laboratory
E) Working with documents in a library or office
5. How do you feel most like yourself?
A) A person who supports people
B) A practical expert
C) A researcher
D) A creative person
E) An organizer
6. What subject at school is not difficult for you to master?
A) Literature / History
B) Physics / Computer Science
C) Biology / Geography
D) Music / Art / Technology
E) Mathematics / Economics (Klimov E.A., 2025).

The results of the 9th «C» grade students of the «Boarding Lyceum «Bilim-Innovation» for Gifted Girls» who answered 50 test questions in the Google form are shown in Figure 1. In the diagram, 16.7% of the students chose a profession with a social orientation, and 83.3% chose a realistic one.



Figure 1. Results of students of the boarding school «Bilim-innovation» for gifted girls

The results of students of Grade 9 «A» of Secondary School №114, who answered 50 Test Questions in the Google form, are presented in Figure 2. In the chart, 28.6% of students chose the type of creative specialty, 71.4% chose the realistic one



Figure 2. The result of high school students №114

The following specialties are offered to students, as presented in the Atlas of New Professions:

Professions of the Future in the Social Sphere

Not everyone can confidently keep up with the changes that the world is facing. In this case, specialists who help to find a common language with advanced contemporaries, «smart» machines and other cultures come to the rescue. For example, social moderators act as mediators between conflicting parties or people with completely different views.

1. A mediator of social conflicts is a specialist who helps to resolve conflicts between groups of people in a peaceful, humane way.

2. A specialist in adapting people with disabilities to work on the Internet is a specialist who helps people with disabilities to enter social life and adheres to humane relationships. His help may be manifested in training for remote work, organizing the labor process, choosing communication platforms and educational programs.

3. A social moderator is a specialist who organizes the work of the group on a topic, problem, or project in order to quickly and effectively achieve practical results.

4. Migrant adaptation specialist - a social worker who helps people who have moved from other countries to adapt to a new place. This helps them improve their lives, adapt to a new social and living environment, learn the language, find work and housing, and provide support during their studies.

5. Crowdsourcing of public issues - a specialist who collects, analyzes public problems and attracts resources to solve them. This is a new specialty at the intersection of management, sociology, law and information technology.

6. Accessible environment designer - develops infrastructure solutions for children, pensioners and people with physical disabilities in yards, entrances, and houses.

7. Longevity consultant - helps people of advanced age live well.

8. Reintegrator - a specialist who helps immigrants integrate into a new society.

9. Decision support - listens to the needs of clients, collects additional data that the client does not have access to, understands this information and helps make decisions.

Future professions in education

We now live in a continuous learning mode, based on the concept of lifelong learning. New tools and approaches are needed to constantly learn. The general education system certainly creates conditions for the development of individual visions for each pupil and student. The mentors and teachers of the future will recognize and develop the talents of each person from an early age.

10. Early childhood teacher - helps children develop their potential.

11. Educational trajectory designer - an educational expert who creates a curriculum from online and offline courses, internships, and simulators.

12. Game master - a specialist who uses game technology to educate children and introduce them to the learning or work process. Such employees are needed in schools, universities, various educational centers, as well as businesses. The introduction of a game approach to learning, work and other areas is called gamification.

13. The author of educational courses based on artificial intelligence - an IT specialist who develops online courses based on the student's knowledge and interests. An IT specialist is responsible for creating an individual curriculum, conducting exams, motivating students and answering questions in the chat.

14. Personal education and career growth instructor (guide) - a specialist who helps to define and achieve professional goals. This instructor analyzes clients' abilities, identifies strengths and weaknesses, and helps create an individual educational program closely related to their career.

15. Mind fitness trainer - a specialist who helps develop the client's cognitive skills with the help of special techniques.

16. Talent search and development expert - a person who searches for talented employees, develops them and invites them to work in the company. This also helps them quickly adapt to a new job, and in the event of an employee being fired from the company, they are engaged in creating a permanent personnel reserve so that they can be quickly replaced.

17. Online education platform coordinator - a specialist within an educational institution or project who supports the preparation of online courses, organizes and promotes them, moderates the relationship between teachers and students, and formulates requirements for refining the platform.

18. An artificial intelligence teacher teaches people to make the most of the capabilities of artificial intelligence.

19. A memory optimizer - installs digital implants in the memory and helps increase the amount of working memory by removing unnecessary information.

20. A lifelong learning consultant helps you choose the most suitable programs for professional development, gives advice on how to implement learning in life, and offers suggestions for new career directions.

Creative professions:
Future professions in the media

Media professionals in the field of entertainment and information work provide information at the intersection of real and fictional worlds.

1. An infostylist is a specialist who selects content and style that match the client's needs and personal brand.

2. A virtual world designer is a specialist in creating fictional realities and metaverses.

3. A virtual reality engineer is a specialist who creates virtual and augmented reality programs for smartphones, computers, helmets, and glasses.

4. Media software developer is a specialist who creates tools for searching, processing and distributing information on the Internet, such as search engines, semantic analyzers, aggregators, etc.

5. A cross-cultural communication manager is a specialist who helps multinational corporations work with foreign partners, taking into account all kinds of cultural differences.

6. Emotion designer - a specialist who creates emotional moods through new information channels, for example, by directly affecting the senses.

7. Virtual tour operator - designs, writes, gamifies and, most importantly, personalizes a virtual adventure, allowing the client to experience everything they want.

8. Tactile technology designer - uses kinesthetic or tactile feedback to achieve realistic sensory control, touch recognition and precise control of movements in virtual reality.

9. Media remixer - combines media from different times to create unique products or experiences, such as video, audio, images and virtual reality.

Future professions in culture and art

The more people delegate everyday tasks to machines, the more they begin to create original works of art. A person is more focused on creativity, research, spiritual and moral communication with other people and nature, rather than on satisfying basic needs. Entire professional fields are changing, and new jobs are emerging in the field of culture and art. Education, tourism, and the media play an important role in the fields related to art.

10. Science artist - a specialist who creates works of art based on scientific research using modern technologies.

11. Collective creative curator - a specialist who unites professionals into one artistic group to implement a specific project. Such associations of creative people may include scientists, IT specialists, artists, engineers, etc.

12. Art appraiser - a specialist who determines the artistic value of contemporary works of art.

13. Creative mood trainer - helps inspire people in creative professions.

Realistic specialties:

Future specialties in medicine

To prolong life and improve its quality, specialists of the widest range of profiles will be needed, from remote doctors and personal health managers to geneticists and transplantologists.

1. An online therapist - a doctor who makes a preliminary diagnosis in order to identify the patient's symptoms and refer them to the right specialist. He checks how the therapy is going and recommends preventive measures online.

2. An expert in personalized medicine is actually an ordinary attending physician, but with in-depth knowledge of genetics: he knows how to conduct and interpret DNA tests.

3. A bioethicist is a specialist at the intersection of medicine, technology and law. He organizes communication between a person or his relatives and doctors, lawyers, and geneticists to solve complex medical and biological problems.

4. A creator of cyberprostheses and implants is a medical engineer who works together with designers and roboticists to create bionic artificial limbs.

5. Brain implant specialist - a person who designs, fits, adjusts and maintains devices that are attached to or even implanted in a patient's head.

6. Medical marketer - a specialist in marketing companies and businesses in the healthcare sector.

7. Genetic engineer - a scientist who works with the genes of living organisms.

8. Biohacking and programmable health specialist - a doctor who studies how to improve the functioning of the body with drugs, diets, exercises and other methods in order to live a better life and slow down aging.

9. Medical robot operator - a specialist who programs and configures diagnostic, therapeutic, surgical and other robots that help doctors perform various procedures, as well as control them.

10. A molecular nutritionist creates individual nutrition schemes based on data on the molecular composition of food. Takes into account the results of the client's genetic analysis and the characteristics of his physiological processes.

11. Healthy aging consultant - helps retirees adjust their lifestyle, choose healthy eating and physical activity. Thanks to such specialists, the elderly are less likely to turn to doctors, which reduces the burden on healthcare.

12. Virtual surgeon - a doctor who performs complex operations without being in the same room with the patient or in the city. This is especially important to help people living in rural areas and to increase the capabilities of highly specialized surgeons.

13. Cyborg psychologist - a specialist who helps people with synthetic organs, robotic limbs and body implants live like cyborgs.

14. Nanomedical engineer develops and plans personalized treatment methods using nanoparticles. These very small particles help detect, for example, cancer cells.

Conclusion

In conclusion, at present, the country considers the main task to train a professionally competent specialist in accordance with the requirements of updated education, and therefore constantly adheres to the principles of progressive development. Only a nation that puts knowledge above all else in its value system will succeed. In this regard, our young people aim to be on a par with developed countries in the modern era of globalization and introduce artificial intelligence to most related professions. An atlas of new professions was presented for applicants, and the service «teacher profientator» was introduced in all secondary schools of Kazakhstan. This specialist plays a key role in school education and helps students determine their future profession. He organizes and manages career guidance activities, helps students understand their professional preferences, and supports them in choosing a career path.

Choosing a future profession for high school students is a very difficult and responsible step that requires a lot of research. Our goal in conducting research work is to help high school students choose the right profession based on their inclinations, systematically guiding them in choosing a profession.

Our tasks in organizing career guidance work:

- formation of the student's worldview about the profession;
- to explain the social significance of the profession, to explain its social role today, to explain its relationship;
- improving students ' thinking, perception, intuition, and creative abilities when choosing a profession;
- improving the spiritual world by introducing a variety of types of professions;
- armed with the basics of knowledge on the harmony of society, nature and humanity by choosing a profession;
- introduction to the Atlas of new professions and competencies;
- consultation on new professions.

Contribution of the authors:

A.E. Botabayeva – research, compilation, analysis and interpretation of the results of the work, contribution to the concept of writing a text. For schoolchildren, Google was responsible for conducting and processing the test in the form.

Y.K. Uisimbayev – conducting empirical work, critical attitude to the content of the article; approval of the final version of the article for publication

S.S. Baisarina – conducting empirical work, a critical attitude to the content of the article; research and solving problems related to the reliability of data and the integrity of all parts of the article.

A.N. Zhumadilova – she developed a research methodology and was responsible for writing methods.

S.K. Sekebayeva – participated in the collection and processing of test questions for schoolchildren. Google made a test in the form and translated the article into English.

References

Amanova A.K., Butabayeva L.A., Abayeva G.A., Umirbekova A.N., Abildina S.K., Makhmetova A.A. (2025). A systematic review of the implementation of STEAM education in schools. Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education, 2025, 21(1). https://doi.org/10.29333/ejmste/15894

Mukanova N.E., Asylbekova M.P., Khazhgaliyeva G.Kh., Kassenov Kh.N., Mukatayeva K.B. (2025). Training of students' digital skills to prevent cyberbullying. // Bulletin of Toraighyrov University. Pedagogics series DOI: 10.48081/KPTN4794

Sanatbay P., Smailova G., Shalgynbayeva K., Asilbekova M., Tauekelova A. (2025). Problem-Oriented Learning as a Method of Developing Soft Skills Among Students of Pedagogical Specialties. // by Educ. Sci. 2025, 15(7), 861; Published: 4 July 2025. https://doi.org/10.3390/educsci15070861

Saparbaikyzy Sh, Assilbayeva F., Botabayeva A., Kim O., Akparova Zh., Bekbayeva M. (2023). A Study on Scientific Thinking Skills and Professional Experience of Teachers. // International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology. 2023. V.11.- Iss. 3. P. 570-585. DOI 10.46328/ijemst.3308

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы (2024). «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат. – Астана, 2024. – 113 б.

enbek.kz (2024). «Атлас новых профессий и компетенций». Доступно по адресу: https://atlasbt.enbek.kz/ (дата обращения: 24 сентября 2024 г.)

Ботабаева А.Е., Мамикова У.О. (2024). Кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырудың әдістемесі: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Эверо, 2024. – 128 б.

https://trends.rbc.ru/trends/ (2024). «РБК Трендов». Доступно по адресу: https://trends.rbc.ru/trends/education/5d6e48529a7947777002717b (дата обращения: 25 сентября 2024 г.)

Климов Е.А. (2017). Обзорная классификация профессий для информационного обеспечения профессионального самоопределения молодежи. М.: ПЕР СЭ, 2017.

Ботабаева А.Е.[1], Уйсимбаев Е.К.*[2], Байсарина С.С.[3],
Жумадилова А.Н.[4], Секебаева С.К.[5]

[1,3,4,5]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
[2]Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Өңірлік даму және бақылау бөлімі, Астана, Қазақстан

Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырудың заманауи әдістемесі

Аңдатпа. Мақалада кәсіби бағдар беру жұмыстарын жалпы орта білім беретін мектептерде жүргізудің өзектілігін, жаңа кәсіптер мен құзыреттер Атласы негізінде ұйымдастырудың маңыздылығы туралы айтылған. Белсенді өзгеріп жатқан қазіргі әлем жағдайында еңбек

нарығы да тез өзгеруде. Кейбір мамандықтар пайда болып, танымалдылығы артса, енді басқа мамандықтар аз сұранысқа ие болып, ұмытыла бастайды. Демек, «Қандай мамандықты игерген дұрыс?» деген ой келеді.

Беделді мамандық көпшілікті қызықтырады және алдымен оқуға түскен кезде, кейіннен жұмыс орнына тұрарда байқауда жоғары бағаланады. Сондықтан да жоғары табыс пен мансаптық жетістікке жету үшін талапкер қиын сынақтар мен үлкен бәсекелестікке дайын болуы керек. Талапкер бүгінгі таңда және болашақта сұранысқа ие болатын мамандықтарды Жаңа кәсіптер Атласының көмегімен таңдауына мүмкіндік бар. Жаңа кәсіптер мен құзыреттер Атласы – бұл әр сала сарапшыларының пікірінше, қазірдің өзінде сұранысқа ие және жақын арада пайда болатын кәсіптер жинағы. Бұл атласта бізге жақын болашақта 5-10 жыл көлемінде үлкен сұранысқа ие болатын мамандықтар тізімін береді. Атласта ұсынылған бірнеше жаңа мамандық сипаттамасы мақалада берілген. Сонымен қатар, Астана қаласындағы 2 орта мектептің 9 сынып оқушыларының кәсіпке бейімділігін анықтау бойынша жүргізілген эксперимент нәтижесі көрсетілген.

Түйін сөздер: педагогтер, оқушылар, кәсіби бағдар беру, Жаңа кәсіптер мен құзыреттер Атласы, құзыреттер, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект.

А.Е. Ботабаева[1], Е.К. Уйсимбаев *[2], С.С. Байсарина[3],
А.Н. Жумадилова[4], С.К. Секебаева[5]

1,3,4,5Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.
2Отдел регионального развития и контроля Аппарата Правительства Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

Современная методика организации профориентационной работы

Аннотация: В статье подчеркивается актуальность проведения профориентационной работы в общеобразовательных школах, важность ее организации на основе Атласа новых профессий и компетенций. В условиях активно меняющегося современного мира быстро изменяется и рынок труда. Некоторые профессии появляются и набирают популярность, другие становятся менее востребованными и забываются. Возникает вопрос: «Какую профессию лучше освоить?».

Престижная профессия привлекает многих и при поступлении на обучение, а затем имеет преимущества при трудоустройстве. Поэтому для достижения высокого дохода и карьерного успеха кандидат должен быть готов к трудным испытаниям и большой конкуренции. В настоящее время кандидат с помощью Атласа новых профессий имеет возможность выбрать профессии, которые будут востребованы сегодня и в будущем. Атлас новых профессий и компетенций – это сборник профессий, которые, по мнению экспертов каждой отрасли, уже востребованы и появятся в ближайшее время. Данный атлас представляет перечень профессий, которые будут пользоваться большим спросом в ближайшие 5–10 лет. В статье представлены несколько новых профессий вместе с описанием, приведенных в данном атласе. Также, показаны результаты проведенного эксперимента по выявлению склонности к профессиям учащихся 9-х классов двух средних школ г. Астаны.

Ключевые слова: педагоги, учащиеся, профориентация, Атлас новых профессий и компетенций, компетенции, цифровые технологии, искусственный интеллект.

References

Amanova A.K., Butabayeva L.A., Abayeva G.A., Umirbekova A.N., Abildina S.K., Makhmetova A.A. (2025). A systematic review of the implementation of STEAM education in schools. Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education, 2025, 21(1). https://doi.org/10.29333/ejmste/15894

Mukanova N.E., Asylbekova M.P., Khazhgaliyeva G.Kh., Kassenov Kh.N., Mukatayeva K.B. (2025). Training of students' digital skills to prevent cyberbullying. // Bulletin of Toraighyrov University. Pedagogics series DOI: 10.48081/KPTN4794

Sanatbay P., Smailova G., Shalgynbayeva K., Asilbekova M., Tauekelova A. (2025). Problem-Oriented Learning as a Method of Developing Soft Skills Among Students of Pedagogical Specialties. // by Educ. Sci. 2025, 15(7), 861; Published: 4 July 2025. https://doi.org/10.3390/educsci15070861

Saparbaikyzy Sh, Assilbayeva F., Botabayeva A., Kim O., Akparova Zh., Bekbayeva M. (2023). A Study on Scientific Thinking Skills and Professional Experience of Teachers. // International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology. 2023. V.11.- Iss. 3. P. 570-585. DOI 10.46328/ijemst.3308

Y.Altynsarın Ulttyk bilim Akademıasy (2024). «2024-2025 oku gylynda Kazakstan Respiblıkasynyn galpy bilim beretininde bilim beru prosesinde uıymshyldyqtyn erekshiligi turaly» [On the peculiarities of organizing the educational process in general education schools of the Republic of Kazakhstan in the 2024-2025 academic year]. Adistemelik nuskau hat. - Astana, 2024. – 113 b. [in Kazakh]

«Атлас новых профессий и компетенций». Доступно по адресу: (дата обращения: 24.09.2024 г.) enbek.kz (2024). Atlas novyh professii and competencii [Atlas of new professions and competencies]. Available at: https://atlasbt.enbek.kz/... (Accessed: 24 September 2024) [in Russian]

Botabayeva A.E., Mamıkova U.O. (2024). Kasibi bagdar beru jumystaryn uımdastyrudyn adistemesi [Methodology of organizing professional guidance work]. Oku- adistemelik kural. - Almaty: Evero, 2024. – 128 b. [in Kazakh]

https://trends.rbc.ru/trends/ (2024). RBK trendy [RBC Trendov] Available at: https://trends.rbc.ru/trends/education/5d6e48529a7947777002717b... (Accessed: 25 September 2024) [in Russian]

Klımov E.A. (2017). Obzornaia classificazia professii dlia informazionnogo obespechenia professionalnogo samoopredelenia molodegi [Overview classification of professions for informational support of professional self-determination of youth]. - M.: PER SE, 2017. [in Russian]

Information about the authors:

A.E. Botabayeva – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior lecturer, Department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev street, 2, 010008, Astana, Kazakhstan

Y.K. Uisimbayev – corresponding author, Regional Inspector, Department of the Real Sector and Regions of the Government of the Republic of Kazakhstan, Mangilik El Ave., 6, 010008, Astana, Kazakhstan

S.S. Baisarina – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior lecturer, Department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev street, 2, 010008, Astana, Kazakhstan

A.N. Zhumadilova – Master of Pedagogical Sciences, Senior lecturer, Department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev street, 2, 010008, Astana, Kazakhstan

S.K. Sekebayeva – 7M01802 – the first course master's student of Management and leadership in education, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev street, 2, 010008, Astana, Kazakhstan

Авторлар туралы мәліметтер:

Ботабаева А.Е. – п.ғ.к., Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі, 2, 010008, Астана, Қазақстан

Уйсимбаев Е.К. – хат-хабар авторы, Мемлекеттік және жергілікті басқару магистрі, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Өңірлік даму және бақылау бөлімінің өңірлік инспекторы, Мәңгілік Ел даңғылы, 6, 010008, Астана, Қазақстан

Байсарина С.С. – п.ғ.к., Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі, 2, 010008, Астана, Қазақстан

Жумадилова А.Н. – Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі, 2, 010008, Астана, Қазақстан

Секебаева С.К. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 7М01802 – «Білім берудегі менеджмент және лидерлік» ББББ 1 курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі, 2, 010008, Астана, Қазақстан

Сведения об авторах:

Ботабаева А.Е. – к.п.н., старший преподаватель кафедры педагогики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, г. Астана, Казахстан

Уйсимбаев Е.К. – автор для корреспонденции, магистр государственного и местного управления, региональный инспектор, Отдел регионального развития и контроля Аппарата Правительства Республики Казахстан, проспект Мәңгілік Ел, 6, 010008, г. Астана, Казахстан

Байсарина С.С. – к.п.н., старший преподаватель кафедры педагогики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, г. Астана, Казахстан

Жумадилова А.Н. – магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры педагогики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, г. Астана, Казахстан

Секебаева С.К. – магистрант 1 курса ОП 7М01802 «Менеджмент и лидерство в образовании», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, г. Астана, Казахстан

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY
ISSN: 3080-1710. ISSN (Online): 3104-462X

ХҒТАР 14.35.09 https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-154-1-101-116
Ғылыми мақала

Информатикадағы жүйелік объектілердің танымдық жобалануы: қабылдау мен сананың ерекшеліктерін ескеру

***С.М.Калмен[1], Ahn Sangsoo[2]**

[1]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.
[2]Данкук университеті, Корея Республикасы

*(e-mail: *[1]sagi1994@mail.ru, [2]kupass88@nate.com)*

Аңдатпа. Бұл мақалада информатикадағы жүйелік объектілерді танымдық (когнитивтік) жобалаудың пайдаланушының қабылдау үдерісі мен санасына тигізетін әсерін зерттеу мәселесі қарастырылады. Заманауи ақпараттық жүйелердің күрделенуі оларды жобалау кезінде тек техникалық факторларды ғана емес, сонымен қатар когнитивтік және эмоциялық аспектілерді міндетті түрде ескеруді талап етеді. Зерттеу когнитивтік жүктеме теориясы (Sweller, 1988), мультимедиялық оқыту принциптері (Mayer, 2009), визуалды ақпаратты ұсыну қағидалары (Tufte, 2001; Ware, 2012) және эмоциялық дизайн моделі (Norman, 2002) сияқты негізгі теориялық тұжырымдамаларға сүйенеді.

Зерттеу әдістемесі сапалық салыстырмалы талдауға негізделген. Қазақстанның білім беру бағытындағы үш цифрлық платформаның (BilimLand, Kundelik, Smart Bilim) интерфейстеріне сараптамалық бағалау жүргізілді. Бағалау үш сарапшы (информатика оқытушылары және UX-дизайнер) арқылы 5 балдық шкала бойынша жүзеге асырылды. Негізгі критерийлер: когнитивтік жүктеме деңгейі, визуалды иерархия, навигация интуитивтілігі, эмоциялық тартымдылық және кері байланыс сапасы.

Нәтижелер көрсеткендей, визуалды иерархияны сақтау, ақпаратты дозалап беру, артық элементтерді (chartjunk) азайту және позитивті эмоциялық элементтерді (жұмсақ түстер, микроанимациялар, достық хабарламалар) қолдану интерфейстің жалпы тиімділігін айтарлықтай арттырады, пайдаланушының зейін тұрақтылығын күшейтеді және мотивациясын жоғарылатады. Қазақстандық контексте ұлттық оюөрнек элементтерін интеграциялау қабылдауды және зейінді едәуір жақсартатыны байқалды.

Түсті: 15.10.2025; Мақұлданды: 15.03.2026; Онлайн қолжетімді: 31.03.2026

***хат-хабар авторы**

Зерттеу нәтижелері білім беру интерфейстерін жобалауда когнитивтік және эмоциялық факторларды кешенді ескерудің маңыздылығын растайды. Болашақ бағыт ретінде нейрофизиологиялық деректер (ЭЭГ, eye-tracking) негізінде нақты уақытта бейімделетін нейроадаптивті және интеллектті интерфейстерді дамыту ұсынылады. Бұл тәсіл Қазақстанның «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында ұлттық білім беру платформаларын дамытуға ғылыми-әдіснамалық негіз бола алады.

Түйін сөздер: танымдық дизайн, жүйелік объект, когнитивтік жүктеме, эмоциялық дизайн, адам-компьютер өзара әрекеттесуі, визуализация, нейроадаптивті интерфейстер.

Кіріспе

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғамда білім беру жүйесінің цифрлануы қарқынды дамуда. Қазақстанда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында BilimLand, Kundelik, Smart Bilim сияқты білім беру платформалары кеңінен қолданылуда. Бұл платформалар оқушылар мен студенттерге қолжетімді, интерактивті және жекелендірілген оқу ортасын ұсынады. Алайда, ақпараттық жүйелердің күрделенуі интерфейстерді жобалауда тек техникалық тиімділікті ғана емес, сонымен қатар пайдаланушының когнитивтік (танымдық) және эмоциялық ерекшеліктерін міндетті түрде ескеруді талап етеді. Пайдаланушының ақпаратты қабылдауы, өңдеуі, есте сақтауы және шешім қабылдауы интерфейс дизайнына тікелей байланысты болады. Когнитивтік жүктеме шамадан тыс болған жағдайда оқу тиімділігі төмендейді, ал эмоциялық жайлылық болмағанда мотивация әлсірейді және материалды меңгеру нашарлайды.

Танымдық дизайн (cognitive design) адамның қабылдау, зейін, жұмыс жадысы және ойлау үдерістерін ескере отырып жүйелік объектілерді жобалау тәсілі ретінде қарастырылады. Эмоциялық дизайн (emotional design) пайдаланушының бірінші әсерін, ыңғайлылығын және ұзақ мерзімді қанағаттануын қалыптастырады. Бұл екі фактордың бірігуі адам-компьютер өзара әрекеттесуінің (HCI) сапасын анықтайды, әсіресе білім беру платформаларында, мұнда оқу нәтижесі мотивация мен когнитивтік күш-жігерге тәуелді.

Қазақстандық білім беру контекстінде бұл мәселе ерекше өзекті. Оқушылардың көпшілігі қазақ және орыс тілдерінде оқиды, ұлттық мәдени элементтер (ою-өрнек, түстер палитрасы) қабылдауды жақсарта алады. Соңғы зерттеулер көрсеткендей, цифрлық білім беру құралдары когнитивтік дамуды қолдайды, бірақ олардың тиімділігі интерфейстің танымдық және эмоциялық аспектілеріне байланысты (мысалы, cloud-based learning платформалары оқушылардың когнитивтік қабілеттерін арттырады, егер дизайн жоғары сапалы болса). Алайда, көптеген платформаларда визуалды шамадан тыс жүктеме, навигацияның күрделілігі және эмоциялық тартымдылықтың жетіспеушілігі байқалады, бұл оқуға деген қызығушылықты төмендетеді.

Зерттеудің мақсаты – информатикадағы жүйелік объектілердің танымдық жобалануының пайдаланушының қабылдауы мен санасына әсерін талдау және білім

беру платформаларының интерфейстерін оңтайландыру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу міндеттері:

1) танымдық және эмоциялық дизайнның теориялық негіздерін шолу;

2) когнитивтік үдерістердің (қабылдау, зейін, жады) және эмоциялық факторлардың интерфейс құрылымына ықпалын анықтау;

3) Қазақстандық білім беру платформаларының (BilimLand, Kundelik, Smart Bilim) интерфейстерін салыстырмалы талдау;

4) когнитивтік жүктемені азайту, визуалды иерархияны сақтау және эмоциялық тартымдылықты арттыру бойынша практикалық ұсыныстар дайындау;

5) болашақта нейроадаптивті интерфейстерді енгізудің перспективасын бағалау.

Қазақстанның білім беру саласындағы цифрлану деңгейі соңғы 5 жылда қарқынды өсті: 2025 жылғы деректер бойынша, мектеп оқушыларының 85%-дан астамы электронды күнделік пен цифрлық оқулықтарды қолданады. Алайда, осы платформалардың тиімділігі интерфейс сапасына тікелей байланысты. Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, нашар дизайндалған интерфейстер оқу мотивациясын 20–40%-ға төмендетеді және когнитивтік шаршауды тудырады. Қазақстандық контексте бұл мәселе екі есе өзекті: көптілді орта (қазақ, орыс, ағылшын) және мәдени ерекшеліктерді ескеру қажеттілігі интерфейс жобалауды күрделендіреді. Сондықтан танымдық және эмоциялық факторларды кешенді зерттеу білім беру цифрлануының сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Зерттеу білім беру саласындағы цифрлық трансформацияның сапалық жаңа деңгейіне көшу үшін маңызды. Танымдық және эмоциялық факторларды кешенді ескеру интерфейстерді тек функционалды ғана емес, сонымен қатар жайлы, мотивациялық және тиімді етеді, бұл оқу нәтижелерін жақсартуға және цифрлық сауаттылықты арттыруға ықпал етеді

Әдебиеттерге шолу

Танымдық дизайн (cognitive design) адамның когнитивтік үдерістерін – қабылдау, зейін, жұмыс жадысы, ойлау және шешім қабылдауды – ескере отырып, ақпараттық жүйелер мен интерфейстерді жобалау тәсілі болып табылады. Бұл тәсіл пайдаланушының ақпаратты тиімді өңдеуіне және эмоционалдық жайлылыққа бағытталған (Norman, 2002).

Когнитивтік жүктеме теориясы (Cognitive Load Theory, CLT) (Sweller, 1988) ұсынған негізгі тұжырымдамалардың бірі. Теорияға сәйкес, жұмыс жадысының көлемі шектеулі 7±2 элемент ережесіне ұқсас, сондықтан интерфейсте артық ақпарат (extraneous load) когнитивтік ресурстарды босқа жұмсайды (Miller, 1956). Заманауи зерттеулер CLT-ны цифрлық білім беру орталарына қолдануды жалғастыруда: мысалы, нашар құрылымдалған мультимедиялық материалдар когнитивтік жүктемені арттырып, оқу нәтижелерін төмендетеді (Sweller, 2020). Сол сияқты, мультимедиялық оқыту теориясы (Cognitive Theory of Multimedia Learning, CTML) бойынша мәтін мен визуалды элементтердің үйлесімі ақпаратты дуальды канал арқылы өңдеуге мүмкіндік береді, бұл меңгеруді айтарлықтай жақсартады (Mayer, 2009). Соңғы зерттеулерде CTML-

ді augmented reality (AR) және extended reality (XR) орталарына қолдану когнитивтік жүктемені төмендетіп, оқу тиімділігін арттыратыны расталды.

Визуалды дизайн аспектілері (Tufte, 2001) минимализм қағидаларымен және (Ware, 2012) қабылдау психологиясымен байланысты. Tufte «chartjunk» (артық графикалық элементтер) ақпаратты интерпретациялау уақытын ұзартатынын көрсетті. Ware түс, пішін және кеңістіктік орналасудың зейінді бағыттаудағы рөлін зерттеді: дұрыс таңдалған түстер назарды 30–50%-ға тиімдірек шоғырландырады. Білім беру интерфейстерінде бұл принциптер экрандағы ақпаратты құрылымдауға көмектеседі.

Эмоциялық дизайн (Norman, 2002) үш деңгейлі моделімен сипатталады: висцералдық (алғашқы әсер), мінез-құлықтық (ыңғайлылық) және рефлексиялық (ұзақ мерзімді бағалау). (Tractinsky, 2000) эстетика мен usability арасындағы корреляцияны дәлелдеді: тартымды дизайн пайдаланушыларға жүйені тиімдірек деп қабылдауға әкеледі. Соңғы жылдардағы зерттеулер эмоционалдық дизайнның мультимедиялық оқудағы рөлін растайды: позитивті эмоциялық элементтер (жұмсақ түстер, достық иконкалар, микроанимациялар) оқу нәтижелерін жақсартады, әсіресе тапсырма күрделілігі орташа болғанда (Um et al., 2012). Эмоционалдық дизайнның тапсырма қиындығымен модерациялануы – маңызды жаңалық.

Соңғы зерттеулер (2020–2025) танымдық дизайнды нейроғылым және жасанды интеллектпен біріктіруді көрсетеді. Нейроадаптивті интерфейстер ми сигналдарын (ЭЭГ) талдау арқылы когнитивтік жүктемені нақты уақытта реттей алады (Chen et al., 2022; Miller, G.A. 1956). Educational Neuroscience және AI когнитивтік жүктемені қайта анықтауда маңызды рөл атқарады (Sweller, 2020). XR технологияларында эмоционалдық дизайн мәдени мұраны сақтау және оқытуда қолданылады: gamification және immersive элементтер эмоционалдық резонанс пен когнитивтік эмпатияны күшейтеді (Um et al., 2012).

Қазақстандық білім беру контекстінде цифрлық платформалардың (BilimLand, Kundelik, Smart Bilim) интерфейстері цифрлық трансформацияның бөлігі болып табылады («Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы). Зерттеулер көрсеткендей, осы платформалар оқу процесін жаңғыртады, бірақ интерфейстің когнитивтік және эмоциялық сапасы әлі толық зерттелмеген (Makhataeva et al., 2025). Ұлттық ою-өрнек элементтері қазақ тіліндегі интерфейстерде зейінді арттырады, бұл этномәдени факторлардың маңызын көрсетеді.

Соңғы жылдардағы зерттеулер (2023–2025) танымдық дизайнды білім беру технологияларымен біріктірудің жаңа тенденцияларын көрсетеді. Мысалы, adaptive learning жүйелері пайдаланушының мінез-құлық деректерін (реакция уақыты, қате саны, навигациялық маршруттар) талдау арқылы интерфейсті динамикалық түрде өзгертеді, бұл когнитивтік жүктемені автоматты реттеуге мүмкіндік береді (Chen et al., 2022; Sweller, 2020). XR (extended reality) және AR технологияларында эмоционалдық дизайн иммерсивті орталарда қолданылады: gamification элементтері (бейджиктер, лидербордтар) және мәдени контекстке сәйкес визуалдар оқушылардың когнитивтік эмпатиясын және мотивациясын күшейтеді (Lin et al., 2025).

Қазақстандық зерттеулерде де осы бағыттар дамуда: Назарбаев Университетінің және Astana Hub жобаларында ЭЭГ-гарнитуралар (Zander et al., 2011) қолданылып,

ми белсенділігіне негізделген бейімделгіш интерфейстер сынақтан өткізілуде. Бұл тәжірибелер көрсеткендей, нейрофизиологиялық деректерді қолдану материалды меңгеруді айтарлықтай жақсартады және шаршау белгілерін ерте анықтайды. Осылайша, танымдық дизайнның заманауи дамуы жасанды интеллект пен нейроғылымның интеграциясына негізделеді, бұл білім беру жүйелерін жекелендірілген және тиімді етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, танымдық және эмоциялық дизайнның интеграциясы заманауи білім беру жүйелерінің тиімділігін арттырудың негізгі факторы болып табылады. Когнитивтік жүктемені басқару, визуалды минимализм және эмоционалдық тартымдылықты ескеру – интерфейстерді жекелендірілген және мотивациялық етуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу сапалық және салыстырмалы талдау әдістемесіне негізделген. Зерттеу объектісі ретінде Қазақстанның білім беру бағытындағы үш ірі цифрлық платформасы таңдалды: BilimLand (интерактивті оқу контентіне бағытталған), Kundelik (мектептегі күнделік және электронды журнал жүйесі) және Smart Bilim (жекелендірілген оқытуға бағытталған мобильді және веб-платформа). Талдауға 2024–2025 жылдардағы соңғы нұсқалары (веб және мобильді қосымшалар) алынды.

Зерттеу әдістері мен құралдары:

1) Сараптамалық педагогикалық-дизайнерлік бақылау – үш тәуелсіз сарапшы (2 информатика және цифрлық білім беру саласындағы оқытушы, 1 тәжірибелі UX/UI-дизайнер) арқылы жүргізілді. Сарапшылардың әрқайсысы платформаларды жеке-жеке талдап, кейін нәтижелерді ортақ талқылады.

2) Когнитивтік жүктеме бағалауы – Sweller (1988) теориясы негізінде: элементтер саны (мәзір, иконкалар, мәтін блоктары), навигациялық тереңдік (деңгейлер саны), ақпарат дозасы және қосымша жүктеме (extraneous load) көрсеткіштері бағаланды.

3) Визуалды және эмоциялық элементтерді талдау – Tufte минимализмі және Norman эмоциялық дизайн моделі бойынша: түс палитрасының қолданылуы, пішіндер мен иконкалардың интуитивтілігі, микроөзара әрекеттесулер (анимациялар, хабарламалар), кері байланыс механизмі және эмоционалдық тон.

4) Матрицалық салыстырмалы бағалау – әр критерий бойынша 5 балдық шкала (1 – өте нашар, 5 – өте жақсы) қолданылды. Бағалау критерийлері алдын ала әзірленіп, сарапшылар арасында калибрлеу жүргізілді (вариация коэффициенті <0.15).

5) Қосымша деректер көздері – платформалардың ресми құжаттары (user guide, changelog), қолданушылардың пікірлері (Google Play/App Store шолулары, 2024–2025 жылдардағы 500+ пікір талданды), сондай-ақ білім беру министрлігінің және Astana Hub-тың есептері.

Зерттеу кезеңдері:

- Дайындық кезеңі (2025 жылдың қаңтар–ақпан айлары): теориялық модель қалыптастыру, бағалау критерийлерін әзірлеу (жалпы 12 критерий: 5 когнитивтік, 4 визуалды, 3 эмоциялық), сарапшыларды іріктеу және этикалық келісім алу.

- Негізгі талдау кезеңі (2025 жылдың наурыз–мамыр айлары): әр платформаның негізгі беттері (кіру экраны, басты бет, оқу модулі, тапсырма орындау беті, профиль)

жеке-жеке зерттелді. Әр сарапшы кемінде 3 сағаттық сессия өткізді, скриншоттар мен ноталар жинақталды.

- Салыстыру және талқылау кезеңі (2025 жылдың маусым айы): сарапшылардың бағалары матрицаға енгізілді, орташа мәндер есептелді, айырмашылықтар талқыланды және консенсусқа келді.

1-сурет. Зерттеудің үш кезеңі

Талдау нәтижелері қабылдау, зейін және эмоциялық жауап тұрғысынан жүйелік объектілердің тиімді және тиімсіз дизайн шешімдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу негізінде ғалымдардың Norman, D.A., Sweller, J., Mayer, R.E., Tufte, E.R., Ware, C. теориялық және эмпирикалық жұмыстары қолданылды. Когнитивтік үдерістердің (қабылдау, зейін, жады, ойлау) жүйелік объектілердің дизайнына әсері талданды. Танымдық дизайнның принциптері (шектеулерді ескеру, интуитивтілік, бейімделгіштік, кері байланыс) қарастырылды. Визуалды дизайн элементтерінің (түс, пішін, өлшем) әсерін зерттеу үшін салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Эмоциялық дизайнның деңгейлері (висцералдық, мінез-құлықтық, рефлексиялық) мен олардың пайдаланушы тәжірибесіне ықпалы зерттелді. Нейрофизиологиялық әдістерді (ЭЭГ, eye-tracking) қолдану мүмкіндіктері қарастырылды. Қазақстандық білім беру платформалары мен мобильді қосымшаларға негізделген практикалық қолдану мысалдары талданды.

Танымдық дизайн (cognitive design) – бұл адамның когнитивтік үдерістерін, соның ішінде қабылдау, зейін, жады және шешім қабылдау үдерістерін ескеретін жүйелерді жобалау тәсілі. Ақпараттану контекстінде танымдық дизайн пайдаланушының ақпаратпен өзара әрекеттесуін жеңілдететін жүйелік объектілерді жасауға бағытталған.

Ақпараттанудағы когнитивтік үдерістер пайдаланушы мен ақпараттық жүйелер арасындағы тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Оларға мыналар жатады:

1) Қабылдау – ақпаратты сезім мүшелері арқылы алу;
2) Зейін – маңызды элементтерге назар аудару қабілеті;
3) Жады – ақпаратты сақтау және оны қайта жаңғырту;
4) Ойлау – ақпаратты талдау және интерпретациялау.

Бұл үдерістер пайдаланушының интерфейсте ұсынылған деректерді қалай қабылдап, өңдейтінін анықтайды. Мысалы, қысқа мерзімді жады көлемі шектеулі (7±2 элемент), сондықтан деректер құрылымын жеңілдету және когнитивтік жүктемені азайту қажет. Осы үдерістерді жүйелерді жобалау кезінде ескеру арқылы пайдаланушыға ыңғайлы әрі интуитивті интерфейстер жасауға болады.

Қазақстандық білім беру жүйесінің ерекшеліктерін ескеру танымдық дизайнды жобалауда маңызды. Авторлық талдау барысында қазақ тіліндегі интерфейстерде ұлттық ою-өрнек элементтері, жұмсақ түстер мен визуалды иерархия қолданылған кезде білім алушылардың зейін деңгейі жоғары болатыны байқалды. Бұл қазақстандық цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеуде этномәдени факторларды ескеру қажеттігін көрсетеді.

2-сурет. Танымдық дизайнға әсер ететін когнитивтік үдерістер

Визуалды элементтер (түс, пішін, өлшем) білім алушылардың назарын бағыттауда және ақпаратты меңгеру жылдамдығында маңызды рөл атқарады. Tufte (2001) графиктердегі артық элементтер («chartjunk») интерпретация уақытын ұзартатынын көрсеткен. Ware (2012) зерттеулері бойынша, түстерді дұрыс таңдамау (мысалы, ақ фонда сары мәтін) оқу жылдамдығын 40%-ға төмендетеді. Осы принциптер білім беру интерфейстерінде экрандағы ақпаратты құрылымдауға және когнитивтік жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Автор жүргізген интерфейстерді салыстырмалы талдау нәтижелері көрсеткендей, визуалды элементтер (түс, пішін, өлшем) білім алушылардың назарын бағыттауда және ақпаратты меңгеру жылдамдығында маңызды рөл атқарады (3-сурет). Мысалы:

1. Түс – маңызды ақпаратты бөлектеу немесе деректерді топтастыру үшін қолданылады.

2. Пішін – объектілердің түрлерін ажыратуға көмектеседі (мысалы, әртүрлі функцияларға арналған иконкалар).

3. Өлшем – ірі элементтер көбірек назар аударады.

3-сурет. Интерфейсте түсті және пішінді қолдану мысалы

Интерфейсте түсті және пішінді қолдану мысалы (BilimLand және Smart Bilim платформаларындағы түс палитрасы, иконкалар мен өлшем иерархиясы).

Эмоциялық компонент пайдаланушының ақпараттық жүйелермен өзара әрекеттесуінде және тану үдерісінде шешуші рөл атқарады. Позитивті эмоциялық жауап ақпаратты жақсырақ есте сақтауға, қателерге төзімділікті арттыруға және жүйені қайта пайдалануға деген ықыласты күшейтеді (Norman, 2002; Tractinsky, 2000).

Сана қандай ақпарат өңделетінін және қайсысы еленбейтінін анықтайды. Егер жүйе бір уақытта тым көп ақпарат ұсынса, пайдаланушы маңызды бөлшектерді назардан тыс қалдыруы мүмкін.

Сана қандай ақпарат өңделетінін, ал қайсысы елеусіз қалатынын анықтайды. Бұл, әсіресе, пайдаланушы үлкен көлемдегі деректермен жұмыс істейтін ақпараттық жүйелер контекстінде маңызды. Мысалы, егер жүйе бір уақытта тым көп ақпарат ұсынса, пайдаланушы маңызды бөлшектерді назардан тыс қалдыруы мүмкін (4-сурет).

4-Сурет. Сананың ақпаратты сүзгілеу моделі

Сананың ақпаратты сүзгілеу моделі (когнитивтік жүктеме теориясы бойынша артық ақпарат еленбейді).

Зерттеу нәтижелері 1-кестеде берілген.

1-Кесте. Платформалардың интерфейстерінің салыстырмалы талдауы (5 балдық шкала, сарапшылардың орташа бағасы, 2025 жыл)

Критерий	BilimLand	Kundelik	Smart Bilim	Орташа
Когнитивтік жүктеме (төмен = жақсы)	4,2	3,1	4,5	3,93
Визуалды иерархия	4.5	3.8	4.0	4.1
Эмоциялық тартымдылық	4.0	2.9	4.3	3.73
Навигация интуитивтілігі	4.3	3.5	4.1	3.97
Кері байланыс сапасы	4.1	3.4	4.2	3.9

Платформалардың әрқайсысын жеке талдау нәтижелері келесі ерекшеліктерді көрсетті.

BilimLand платформасында визуалды иерархия ең жоғары бағаланды (4.5 балл). Басты бетте ірі тақырыптар, түрлі-түсті модульдер және минималды мәтін қолданылады, бұл зейінді бірден маңызды контентке бағыттайды. Сарапшылардың пікірінше, платформада қолданылатын пастелді түстер палитрасы (көк, жасыл, сарының жұмсақ реңктері) және ұлттық ою-өрнек элементтері қазақ тіліндегі оқушылардың эмоционалдық жайлылығын арттырады. Кері байланыс жүйесі (жасыл галочка, «Дұрыс!» хабарламасы және анимациялық жұлдыздар) мінез-құлықтық деңгейде оң реакция тудырады. Алайда,

кейбір интерактивті тапсырмаларда анимациялар шамадан тыс болғанда, когнитивтік жүктеме аздап артады (extraneous load).

Kundelik платформасында ең төмен көрсеткіштер байқалды, әсіресе когнитивтік жүктеме (3.1 балл) және эмоционалдық тартымдылық (2.9 балл). Мәзір құрылымы терең (4–5 деңгей), бір бетте 12–15 элементтен асады, бұл жұмыс жадысын шамадан тыс жүктейді. Түстер палитрасы қатаң (қою көк, сұр, ақ), хабарламалар формальды («Сақталды», «Қате»), эмоционалдық жайлылықты қамтамасыз етпейді. Сарапшылардың бағалауы бойынша, мұндай дизайн оқушылардың мотивациясын төмендетеді және тапсырмаларды орындау уақытын 15–25%-ға ұзартады. Оң жағы – навигациялық құрылымның тұрақтылығы және функционалдық толықтығы.

Smart Bilim платформасы эмоционалдық тартымдылық бойынша лидер (4.3 балл). Жекелендірілген интерфейс (пайдаланушы профиліне сәйкес түс таңдау, прогресс индикаторлары, жылы хабарламалар) рефлексиялық деңгейде оң әсер етеді. Микроанимациялар (батырма басқандағы жеңіл пульсация, дұрыс жауапқа жұлдызша) және қараңғы режимнің болуы шаршауды азайтады. Когнитивтік жүктеме орташа (4.5 балл), себебі кейбір модульдерде ақпарат дозасы жеткіліксіз құрылымдалған. Дегенмен, платформа бейімделгіштігі (адаптивті оқыту алгоритмдері) болашақта нейроадаптивті технологиялармен біріктірілсе, ең тиімді модель болуы мүмкін.

Жалпы талдау нәтижелері бойынша, визуалды минимализм мен эмоциялық дизайнның үйлесімі интерфейс тиімділігін ең жоғары деңгейге көтереді. Қазақстандық білім беру жүйесінде ұлттық мәдени элементтерді (ою-өрнек, дәстүрлі түстер) қолдану қабылдаудың мәдени сәйкестігін (cultural congruence) қамтамасыз етеді, бұл зейінді және мотивацияны айтарлықтай жақсартады. Бұл қорытынды этномәдени дизайнның маңыздылығын растайды және Қазақстанның цифрлық білім беру платформаларын дамытуда жаңа бағыт ұсынады.

Болашақтағы зерттеулер үшін ұсыныс: eye-tracking технологиясын қолдану арқылы нақты пайдаланушылардың (оқушылар мен студенттердің) назар траекториясын өлшеу және ЭЭГ деректері негізінде когнитивтік жүктеменің динамикалық өзгеруін бақылау. Мұндай эмпирикалық әдістер сапалық талдаудың субъективтілігін азайтып, нәтижелердің дәлдігін арттырады.

Кесте деректері үш сарапшының орташа бағасына негізделген. BilimLand және Smart Bilim платформалары визуалды және эмоциялық аспектілерде жоғары балл алды. Kundelik-те мәзір тереңдігі мен элементтер санының көптігі когнитивтік жүктемені арттырды.

Нәтижелер Sweller теориясын растайды: элементтер санын шектеу және визуалды иерархияны сақтау тапсырмаларды орындау жылдамдығын арттырады. Эмоциялық дизайн элементтері (жұмсақ түстер, микроанимациялар, достық хабарламалар) пайдаланушы мотивациясын күшейтеді, әсіресе қазақ тіліндегі интерфейстерде ұлттық ою-өрнек элементтері қолданылғанда зейін тұрақтылығы жоғары болады.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу нәтижелері сарапшылардың бағалауы және матрицалық талдау негізінде алынды. Негізгі нәтижелер 1-кестеде көрсетілгендей, BilimLand және Smart Bilim

платформалары визуалды иерархия мен эмоциялық тартымдылық бойынша жоғары баға алды (орташа 4.1 және 4.0 балл), ал Kundelik платформасында когнитивтік жүктеме мен навигация интуитивтілігі төмен болды (орташа 3.1 және 3.5 балл). Бұл айырмашылықтар платформалардың дизайн философиясына байланысты: BilimLand пен Smart Bilim-де минимализм, жұмсақ түстер палитрасы және микроанимациялар басым, ал Kundelik-те мәзір тереңдігі (4–5 деңгей) мен элементтер санының көптігі пайдаланушының зейінін шашыратады.

Когнитивтік жүктеме деңгейі Sweller (1988) теориясы бойынша бағаланғанда, BilimLand-те элементтер саны бір экранда 7–9-дан аспайды, бұл жұмыс жадысының шектеулілігін (7±2) ескерген тиімді шешім. Kundelik-те бір бетте 12–15 элементтен асатын жағдайлар жиі кездеседі, бұл extraneous load-ты арттырып, тапсырмаларды орындау уақытын ұзартады. Сарапшылардың пікірінше, визуалды иерархияны сақтау (бас тақырып → субтақырып → батырмалар) және white space (бос аймақтар) қолдану BilimLand-те зейінді 25–30%-ға тиімдірек шоғырландырады.

Эмоциялық тартымдылық бойынша Smart Bilim платформасы ең жоғары балл алды (4.3). Жұмсақ пастелді түстер, достық тондағы хабарламалар («Жарайсың! Келесі тапсырмаға өтейік») және микроанимациялар (батырма басқандағы жеңіл эффект) пайдаланушының висцералдық және мінез-құлықтық деңгейдегі оң реакциясын тудырады (Norman, 2002). Kundelik-те қатаң түстер (қою көк және сұр) және формальды хабарламалар эмоционалдық жайлылықты төмендетеді, бұл мотивация деңгейіне теріс әсер етеді.

Қазақстандық контексте ұлттық ою-өрнек элементтерінің қолданылуы (BilimLand-тегі фондық өрнектер, Smart Bilim-дегі иконкаларға қосылған мотивтер) қабылдауды жақсартатыны байқалды. Сарапшылардың субъективті бағалауы бойынша, қазақ тіліндегі интерфейстерде осындай элементтер зейін тұрақтылығын айтарлықтай жақсартады, бұл этномәдени факторлардың маңыздылығын растайды.

Талқылау нәтижелері Sweller когнитивтік жүктеме теориясын және Mayer мультимедиялық оқыту принциптерін толықтай қолдайды: мәтін мен визуалдың үйлесімі, артық элементтерді азайту және дозаланған ақпарат беру интерфейс тиімділігін едәуір арттырады. Norman эмоциялық дизайн моделі бойынша, позитивті эмоциялық жауап (трактың эстетика-usability корреляциясымен расталған) оқу мотивациясын және материалды есте сақтауды күшейтеді.

Қазақстандық білім беру платформалары үшін негізгі қорытынды: интерфейстің когнитивтік және эмоциялық сапасын жақсарту оқу нәтижелерін тікелей жақсартады. Мысалы, Kundelik-тегі мәзірді қысқарту және визуалды иерархияны күшейту когнитивтік жүктемені 20–25%-ға төмендетуі мүмкін. Болашақта нейроадаптивті технологияларды (eye-tracking және ЭЭГ деректері) енгізу интерфейсті нақты уақытта бейімдеуге мүмкіндік береді, бұл жекелендірілген оқу тәжірибесін қалыптастырады.

Осылайша, танымдық және эмоциялық факторларды кешенді ескеру білім беру интерфейстерін тек техникалық құралдан психологиялық жайлы және мотивациялық ортаға айналдырады. Зерттеу нәтижелері «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында ұлттық платформаларды дамытуға әдіснамалық негіз бола алады.

Практикалық тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері білім беру платформаларын әзірлеушілерге нақты ұсыныстар береді: интерфейс прототиптерін ерте кезеңде

пайдаланушылармен тестілеу, eye-tracking және A/B-тест әдістерін қолдану арқылы визуалды және эмоциялық элементтерді оңтайландыру. Қазақстандық платформаларда ұлттық ою-өрнек элементтерін жүйелі интеграциялау және жұмсақ түстер палитрасын қолдану оқушылардың зейін тұрақтылығын орта есеппен айтарлықтай жақсарту мүмкін. Бұл өзгерістер «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының мақсаттарына – білім сапасын арттыруға және цифрлық теңсіздікті азайтуға – тікелей үлес қосады. Сондықтан танымдық дизайн принциптерін мемлекеттік білім беру жобаларына міндетті түрде енгізу ұсынылады.

Kundelik платформасының талдауы көрсеткендей, қатаң және функционалдық дизайн мектеп мұғалімдері мен әкімшілік үшін тиімді болғанымен, оқушылар үшін эмоционалдық жайлылықты қамтамасыз етпейді. Қатаң түстер палитрасы мен формальды хабарламалар мотивацияны төмендетеді, ал мәзірдің тереңдігі (4–5 деңгей) когнитивтік жүктемені арттырады. Сарапшылардың пікірінше, осы кемшіліктерді жою үшін мәзірді 2–3 деңгейге қысқарту, жұмсақ түстерді (көк-жасыл реңктер) енгізу және оқушыларға арналған жылы кері байланыс жүйесін (мысалы, «Керемет! Тағы бір қадам қалды») қосу жеткілікті. Мұндай өзгерістер оқушылардың платформаны қайта пайдалану ықыласын 25%-ға дейін арттыруы мүмкін.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу информатикадағы жүйелік объектілердің танымдық жобалануы пайдаланушының қабылдауы мен санасына тікелей әсер ететінін растады. Қазақстандық білім беру платформаларының (BilimLand, Kundelik, Smart Bilim) интерфейстеріне жүргізілген салыстырмалы талдау көрсеткендей, когнитивтік жүктемені азайту, визуалды иерархияны сақтау және эмоциялық факторларды ескеру интерфейстің жалпы тиімділігін 20–30%-ға арттырады, зейін тұрақтылығын күшейтеді және оқу мотивациясын жоғарылатады.

Негізгі қорытындылар:

- Когнитивтік жүктеме теориясы (Sweller, 1988) және мультимедиялық оқыту принциптері (Mayer, 2009) бойынша элементтер санын шектеу (7±2 ережесі), артық ақпаратты (chartjunk) азайту және ақпаратты дозалап беру – интерфейстің негізгі тиімділігінің шарты.

- Эмоциялық дизайн моделі (Norman, 2002) және эстетика-usability корреляциясы (Tractinsky, 2000) бойынша жұмсақ түстер, микроанимациялар, достық хабарламалар және позитивті кері байланыс пайдаланушының висцералдық, мінез-құлықтық және рефлексиялық деңгейлердегі оң тәжірибесін қалыптастырады.

- Қазақстандық контексте ұлттық ою-өрнек элементтері, жұмсақ түстер палитрасы және мәдени мотивтер қазақ тіліндегі интерфейстерде зейінді және мотивацияны едәуір арттырады, бұл этномәдени факторларды дизайнда міндетті түрде ескеру қажеттігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері танымдық жобалаудың тек интерфейс эстетикасына қатысты емес, ақпараттық жүйелердің стратегиялық тиімділігіне әсер ететін фактор екенін дәлелдеді. Жүйелік объектілерді когнитивтік тұрғыдан дұрыс ұйымдастыру ақпаратты өңдеу жылдамдығын арттырып, қателік ықтималдығын төмендетеді, ал эмоциялық компонент ұзақ мерзімді пайдаланушылық адалдықты қалыптастырады.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы – когнитивтік жүктеме теориясын, эмоциялық дизайн моделін және нейроадаптивті технологияларды біртұтас жүйе ретінде қарастыруында. Бұл интеграциялық тәсіл ақпараттық жүйелерді жобалауда дәстүрлі техникалық көзқарасты кеңейтеді және адами-бағытталған дизайнның жаңа деңгейін ұсынады.

Болашақ зерттеулердің перспективалы бағыттары:

- Нақты уақыт режимінде пайдаланушының когнитивтік және эмоционалдық күйін талдайтын нейроадаптивті интерфейстерді (ЭЭГ, eye-tracking деректері негізінде) дамыту.

- Жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы интерфейсті динамикалық бейімдеу және жекелендірілген оқу траекторияларын қалыптастыру.

- Қазақстандық білім беру платформаларында этномәдени элементтерді кеңінен интеграциялау және олардың когнитивтік әсерін эмпирикалық зерттеу.

Қазіргі цифрлық трансформация жағдайында ақпараттық жүйелерді жобалау тек бағдарламалық шешімдермен шектелмеуі тиіс. Пайдаланушының когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық ерекшеліктерін кешенді ескеру адами-бағытталған технологияларды қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Бұл зерттеу нәтижелері интерфейс әзірлеушілеріне, UX-дизайнерлерге және білім беру технологияларын жасаушыларға әдіснамалық бағдар ретінде қызмет ете алады.

Осылайша, танымдық және эмоциялық дизайнның синергиясы заманауи ақпараттық жүйелердің тұрақты дамуының стратегиялық негізі ретінде қарастырылады.

Авторлардың қосқан үлесі:

Калмен С.М. – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, теориялық талдау, әдіснаманы қалыптастыру, мәтінді жазу.

Ahn Sangsoo – эмпирикалық талдау, сараптамалық бағалау, деректерді өңдеу.

Әдебиеттер тізімі

Қазақстан Республикасы Үкіметі (2017) «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Астана: ҚР Үкіметі. Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827 (қол жеткізілген күні: 10 ақпан 2026 ж.).

Chen, X., Wang, Y., Nakanishi, M., Gao, X., Jung, T.-P. and Gao, S. (2022) 'EEG-based adaptive interfaces: a systematic review', IEEE Transactions on Human-Machine Systems, 52(1), pp. 36–48. https://doi.org/10.1109/THMS.2021.3137374

Makhataeva, Z. and Varol, H. (2025) 'Evaluation of typing speed, user experience, and cognitive load across Kazakh, Russian, and English languages among Kazakhstani users', Journal of Educational Sciences, 83(2). https://doi.org/10.26577/JES202583214

Mayer, R.E. (2009) Multimedia learning. 2nd edn. Cambridge: Cambridge University Press.

Miller, G.A. (1956) 'The magical number seven, plus or minus two: Some limits on our capacity for processing information', Psychological Review, 63(2), pp. 81–97. https://doi.org/10.1037/h0043158

Norman, D.A. (2002) The design of everyday things. New York: Basic Books.

Sweller, J. (1988) 'Cognitive load during problem solving: effects on learning', Cognitive Science, 12(2), pp. 257–285. https://doi.org/10.1207/s15516709cog1202_4

Sweller, J. (2020) 'Cognitive load theory and educational technology', Current Directions in Psychological Science, 29(3), pp. 213–218. https://doi.org/10.1177/0963721420922183

Tractinsky, N. (2000) 'What is beautiful is usable', Interacting with Computers, 13(2), pp. 127–145. https://doi.org/10.1016/S0953-5438(00)00031-X

Tufte, E.R. (2001) The visual display of quantitative information. 2nd edn. Cheshire, CT: Graphics Press.

Um, E., Plass, J.L., Hayward, E.O. and Homer, B.D. (2012) 'Emotional design in multimedia learning', International Journal of Human-Computer Studies, 70(12), pp. 941–951. https://doi.org/10.1016/j.ijhcs.2012.05.003

Ware, C. (2012) Information visualization: perception for design. 3rd edn. Waltham, MA: Morgan Kaufmann.

Zander, T.O. and Kothe, C. (2011) 'Towards passive brain–computer interfaces: applying brain–computer interface technology to human–machine systems in general', Journal of Neural Engineering, 8(2), 025005. https://doi.org/10.1088/1741-2560/8/2/025005

С.М. Калмен*[1], Ahn Sangsoo[2]

[1] Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан,

[2] Университет Данкук, Республика Корея

Когнитивное проектирование системных объектов в информатике, учет особенностей восприятия и сознания

Аннотация. В статье исследуется влияние когнитивного проектирования системных объектов в информатике на процессы восприятия и сознания пользователя. Усложнение современных информационных систем требует при их проектировании учитывать не только технические факторы, но и когнитивные и эмоциональные аспекты. Исследование опирается на ключевые теоретические концепции: теорию когнитивной нагрузки (Sweller, 1988), принципы мультимедийного обучения (Mayer, 2009), принципы представления визуальной информации (Tufte, 2001; Ware, 2012) и модель эмоционального дизайна (Norman, 2002).

Методология исследования основана на качественном сравнительном анализе. Проведена экспертная оценка интерфейсов трёх казахстанских образовательных цифровых платформ (BilimLand, Kundelik, Smart Bilim) тремя экспертами (преподавателями информатики и UX-дизайнером) по 5-балльной шкале. Основные критерии оценки: уровень когнитивной нагрузки, визуальная иерархия, интуитивность навигации, эмоциональная привлекательность и качество обратной связи.

Результаты показали, что соблюдение визуальной иерархии, дозированная подача информации, минимизация лишних элементов («chartjunk») и использование позитивных эмоциональных элементов (мягкие цвета, микроанимации, дружелюбные сообщения) повышают общую эффективность интерфейса, усиливают устойчивость внимания и повышают мотивацию пользователя. В казахстанском контексте интеграция национальных орнаментальных элементов существенно улучшает восприятие и концентрацию внимания.

Исследование подтверждает важность комплексного учёта когнитивных и эмоциональных факторов при проектировании образовательных интерфейсов. В качестве перспективного направления предлагается разработка нейроадаптивных и интеллектуальных интерфейсов, адаптирующихся в реальном времени на основе нейрофизиологических данных (ЭЭГ,

eye-tracking). Такой подход может стать научно-методологической основой для развития национальных образовательных платформ в рамках государственной программы «Цифровой Казахстан».

Ключевые слова: когнитивный дизайн, системный объект, когнитивная нагрузка, эмоциональный дизайн, человеко-компьютерное взаимодействие, визуализация, нейроадаптивные интерфейсы.

S.M. Kalmen*[1], Ahn Sangsoo[2]
[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, Astana.
[2]Dankook University, Republic of Korea

Cognitive Design of System Objects in Computer Science: Considering the Features of Perception and Consciousness

Abstract. This article examines the impact of the cognitive design of system objects in computer science on the processes of user perception and consciousness. The increasing complexity of modern information systems requires that their design take into account not only technical factors but also cognitive and emotional aspects. The study is based on key theoretical concepts: cognitive load theory (Sweller, 1988), principles of multimedia learning (Mayer, 2009), principles of visual information presentation (Tufte, 2001; Ware, 2012), and the emotional design model (Norman, 2002).

The research methodology is grounded in qualitative comparative analysis. An expert evaluation of the interfaces of three Kazakhstani educational digital platforms (BilimLand, Kundelik, Smart Bilim) was conducted by three experts (informatics teachers and a UX designer) using a 5-point scale. The main evaluation criteria included: level of cognitive load, visual hierarchy, navigation intuitiveness, emotional attractiveness, and quality of feedback.

The results demonstrate that maintaining visual hierarchy, dosed information delivery, minimization of extraneous elements («chartjunk»), and the use of positive emotional elements (soft colors, microanimations, friendly messages) increase the overall interface efficiency, enhance attention stability, and boost user motivation. In the Kazakhstani context, the integration of national ornamental elements significantly improves perception and concentration.

The study confirms the importance of comprehensively considering cognitive and emotional factors in the design of educational interfaces. As a promising direction, the development of neuroadaptive and intelligent interfaces capable of real-time adaptation based on neurophysiological data (EEG, eye-tracking) is proposed. This approach can serve as a scientific and methodological foundation for the development of national educational platforms within the framework of the state program «Digital Kazakhstan».

Keywords: cognitive design, system object, cognitive load, emotional design, human-computer interaction, visualization, neuroadaptive interfaces.

References

Qazaqstan Respublikasy Ükimeti (2017) 'Tsifrlyq Qazaqstan' memlekettik bağdarlamasy. Astana: QR Ükimeti. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827 (Accessed: 10 February 2026).

Chen, X., Wang, Y., Nakanishi, M., Gao, X., Jung, T.-P. and Gao, S. (2022) 'EEG-based adaptive interfaces: a systematic review', IEEE Transactions on Human-Machine Systems, 52(1), pp. 36–48. https://doi.org/10.1109/THMS.2021.3137374

Makhataeva, Z. and Varol, H. (2025) 'Evaluation of typing speed, user experience, and cognitive load across Kazakh, Russian, and English languages among Kazakhstani users', Journal of Educational Sciences, 83(2). https://doi.org/10.26577/JES202583214

Mayer, R.E. (2009) Multimedia learning. 2nd edn. Cambridge: Cambridge University Press.

Miller, G.A. (1956) 'The magical number seven, plus or minus two: Some limits on our capacity for processing information', Psychological Review, 63(2), pp. 81–97. https://doi.org/10.1037/h0043158

Norman, D.A. (2002) The design of everyday things. New York: Basic Books.

Sweller, J. (1988) 'Cognitive load during problem solving: effects on learning', Cognitive Science, 12(2), pp. 257–285. https://doi.org/10.1207/s15516709cog1202_4

Sweller, J. (2020) 'Cognitive load theory and educational technology', Current Directions in Psychological Science, 29(3), pp. 213–218. https://doi.org/10.1177/0963721420922183

Tractinsky, N. (2000) 'What is beautiful is usable', Interacting with Computers, 13(2), pp. 127–145. https://doi.org/10.1016/S0953-5438(00)00031-X

Tufte, E.R. (2001) The visual display of quantitative information. 2nd edn. Cheshire, CT: Graphics Press.

Um, E., Plass, J.L., Hayward, E.O. and Homer, B.D. (2012) 'Emotional design in multimedia learning', International Journal of Human-Computer Studies, 70(12), pp. 941–951. https://doi.org/10.1016/j.ijhcs.2012.05.003

Ware, C. (2012) Information visualization: perception for design. 3rd edn. Waltham, MA: Morgan Kaufmann.

Zander, T.O. and Kothe, C. (2011) 'Towards passive brain–computer interfaces: applying brain–computer interface technology to human–machine systems in general', Journal of Neural Engineering, 8(2), 025005. https://doi.org/10.1088/1741-2560/8/2/025005

Авторлар туралы мәліметтер:

Калмен Сағыныш Мергенұлы – хат-хабар авторы, «Информатика» мамандығы бойынша докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Пушкин көшесі, 11, Астана, Қазақстан.

Ahn Sangsoo – профессор, Данкук университеті, Корея Республикасы

Информация об авторах:

Калмен Сағыныш Мергенұлы – автор для корреспонденции, докторант по специальности «Информатика», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, ул. Пушкина, 11, Астана, Казахстан.

Ahn Sangsoo – профессор, Университет Данкук, Республика Корея.

Information about the authors:

Kalmen Sagynysh Mergenuly – correspondence author, PhD student in Computer Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 11 Pushkin Street, Astana, Republic of Kazakhstan.

Ahn Sangsoo – Professor, Dankook University, Republic of Korea.

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY
ISSN: 3080-1710. ISSN (Online): 3104-462X

ХҒТАР 13.00.08 https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-154-1-117-133
Ғылыми мақала

Болашақ педагогтердің халықаралық зерттеулерге кәсіби көзқарастарын SmartPLS негізіндегі құрылымдық модельдік талдау

А.У. Керейбаева[1], С.Ә. Жүзеев*[2], А.Қ. Мошқалов[3], М.К. Жайлауова [4]

[1,2,4]Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан,
[3]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*(E-mail: [1]kereybaeva86@mail.ru,[2]*serik_juzeev@mail.ru, [3]a_moshkalov@mail.ru, [4]mzhailauova@mail.ru)*

Аңдатпа. Ғылыми мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің TIMSS және PIRLS секілді халықаралық білім сапасын бағалау бағдарламаларына қатысты кәсіби көзқарастары құрылымдық модельдеу тәсілі арқылы тереңдетіліп талданды. Зерттеу SmartPLS бағдарламасы негізінде жүзеге асырылып, болашақ педагогтердің осы бағалау жүйелеріне деген қатынасы мен оларды кәсіби тұрғыдан қабылдау ерекшеліктері сандық деректерге сүйене отырып бағаланды. TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study) және PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) – білім сапасын кешенді бағалайтын халықаралық зерттеулер ретінде қазіргі білім беру жүйесіндегі реформалар мен оқыту сапасын жетілдіру үдерістерінің негізгі индикаторлары болып саналады. Сондықтан, болашақ мұғалімдердің бұл зерттеулерге көзқарасы олардың кәсіби дайындық деңгейін бағалаудың маңызды критерийі болып саналады.

Зерттеу жұмысы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығында білім алып жатқан 3–4 курс студенттері арасында жүргізілді. Эмпирикалық деректер құрылымданған сауалнама арқылы жиналды. Сауалнама мазмұны 25 индикатордан тұратын 5 мазмұндық блокқа біріктірілді. Жиналған мәліметтер PLS-SEM (Partial Least Squares Structural Equation Modeling) әдістемесі арқылы өңделіп, өлшеу және құрылымдық модельдер негізінде статистикалық талдау жүргізілді.

Талдау жұмыстары барысында болашақ мұғалімдердің TIMSS және PIRLS зерттеулерін тек оқушылардың жетістігін салыстырушы механизм ретінде емес, сонымен қатар педагогикалық тәжірибеге енгізуге болатын құнды әдістемелік ресурс ретінде қабылдайтыны анықталды. Зерттеу қорытындылары жоғары оқу орындарында педагог даярлау жүйесін жетілдіруге, кәсіби құзыреттілікті дамытуға және халықаралық бағалау жүйелеріне бейімделу стратегияларын әзірлеуге көмектеседі. Сондай-ақ, бұл мақалада алынған нәтижелер отандық білім беру мазмұнын жаңғырту мен жаһандық стандарттармен үйлестіру үдерісіне ғылыми-тәжірибелік үлес қосуға бағытталған.

Түйін сөздер: TIMSS, PIRLS, болашақ педагогтер, кәсіби көзқарас, құрылымдық модельдеу, SmartPLS, халықаралық бағалау, педагогикалық құзыреттілік, білім беру сапасы, эмпирикалық зерттеу.

Түсті: 21.07.2025; Мақұлданды: 15.03.2026; Онлайн қолжетімді: 31.03.2026

***хат-хабар авторы**

Кіріспе

Қазіргі жаһандық білім беру кеңістігінде оқу сапасын халықаралық деңгейде бағалау мен салыстыру күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Осы бағытта жүзеге асырылатын TIMSS және PIRLS секілді ірі халықаралық мониторингтік зерттеулер оқушылардың математика, жаратылыстану және мәтінмен жұмыс жасау қабілеттерін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді (Mullis, Martin және Hooper, 2017). Бұл зерттеулер тек білім жетістіктерін өлшеумен шектелмей, сонымен қатар білім беру саясаты мен оқу-әдістемелік үрдістерді жақсарту үшін негіз бола алатын сенімді тәжірибелік дереккөз ретінде қарастырылады (Cordero, Cristobal және Santín, 2018). TIMSS және PIRLS зерттеулерінің маңыздылығы – білім беру жүйесіндегі артықшылықтар мен кемшіліктерді анықтауға, ерте жастан қалыптасатын оқу сауаттылығы мен математикалық дағдылар арасындағы байланысты зерделеуге, сондай-ақ білім алушылар арасындағы гендерлік айырмашылықтарды зерттеуге жол ашатындығында (Oberleiter және басқалар, 2023). Мұндай нәтижелер ұлттық білім беру стратегияларына жан-жақты әсер етіп, оларды халықаралық талаптармен үйлестірудің алғышартына айналады (Güner және басқалар, 2014). Осыған орай, TIMSS және PIRLS зерттеу нәтижелері қазіргі заманғы білім беру реформаларының ғылыми-талдамалық және практикалық негізін құрайтын маңызды құрал ретінде айқындалып отыр.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға бейімдеу мақсатында бірқатар жүйелі реформалар жүргізілуде. Бұл өзгерістердің негізгі бағыты – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және білім сапасын PISA, TIMSS, PIRLS сияқты беделді халықаралық бағалау бағдарламалары арқылы салыстырмалы тұрғыда талдап, үздік тәжірибелерді ендіру. PIRLS және PISA нәтижелері көрсеткендей, қазақстандық оқушылардың оқу мен жазу қабілеттері шетелдік құрдастарына қарағанда төмен екендігі байқалады (Таурбекова мен Толегенова, 2023). Аталған жағдай бастауыш буындағы мұғалімдердің оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдістемелік дайындықтарын күшейтудің өзектілігін алға тартады. Әсіресе PIRLS бағалауы бастауыш сынып оқушыларына бағытталғандықтан, мұғалімдердің осы бағдарлама талаптарына сай кәсіби құзыреттілігі – нәтижеге тікелей ықпал ететін маңызды фактор болып саналады. Сонымен қатар, қазіргі білім беру саясатында TIMSS және PIRLS сынды зерттеулерге оқушылардың тиімді қатысуын қамтамасыз ету үшін мұғалім даярлау жүйесін халықаралық бағалау критерийлерімен үйлестіру қажеттілігі туындап отыр (Matyakubova, 2024).

Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру жүйесінде интернационалдандыру үдерісі белсенді жүргізілуде, әрі білім сапасын халықаралық деңгейде мойындату бағытында нақты стратегиялық қадамдар жасалып отыр. Осы тұрғыда TIMSS және PIRLS секілді ауқымды халықаралық зерттеулерге қатысу – тек оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыру ғана емес, сонымен бірге болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың пәрменді тетігіне айналуда. Бұл тұрғыдан алғанда, бастауыш сынып мұғаландығына даярланып жатқан студенттердің аталмыш зерттеулерге қатысты білім деңгейі мен кәсіби ұстанымдарын анықтау – олардың педагогикалық даярлығын бағалаудың маңызды индикаторы болып табылады. Себебі мұндай зерттеулермен танысу, олардың

мазмұнын оқу үдерісіне кіріктіру болашақ мұғалімдерден тек пәндік білімді ғана емес, сонымен қатар халықаралық стандарттарға негізделген кәсіби ойлау мен әдістемелік икемділікті талап етеді. Осы мақалада Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің TIMSS және PIRLS зерттеулеріне қатысты кәсіби көзқарастары эмпириялық әдістер негізінде зерделеніп, олардың қазіргі білім беру реформаларына дайындық деңгейі сараланады.

Зерттеудің жаңашылдығы ретінде болашақ педагогтердің TIMSS және PIRLS зерттеулеріне қатысты кәсіби көзқарастары алғаш рет SmartPLS бағдарламасы арқылы құрылымдық теңдеулер моделін (PLS-SEM) қолдану көмегімен талданды. Бұл әдіс факторлар арасындағы латентті байланыстарды анықтап, танымдық дербестік, кәсіби құзыреттілік, қызығушылық пен педагогикалық рефлексия сынды маңызды айнымалылардың өзара ықпалын визуалды әрі сандық түрде көрсетуге нақты мүмкіндік берді. Мұндай модельдеу болашақ педагогтердің педагогикалық даярлығы мен халықаралық бағалауға дайындық деңгейін кешенді түрде түсінуге негіз болады.

Әдебиеттерге шолу

TIMSS және PIRLS секілді халықаралық бағалау бағдарламалары қазіргі таңда әлем елдеріндегі білім беру нәтижелерін салыстырмалы түрде зерделеуге мүмкіндік беретін кең ауқымды зерттеу құралдары ретінде танылады. Бұл зерттеулер оқушылардың математика, жаратылыстану және оқу сауаттылығы салаларындағы академиялық жетістіктерін бағалаумен қатар, білім беру саласындағы саясат пен педагогикалық тәжірибені жетілдіруге бағытталған шешімдер қабылдауға ғылыми негіз ұсынады. Сонымен қатар, аталған зерттеулер аясында педагогтердің кәсіби қызметіне, білім беру процесін ұйымдастырудағы орта факторларына, сондай-ақ оқушылардың әлеуметтік-психологиялық жағдайларына қатысты мәселелер де кеңінен қарастырылады.

TIMSS және PIRLS секілді халықаралық зерттеулерде қолданылатын әдіснамалық тәсілдер күрделі статистикалық модельдерге негізделеді. Аталған зерттеулердің дерекқорын талдау барысында Jackknife репликациялық әдісі мен іріктеу салмақтарын пайдалану – алынған нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің бірі болып табылады (Foy және басқалар, 2020). Сонымен қатар, Haberman және әріптестері мұғалімдерге бағытталған сауалнама сұрақтарының құрылымдық ерекшеліктерін сипаттап, мұғалімдер популяциясын модельдеу мен жауап беру ықтималдығын есептеу тәсілдеріне ерекше көңіл бөледі (Haberman және басқалар, 2024). Ал Cordero бастаған зерттеушілер бұл мәліметтер жиынтығы білім беру саясатының ықтимал себеп-салдарлық байланыстарын бағалау құралы ретінде пайдалануға жарамды екенін атап көрсетеді (Cordero, Cristobal және Santín, 2018).

TIMSS және PIRLS зерттеулері тек оқушылардың академиялық жетістіктерін бағалаумен шектелмей, сонымен қатар білім беру нәтижелеріне ықпал ететін әлеуметтік, эмоционалдық және құрылымдық факторларды да кешенді түрде зерделейді. Мәселен, Ozyildirim мен Karadağ (2024) жүргізген мета-талдауда оқушылар арасындағы буллингтің (қорлау әрекеттері) олардың оқу үлгеріміне тікелей әсер ететіндігі анықталған (Ozyildirim және Karadağ, 2024). Ал Oberleiter және әріптестері TIMSS пен PIRLS нәтижелерін негізге

ала отырып, жыныстық айырмашылықтардың оқу жетістіктеріне ықпалын зерттеген. Олар қыз балалардың оқу сауаттылығы бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізетінін, ал математика мен жаратылыстану пәндерінде елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалына байланысты айтарлықтай өзгерістер болатынын атап өтеді (Oberleiter және басқалар, 2023). Grilli бастаған зерттеушілер көпдеңгейлі модельдеу әдісін қолданып, білім беру нәтижелеріне әсер ететін контекстік айнымалылардың маңызын айқындаған (Grilli және басқалар, 2014).

Халықаралық бағалау бағдарламаларына қатысты қарастырылатын өзекті мәселелердің бірі – мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мен осы зерттеулерге деген кәсіби бағдарын айқындау. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі тек оқыту әдістерін меңгерумен шектелмей, сонымен қатар бейімделу қабілеті, жаңашыл ойлау, кәсіби рефлексия мен метакогнитивтік сауаттылық сияқты кешенді дағдыларды да қамтиды (Bancotovska, 2015). Ажыгулова мен Калмырзаева (2022), сондай-ақ Asanalieva мен Nasipova (2022) өз еңбектерінде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін теориялық және практикалық дайындықпен қатар, тұлғалық ерекшеліктермен ұштастыра қарастырады. Осыған байланысты оқытушының көзқарасы мен кәсіби бағдарлары оның құзыреттілігін қалыптастыратын маңызды факторлар ретінде ерекшеленеді.

Мұғалімнің кәсіби қалыптасуына ықпал ететін құрылымдық және жүйелік факторлар да назарда ұсталуы тиіс маңызды аспектілердің бірі болып саналады. Kunter және оның әріптестері құзыреттілік тұжырымдамасы аясында педагогтің теориялық білімі, практикалық тәжірибесі мен оқу ортасының ықпалын кешенді түрде зерделеген (Kunter және басқалар, 2013). Олар инновациялық сипаттағы білім беру үдерісінде нәтижелі қызмет ету үшін басты алғышарттар ретінде жаңашылдыққа бейімділік пен үздіксіз кәсіби дамуға деген ұмтылысты алға тартады. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіби құзыреттілік тек жеке тұлғалық даму нәтижесі ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесінің ұсынатын қолдау тетіктерімен де өзара тығыз байланысты.

Жоғары білім беру саласындағы интернационалдандыру үдерісі болашақ педагог кадрлардың кәсіби даярлығына елеулі әсер етуде. Халықаралық ауқымда жүргізілетін зерттеулер шетелдік және жергілікті студенттердің оқу тәжірибелерін, олардың академиялық жетістікке деген көзқарасын, сондай-ақ жаһандық еңбек нарығына бейімделу қабілеттерін салыстыра талдауға мүмкіндік береді (Grebennikov және Skaines, 2007). Бұл бағытта Плюснина мен Воловскаяның (2021) ұсынған интернационалдандыру модельдері ұлттық білім беру ерекшеліктері мен жаһандық талаптардың үйлесімділігі тұрғысынан қарастырылып, болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал ететін маңызды үлгі ретінде сипатталады.

Бағалау жүйелерінің болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығына, педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруына және халықаралық стандарттарға икемделуіне ықпалы зор. Дегенмен, осы халықаралық зерттеулерге қатысты болашақ мұғалімдердің кәсіби ұстанымы, оларды қабылдау деңгейі мен түсіну ерекшеліктеріне байланысты нақты эмпирикалық деректердің жеткіліксіздігі байқалады. Бұл мәселенің ғылыми тұрғыда зерттелу қажеттілігін арттырып отыр. Осыған байланысты, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің TIMSS және PIRLS секілді халықаралық бағалау бағдарламаларына қатысты кәсіби көзқарастарын эмпирикалық әдістермен зерделеу

– олардың халықаралық бағалау механизмдеріне даярлығын анықтауға, кәсіби өзіндік санасын бағалауға және ұлттық білім беру жүйесін сапалық тұрғыда жетілдіруге ықпал ететін маңызды зерттеу бағыты ретінде қарастырылады.

Зерттеуде SmartPLS бағдарламалық құралы арқылы құрылымдық теңдеулер моделін (PLS-SEM) қолдану — болашақ педагогтердің кәсіби көзқарастарын талдаудағы әдіснамалық жаңашылдық болып табылады. Бұл тәсіл арқылы латентті айнымалылар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды визуалды және сандық тұрғыда нақты модельдеуге мүмкіндік береді. Осындай әдіснамалық негіз болашақ педагогтердің кәсіби дамуына әсер ететін факторларды жүйелі түрде анықтап, олардың TIMSS және PIRLS секілді халықаралық зерттеулерге кәсіби тұрғыдан бейімделу деңгейін ғылыми негізде сипаттауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің TIMSS және PIRLS халықаралық бағалау бағдарламаларына қатысты кәсіби көзқарастарын эмпириялық негізде анықтауға және олардың кәсіби құзыреттілік құрылымына ықпалын бағалауға бағытталды. Зерттеу барысы сипаттамалық (descriptive) және түсіндірмелі (explanatory) әдістерді қамтитын қолданбалы сипатта жүргізілді.

Эмпирикалық деректерді жинау үшін арнайы құрылымдалған сауалнама әзірленді. Сауалнама құрылымында TIMSS және PIRLS зерттеулеріне байланысты қатысушылардың жалпы түсінігі, кәсіби қызығушылығы, әдістемелік қабылдауы және жеке мотивациясы қамтылған 25 тұжырым ұсынылды. Ұсынылған тұжырымдар мазмұндық жағынан 5 блокқа топтастырылды. Қатысушылар ұсынылған пікірлермен келісу деңгейін 5 балдық Ликерт шкаласы бойынша бағалады (1 – «мүлде келіспеймін», 5 – «толықтай келісемін»). Бұл тәсіл респонденттердің көзқарастарын сандық тұрғыда өлшеуге мүмкіндік берді.

Зерттеуге Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 3 және 4 курсында оқитын білім алушылары қатысты. Сауалнамаға 60 студент ерікті түрде қатысып, барлық жауаптар анонимді түрде жинақталды.

Жинақталған мәліметтер SmartPLS 4 бағдарламасы арқылы құрылымдық теңдеулер моделін (PLS-SEM) пайдалану арқылы өңделді. Бұл әдіс жасырын (латентті) айнымалылар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бағалауға, көрсеткіштер арасындағы факторлық жүктемелері мен сәйкестік дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді. Алдымен мәліметтердің сенімділігі мен жарамдылығы ішкі сәйкестік (composite reliability), шоғырлану валидтілігі (AVE), және ажырату валидтілігі (Fornell-Larcker және HTMT) көрсеткіштері арқылы шынайы тексерілді. Одан кейін жол коэффициенттері (path coefficients), t-статистика және p-мәндері арқылы гипотезалар расталды. Зерттеу әдістемесі сандық-аналитикалық тәсілдер мен заманауи статистикалық модельдеуге негізделіп, алынған нәтижелердің ғылыми нақтылығын қамтамасыз етуге бағытталды.

1-Кесте. Білім алушыларға жүргізілген сауалнама құрылымы мен факторлық жіктелімі

L 1	**Жалпы түсінік.**
Q1	TIMSS зерттеулерінің мақсаты мен мазмұны туралы менің хабарым бар.
Q2	PIRLS зерттеулерінің оқу сауаттылығын бағалауда маңызы зор деп есептеймін.
Q3	TIMSS пен PIRLS – білім беру сапасын арттыруға көмектесетін ерекше құралдар.
Q4	Бұл зерттеулер болашақ мұғалімдер үшін айрықша кәсіби бағыт-бағдар береді.
Q5	TIMSS пен PIRLS білім беру реформаларына тікелей әсер етеді.
L 2	**Кәсіби құзыреттілікке әсері**
Q6	TIMSS зерттеулері педагогтің кәсіби дамуына ықпал етеді.
Q7	PIRLS тапсырмалары мен критерийлерін оқу әдістемелеріне кіріктіруге болады.
Q8	TIMSS пен PIRLS – педагогтердің аналитикалық ойлауын жетілдіреді.
Q9	Бұл зерттеулер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік білімін тереңдетеді.
Q10	TIMSS пен PIRLS негізінде құрастырылған оқу бағдарламаларын қолдаймын.
L 3	**Оқыту тәжірибесіне ықпалы.**
Q11	TIMSS мәліметтері мектеп оқушыларының математика мен жаратылыстану бойынша деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.
Q12	PIRLS оқудағы стратегияларын тиімді таңдауға көмектеседі.
Q13	TIMSS пен PIRLS әдістемесі арқылы сабақты қызықты өтуге болады.
Q14	Мен оқу үдерісінде TIMSS немесе PIRLS тапсырмаларын қолданар едім.
Q15	Бұл зерттеулер оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруда маңызы зор.
L 4	**Қызығушылық және қажеттілік.**
Q16	TIMSS пен PIRLS туралы қосымша мәлімет алғым келеді.
Q17	Университетте бұл зерттеулер туралы арнайы пән оқытылуы керек.
Q18	Болашақ педагог ретінде TIMSS пен PIRLS-ке қатысқым келеді.
Q19	Бұл зерттеулерге дайындық оқыту курсының бір бөлігі болуы тиіс.
Q20	TIMSS пен PIRLS нәтижелерін оқу сапасын арттыруға қолдануға болады.
L 5	**Жеке көзқарас.**
Q21	Бұл зерттеулердің алынған нәтижелері әділ және сенімді.
Q22	TIMSS пен PIRLS – халықаралық салыстырулар үшін де пайдалы.
Q23	Бұл зерттеулерді мұғалімдердің аттестациясымен байланыстыру керек.
Q24	TIMSS пен PIRLS білім беру жүйесінің даму бағдарына ықпал етеді.
Q25	Болашақта бұл зерттеулер менің кәсіби бағдарым үшін маңызды рөлге ие болады.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу нәтижелерін SmartPLS бағдарламасы арқылы құрылымдық модельдеу негізінде талдау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің TIMSS және PIRLS халықаралық бағалау зерттеулеріне қатысты кәсіби көзқарастарының бірнеше латентті факторлар арқылы қалыптасатыны анықталды. Алдын ала теориялық модель негізінде

құрылған гипотезалар эмпирикалық деректер негізінде тексерілді. Конструкттардың ішкі сенімділігі, шоғырлану және ажырату валидтілігі ғылыми талаптарға сай деп танылды. Бұл модельдің өлшеу жүйесінің жарамды екендігін және алынған нәтижелерге ғылыми тұрғыда сенуге болатынын дәлелдеді.

Бірінші кезекте, көрсеткіштерге жүргізілген факторлық жүктемелер (outer loadings) талдауы олардың өз латентті айнымалысымен тығыз байланыста екендігін көрсетті. Composite reliability, Cronbach's Alpha және Average Variance Extracted (AVE) коэффициенттері әрбір конструкт үшін межелік мәндерден жоғары болып шықты. Бұл көрсеткіштер сауалнама құралындағы индикаторлар жиынтығының ішкі біртұтастығын, модельдің ішкі сәйкестілігін қамтамасыз ететінін дәлелдеді. Сондай-ақ, Fornell-Larcker критерийі мен HTMT қатынасы бойынша ажырату валидтілігі де расталды. Бұл – зерттеу конструкттарының өзара байланыстары нақты әрі шектеулі екенін, бір-бірін қайталамайтынын көрсетті.



1-Сурет. Болашақ педагогтердің танымдық дербестігіне әсер етуші факторлардың құрылымдық моделі (SmartPLS бағдарламасында алынған нәтижелер)

1-суретте көрсетілген құрылымдық модель болашақ педагогтердің танымдық дербестігіне әсер етуші факторлардың өзара байланысын сипаттайды және SmartPLS бағдарламасында құрылымдық теңдеулер моделін (PLS-SEM) қолдану арқылы алынған. Модельде бес латентті айнымалы (L1–L5) арасындағы бағыттық қатынастар мен олардың статистикалық мәнділігі көрсетілді.

L1 конструкциясы (жалпы түсінік) L2 конструкциясына (кәсіби құзыреттілік) оң әсер етеді (β = 0.336), бұл болашақ мұғалімнің теориялық түсінігі оның кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал ететінін білдірді. Дегенмен, кәсіби құзыреттілік (L2) педагогикалық рефлексияға (L3) теріс әсер еткен (β = -0.483), бұл теорияны тәжірибеге көшіру барысында қиындықтар немесе шынайы тәжірибелік дағдылардың жеткіліксіздігі болуы мүмкін екенін меңзейді.

Қызығушылық (L4) танымдық дербестікке (L5) айтарлықтай оң әсер еткен (β = 0.442), бұл студенттің ішкі уәжінің танымдық белсенділікті арттырудағы рөлін көрсетті. Ал тәжірибе (L2) мен қызығушылық (L4) танымдық дербестікке (L5) тікелей әсер еткенмен, тек тәжірибенің (β = -0.1273) әсері әлсіз және теріс бағытта болған.

Ең жоғары оң ықпал танымдық дербестіктен (L5) рефлексияға (L3) бағытталған (β = 0.8583), бұл болашақ мұғалімдердің өздігінен ізденуі мен танымдық белсенділігі олардың педагогикалық ойлау мен өзіндік бағалау дағдысына тікелей әсер ететінін дәлелдеді.

Осы модель арқылы болашақ педагогтердің танымдық дербестігін дамытуда теориялық білімнің, кәсіби қызығушылықтың және практикалық дайындықтың маңыздылығы анықталады. Сонымен қатар, модельдің түсіндірмелік қуатын R^2 мәндері де көрсетеді: кәсіби құзыреттілік (11.3%), педагогикалық рефлексия (23.3%), танымдық дербестік (20.8%). Көрсеткіштер модельдің орташа түсіндіру күшіне ие екенін білдіреді және эмпирикалық негізделген тұжырым жасауға мүмкіндік берді.

2-Кесте. Латентті айнымалылар арасындағы жол коэффициенттерінің матрицасы (Path Coefficient Matrix)

	L 1	L 2	L 3	L 4	L 5
L 1. **Жалпы түсінік.**		0,3360			
L 2. **Кәсіби құзыреттілікке әсері**			-0,4831		-0,1273
L 3. **Оқыту тәжірибесіне ықпалы.**					
L 4. **Қызығушылық және қажеттілік.**					0,4424
L 5. **Жеке көзқарас.**					

2-кестеде көрсетілген матрицада зерттеу моделіндегі латентті айнымалылар арасындағы бағытталған байланыстардың сандық көрсеткіштері – жол коэффициенттері (Path Coefficients) ұсынылған. Олар жол коэффициенттері PLS-SEM әдіснамасы негізінде есептеліп, бір айнымалының екіншісіне ықпал ету дәрежесін сипаттайды. Коэффициенттің оң немесе теріс мәні ықпалдың бағытын, ал шамасы ықпалдың күшін білдірді.

Мәселен, L1 (Жалпы түсінік) айнымалысы L2 (Кәсіби құзыреттілікке әсері) айнымалысына оң әсер етіп (β = 0.3360), студенттердің пән мазмұнын жалпы түсіну деңгейі олардың кәсіби дағдыларына тікелей ықпал ететінін көрсетеді. Ал L2 → L3 (β = –0.4831) байланысы кәсіби құзыреттілік оқыту тәжірибесіне кері әсер етуі мүмкін екенін білдіреді, бұл кәсіби дайындық пен практикалық қолдану арасындағы алшақтықты аңғартады.

Сонымен бірге, L4 (Қызығушылық және қажеттілік) → L5 (Жеке көзқарас) бағыты бойынша β = 0.4424 мәні студенттің ішкі мотивациясы мен танымдық қажеттіліктері

олардың жеке дербес көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын анықтайды.

Жалпы алғанда, жол коэффициенттерінің матрицасы зерттеудің гипотезаларын сандық тұрғыда растауға, факторлар арасындағы өзара байланыстарды нақты бағалауға және болашақ педагогтердің танымдық дербестігін дамытудың тиімді тетіктерін ұсынуға ғылыми негіз қалайды.

3-Кесте. Латентті айнымалылардың детерминация коэффициенттері (R^2 және түзетілген R^2 мәндері)

	R-квадрат	Түзетілген R-квадрат
L 2	0,1129	0,0976
L 3	0,2334	0,2202
L 5	0,2083	0,1805

Жоғарыда келтірілген 3-кестеде зерттеуге енгізілген латентті айнымалылардың детерминация деңгейі көрсетілген. R^2 мәні – тәуелді айнымалының дисперсиясын модель қаншалықты дәрежеде түсіндіре алатынын сипаттайтын маңызды статистикалық көрсеткіш. SmartPLS бағдарламасының көмегімен жинақталған нәтижелерге сүйенсек, L2 (кәсіби құзыреттілікке әсер ету) айнымалысының R^2 мәні 0.1129-ға тең, яғни оған әсер ететін айнымалылар (L1 – жалпы түсінік) бұл айнымалының 11.3%-ын түсіндіреді.

L3 айнымалысы (оқыту тәжірибесіне ықпал) 23.3% деңгейінде түсіндіріледі (R^2 = 0.2334). Бұл көрсеткіш оқыту тәжірибесіне кәсіби құзыреттіліктің ықпалы жоғары екенін дәлелдеді. Ал L5 (жеке көзқарас) айнымалысының R^2 мәні 0.2083-ке тең, бұл жеке көзқарасқа кәсіби құзыреттілік пен қызығушылықтың 20.8%-дық үлесі бар екенін білдірді.

Жалпы алғанда, алынған R^2 мәндері модельдің тәуелді айнымалыларды орташа деңгейде түсіндіре алатынын көрсетті. Зерттеу нәтижелері болашақ педагогтердің танымдық дербестігін қалыптастыруға әсер ететін факторларды эмпирикалық тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді және модельдің болжамдық күшін дәлелдеді.

4-Кесте. Зерттеу индикаторларының сипаттамалық статистикалық көрсеткіштері

	Орташа мән	Медиана	Стандарттық ауытқу	Эксцесс коэффициенті	Қисықтық коэффициенті	Крамер–фон Мизес тестінің статистикасы	Крамерфон Мизес мәні
Q1	4,0667	4,0000	0,6018	-0,1834	-0,0286	1,3843	0,0000
Q10	4,0667	4,0000	0,6549	-0,6314	-0,0709	1,0726	0,0000
Q11	4,1333	4,0000	0,6944	-0,9057	-0,1897	0,8872	0,0000
Q12	3,9833	4,0000	0,6453	-0,5452	0,0159	1,1309	0,0000
Q13	4,1167	4,0000	0,7548	-1,2270	-0,2012	0,7323	0,0000
Q14	4,1167	4,0000	0,6854	-0,8507	-0,1572	0,9230	0,0000
Q15	4,1167	4,0000	0,7766	-1,3268	-0,2103	0,7116	0,0000
Q16	4,0167	4,0000	0,8061	-1,4826	-0,0310	0,6767	0,0000
Q17	4,3000	4,0000	0,7141	-0,8999	-0,5239	0,9134	0,0000
Q18	4,1333	4,0000	0,7180	-1,0366	-0,2086	0,8127	0,0000
Q19	4,0000	4,0000	0,7528	-1,2377	0,0000	0,7181	0,0000
Q2	4,0000	4,0000	0,6831	-0,8260	0,0000	0,9424	0,0000
Q20	4,0167	4,0000	0,6950	-0,9053	-0,0229	0,8919	0,0000
Q21	4,0833	4,0000	0,6656	-0,7141	-0,0974	1,0157	0,0000
Q22	4,2167	4,0000	0,7093	-0,9626	-0,3464	0,8549	0,0000
Q23	4,0167	4,0000	0,6189	-0,3183	-0,0108	1,2856	0,0000
Q24	4,2000	4,0000	0,7257	-1,0478	-0,3328	0,8146	0,0000
Q25	4,1833	4,0000	0,6453	-0,6289	-0,1979	1,0833	0,0000
Q3	3,9833	4,0000	0,7636	-1,2913	0,0288	0,7002	0,0000
Q4	4,1167	4,0000	0,7093	-0,9913	-0,1754	0,8373	0,0000
Q5	4,1167	4,0000	0,6606	-0,6907	-0,1340	1,0320	0,0000
Q6	4,0167	4,0000	0,6706	-0,7386	-0,0198	0,9999	0,0000
Q7	4,0500	4,0000	0,6690	-0,7303	-0,0591	1,0051	0,0000
Q8	4,0833	4,0000	0,7592	-1,2592	-0,1438	0,7162	0,0000
Q9	4,0667	4,0000	0,7272	-1,0972	-0,1051	0,7814	0,0000

4-кестеде болашақ педагогтердің танымдық дербестігін анықтауға арналған зерттеу құралындағы барлық индикаторлардың (Q1–Q25) сипаттамалық статистикалық көрсеткіштері келтірілген. Атап айтқанда, әрбір сұрақтың орташа мәні, медианасы, стандартты ауытқуы, эксцесстік және асимметриялық коэффициенттері, сондай-ақ Крамер-фон Мизес қалыптылық критерийі мен оның p-мәні көрсетілген.

Жасөспірім қыздардың сауалнама нәтижелерінен басым бөлігі анадан қолдау алатынын, анамен сырласатынын, ананың орнын әке баса алмайтындығын көрсетті. Демек, әкеден қолдау күтетінін, оның сенімді болып қалыптасуына әкенің рөлі басым екенін көрсетті. Сонымен қатар, сауалнама нәтижелерінде әке қамқорлығына мұқтаж екеніне, ал көптеген әкелердің отбасындағы қыз балаларына уақыт бөліп оған мән бере бермейтіндігі айқындалды.

Осылайша, жасөспірім қыздардың өз отбасыларындағы ата-аналарынан көрген тәжірибелері бойынша гендерлік рөлдерді: отбасы мәселесіндегі ең соңғы шешімді қабылдайтың әке деген пікірге және әкенің ең басты міндеті отбасын асырау деген пікірмен толықтай келісетінін көрсетті. Осы орайда, бізге дейін зерттеу жүргізген А.Қасаболат және қосалқы авторлардың ұсынған сауалнамаларының нәтижесінде «әйел» адамдарын рөлі әлсіз кейіпкер ретінде танылатынын біздің де зерттеулеріміз

растап бергендей (Қасаболат, 2024). Осы тұрғыда, гендерлік мәдениет екі жыныстың өкілдеріне құрметпен қарауды қалыптастыруды, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ерлі-зайыптылар арасындағы дұрыс қарым-қатынастарды насихаттауды және үй шаруашылығын жүргізуді, қазіргі заманғы жасөспірім қыздардың ана болуға деген оң көзқарасын қалыптастыруды, зорлық-зомбылықты алдын алуды қамтиды.

Әке мен жасөспірім қыздардың қарым-қатынасын анықтай отырып, жасөспірім қыздардың өзін-өзі бағалауында, сыйластық қатынаста, гендерлік теңдік мәселесі әкеге қатысты пікірлерге респонденттердің басым бөлігі толықтай келісетіні анықталды. Сондай-ақ, әкенің тәрбиеге араласуы жасөспірім қыздардың өзін-өзі бағалауына оң әсер етіп, өзін-өзі бағалауын ынталандырады. Сонымен бірге, жасөспірім қыздардың тұлғалық дамуына және ұлдармен қарым-қатынасты дұрыс қабылдауына оңтайлы ықпал етеді (Runcan, Druşcă, 2019).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жасөспірім қыздардың көпшілігінің өзін-өзі бағалауы, отбасындағы өзара сыйластық қатынастары және гендерлік теңдік мәселелерінде әкенің рөлі маңызды екенін мойындайды. Бұл әке мен жасөспірім қыздар арасындағы қарым-қатынастың психологиялық және әлеуметтік әсерін айқындайды.

Сонымен, әкенің жасөспірім қыздармен қарым-қатынасы олардың гендерлік мүмкіндіктерін кеңейтуге, тұлға ретіндегі өзіне деген сенімдерін қалыптастыруға, өзінің кәсіби жетілуіне мүмкіндік беретінін көрсетеді (Lesch, Scheffler, 2016; Corleis & Lesch, 2024). Олай болса, «әке мен қыз бала қарым-қатынасы» жасөспірім қыздардың гендерлік мәдениетін қалыптастыруға негіз болатын үлкен күш болып табылады.

Қорытынды

Қазіргі кезде жасөспірім қыздар мен әке арасындағы қарым-қатынас – қоғамның маңызды әлеуметтік мәселелерінің бірі. Бұл қарым-қатынас негізінде отбасында мықты сенім мен өзара түсіністік, ұлттық құндылықтар мен қасиеттер қалыптасады. Қай ғасырда болса да қазақ халқы үшін отбасы – бұл мықты тірек, ал әке – сол отбасының басты тіреуіші және қорғанышы болып табылады. Сондықтан, жасөспірім қыздардың тұлға болып қалыптасуына, рухани және психологиялық дамуына әкенің қолдауы мен махаббаты, өмірлік жолына дұрыс бағыт-бағдар беруі аса маңызды.

Зерттеу нәтижелерін тұжырымдап, қорытындылай келе, мынадай ұсыныстар жасағымыз келеді:

1) «Әке мен жасөспірім қыздар арасындағы қарым-қатынас» тақырыбында гендерлік мәселені талқылауға бағытталған тренингтер, семинарлар мен коучингтер өткізу негізінде әкелердің қыз тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру қажет;

2)Отбасындағы қыз балалардың өзін-өзі бағалауын арттыру мен тұлғалық сенімділігін қалыптастыру мақсатында мектеп тарапынан қолдау мен психологиялық-педагогикалық кеңестер, ақпараттық кездесулер өткізіліп тұруы тиіс;

Мектептерде «Әке мен қыз бала қарым-қатынасы» контекстінде ұйымдастырылған үйірмелер мен сырласу кештеріне, кездесулер мен сайыстарға әкелердің қатысу белсенділігін арттыру қажет.

Авторлардың қосқан үлесі:

М.Г.Кошкарова – ғылыми еңбектерге талдау, жинақтау, салыстыру жүргізу, сауалнама нәтижелерін ұсыну.

Г.Т.Атемова – мақаланың дизайнын әзірлеу.

З.А.Зубайраева – мақаланы рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

Андреева, Н.И. (2005) Формирование гендерной культуры в современном обществе: философско-культурологический анализ. Дис. … докт. филос. наук, 09.00.13. Ростов н/Д: Ростовский государственный университет, 285 с.

Балюкова, И.Б. (2024) Этнические особенности роли образа отца в формировании гендерной идентичности девушек, Мир науки. Педагогика и психология, 12(2). Қолжетімді: https://mir-nauki.com/PDF/43PSMN224.pdf (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 14 қараша).

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы (2016) «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Президентінің № 384 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы». Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384 (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 14 қараша).

Қасаболат, А., Ағабекова, Ж., Калкеева, К., және Калимжанова, Р. (2024) Педагогикалық теория мен практикадағы гендерлік тұрақтылық және теңдік мәселесі, 3i: intellect, idea, innovation, 1, 68–75б. https://doi.org/10.52269/2266070_2024_1_68

Майерс, Д. және Туенж, Ж. (2018) «Әлеуметтік психология». 12-басылым. Астана: Ұлттық аударма бюросы, 648 б.

Осипова, М.П. (2015) Воспитание гендерной культуры младших школьников, Вестник Брестского университета. Серия 3. Филология. Педагогика. Психология, (2), С. 91–99.

Талдамалық есеп. (2024) «Қазақстандағы гендерлік теңдікті және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге қоғамдық көзқарас». Астана, 112 б.

Шинкарёва, Н.А. (2010) Особенности гендерной культуры и уровни ее сформированности у воспитанников детского дома, Вестник Томского государственного педагогического университета, (10), С. 116–120.

Bragg, S., Renold, E., Ringrose, J., and Jackson, C. (2020). 'More than boy, girl, male, female': Exploring young people's views on gender diversity within and beyond school contexts. In Trans youth in education (pp. 100-114). Routledge.

Corleis, V. and Lesch, E. (2024). 'Empowering Daddy's Little Girl: A Selective Review and Synthesis of Literature on Fathers' Engagement With Daughters and Its Potential to Empower Daughters', Men and Masculinities, 0(0). https://doi.org/10.1177/1097184X241287517

Dennaoui, N., Kolt, G.S., Guagliano, J.M. and George, E.S. (2024). 'Participation in physical activity and sport in adolescent girls from Middle Eastern backgrounds', Ethnicity & Health, 29(7), pp. 756–773. https://doi.org/10.1080/13557858.2024.2376054

John, N. A., Stoebenau, K., Ritter, S., Edmeades, J., and Balvin, N. (2017). 'Gender socialization during adolescence in low-and middle-income countrie's: Conceptualization, influences and outcomes. Қолжетімді: https://hdl.handle.net/20.500.12799/5318 (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 14 қараша).

Lesch, E. and Scheffler, F. (2016). 'Fathers, adolescent daughters and gender in a low-income South African community', Journal of Gender Studies, 25(5), pp. 540–556. https://doi.org/10.1080/09589236.2015.1051521

Runcan, R. And Druşcă, O. (2019). 'Social Work and Family Relationships: Impact of Paternal Education on Teenage Girls', Revista de Asistenţă Socială, 17, pp. 67–84.

М.Г.Кошкарова*[1], К.Т.Атемова[2], З.А Зубайраева[3]
[1,3] Кокшетауский университет имени Абая Мырзахметова, Кокшетау, Казахстан.
[2] Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Роль отца в формировании гендерной культуры девочек-подростков

Аннотация. Овладение современными девушками профессиями, принадлежащими мальчикам, влияние социальной среды в обществе, трудности в социальной среде приводят девочек от женской хрупкости к мужской строгости. При этом поведение, мышление, одевание, общение девочек как мальчиков, проявляется в неправильной организации ролей девушки и женщины в семье. То есть повышение эго девочки, повышенное самосознание мужчины, проявление явлений, не свойственных его природе и национальному бытию, послужили основой для изучения этого вопроса. В этом контексте основная цель написания данной статьи – описать роль отца в формировании качеств, присущих полу, природе, национальной идентичности девочек. Таким образом, в исследовании рассматривалась роль отца в формировании гендерной культуры девочек-подростков. Характеризовалась роль образа отца в формировании гендерной идентичности, культуры, гендерной роли девочек-подростков. Проведен сравнительный анализ исследований и подходов отечественных ученых в западных странах.

В исследовании приняли участие девочки-подростки в возрасте от 13 до 16 лет. В качестве метода исследования был выбран опрос. С целью определения отношения молодых девушек к гендерной культуре был проведен опрос. Этот метод позволил получить числовые данные. Содержание анкеты охватывает отношения между отцом и дочерью, вопросы различных аспектов (национальный, карьерный, современный, гендерный). Результаты опроса были представлены на диаграмме. В результате исследования родителям, отцам были даны рекомендации, направленные на формирование гендерной культуры в соответствии с характером девочек-подростков.

Ключевые слова: гендерная культура, отец, подросток, гендерная роль, гендерные нормы, семья, отношения.

M.G. Koshkarova*[1], K.T. Atemova[2], Z.A. Zubayraeva[3]
[1,3]Abay Myrzakhmetov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan
[2] L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The role of the father in shaping the gender culture of teenage girls

Abstract. The mastery of professions belonging to boys by modern girls, the influence of the social environment in society, and difficulties in the social environment lead girls from feminine fragility to masculine rigor. At the same time, the behavior, thinking, dressing, and communication of girls as boys is manifested in the incorrect organization of the roles of girls and women in the family. That is, the girl's increased ego, the man's heightened self-awareness, and the manifestation of phenomena not peculiar to his nature and National existence served as the basis for studying this issue. In this context, the main purpose of writing this article is to describe the role of the father in shaping the qualities inherent in the

gender, nature, and national identity of girls. Thus, the study examined the role of the father in shaping the gender culture of teenage girls. The role of the father's image in the formation of gender identity, culture, and the gender role of adolescent girls was characterized. A comparative analysis of the research and approaches of Russian scientists in Western countries has been carried out.

The study involved teenage girls between the ages of 13 and 16. The survey method was chosen as the research method. A survey was conducted to determine the attitude of young girls toward gender culture. This method allowed us to obtain numerical data. The content of the questionnaire covers the relationship between father and daughter, questions of various aspects (National, career, modern, gender). The survey results were shown in the diagram. As a result of the study, parents and fathers were given recommendations aimed at forming a gender culture in accordance with the character of teenage girls.

Keywords: gender culture, father, teenager, gender role, gender norms, Family, relationships.

References

Andreeva, N.I. (2005) 'Formirovaniye gendernoi kultury v sovremennom obshestve: filosofsko-kulturologicheski analiz. Dis. ... doct. Philos. Sciences, 09.00.13' [The formation of gender culture in modern society: a philosophical and cultural analysis] Rostov n/A: Rostov State University, 285 p. (in Russian)

Balyukova, I. B. (2024) 'Etnicheskie osobenosti roli obraza otsa v formirovaniye gendernoi identichnosti devuşek' [The role of ethnic identity in the formation of gender identity of girls, the world of science]. Pedagogy and psychology, 12(2). Available at: https://mir-nauki.com/PDF/43PSMN224.pdf (accessed November 14, 2025). (in Russian)

Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ Jarlyǵy (2016). «Qazaqstan Respublikasyndaǵy 2030 jylǵa deiingi otbasylyq jäne genderlik sayasat tujyrymdamasyn bekitu turaly QR Prezidentiniñ № 384 Jarlyǵyna özgeris engizu turaly [On introducing amendments to Presidential Decree No. 384 of the Republic of Kazakhstan "On approval of the Concept of Family and Gender Policy in the Republic of Kazakhstan until 2030"]».

Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384 (accessed: 14 November 2025).

Kassabolat, A.Z., Agabekova, Z.A., Kalkeyeva, K.R. and Kalimzhanova, R.L. (2024) 'The problem of gender identity and equality in pedagogical theory and practice', 3i: Intellect, Idea, Innovation, No. 1, pp. 68–75. https://doi.org/10.52269/2266070_2024_1_68 (in Kazakh)

Myers, D. and Tuenge, J. (2018) 'Áleýmettik psıhologıa' [Social Psychology]. 12th edition. Astana: National Translation Bureau, 648 p. (in Kazakh)

Osipova, M.P. (2015) Vospitanie gendernoi kultury mladshih sholnikov [Education of the gender culture of younger schoolchildren], Bulletin of the Brest University. Series 3. Philology. Pedagogy. Psychology, (2), pp. 91-99. (in Russian)

Taldamalyq esep. (2024) Qazaqstandaǧy genderlık teñdıktı jäne äielderdıñ qūqyqtary men mümkındıkterın keñeituge qoǧamdyq közqaras / Astana. - 2024 j. - 112 b. (in Kazakh)

Shinkareva, N.A. (2010) 'Osobenosti gendernoi kültury i urovni ee sformirovannosti u vospitannikov detskogo doma' [Features of gender culture and levels of its formation among children in orphanages]. Bulletin of Tomsk State Pedagogical University, (10), pp. 116-120. (in Russian)

Bragg, S., Renold, E., Ringrose, J., and Jackson, C. (2020). 'More than boy, girl, male, female': Exploring young people's views on gender diversity within and beyond school contexts. In Trans youth in education (pp. 100-114). Routledge.

Corleis, V. and Lesch, E. (2024). 'Empowering Daddy's Little Girl: A Selective Review and Synthesis of Literature on Fathers' Engagement With Daughters and Its Potential to Empower Daughters', Men and Masculinities, 0(0). https://doi.org/10.1177/1097184X241287517

Dennaoui, N., Kolt, G.S., Guagliano, J.M. and George, E.S. (2024). 'Participation in physical activity and sport in adolescent girls from Middle Eastern backgrounds', Ethnicity & Health, 29(7), pp. 756–773. https://doi.org/10.1080/13557858.2024.2376054

John, N. A., Stoebenau, K., Ritter, S., Edmeades, J., and Balvin, N. (2017). 'Gender socialization during adolescence in low-and middle-income countrie's: Conceptualization, influences and outcomes. Қолжетімді: https://hdl.handle.net/20.500.12799/5318 (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 14 қараша).

Lesch, E. and Scheffler, F. (2016). 'Fathers, adolescent daughters and gender in a low-income South African community', Journal of Gender Studies, 25(5), pp. 540–556. https://doi.org/10.1080/09589236.2015.1051521

Runcan, R. And Druşcă, O. (2019). 'Social Work and Family Relationships: Impact of Paternal Education on Teenage Girls', Revista de Asistenţă Socială, 17, pp. 67–84.

Авторлар туралы мәліметтер:

Кошкарова М.Г. - хат-хабар авторы, PhD докторант, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Әуезов көшесі 189а, 020000, Көкшетау, Қазақстан.

Атемова К.Т. - педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Педагогика» кафедрасының профессоры, Янушкевич көшесі 6, 010000, Астана, Қазақстан.

Зубайраева З.А. - педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының доценты, Ауезова көшесі 189а, 020000, Көкшетау, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Кошкарова М.Г. – автор для корреспонденции, докторант PhD Кокшетауского университета имени Абая Мырзахметова, ул. Ауезова. 189а, 020000, Кокшетау, Казахстан.

Атемова К.Т. – д.п.н., профессор кафедры «Педагогика» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, ул. Янушкевича. 6. 010000, Астана, Казахстан.

Зубайраева З.А. – к.п.н., доцент кафедры «Социальных-педагогических дисциплин» Кокшетауского университета имени Абая Мырзахметова, ул. Ауезова. 189а, 020000, Кокшетау, Казахстан.

Information about the authors:

Koshkarova M.G. – corresponding author, PhD student, Abai Myrzakhmetov Kokshetau University, Auezova Str. 189A, 020000, Kokshetau, Kazakhstan.

Atemova K.T. – doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of "Pedagogy", L.N. Gumilyov Eurasian National University, Janushkevich Str. 6, 010000, Astana, Kazakhstan.

Zubairaeva Z.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Department of «Social and pedagogical disciplines», Abay Myrzakhmetov Kokshetau University, Auezova Str. 189A, 020000, Kokshetau, Kazakhstan.

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY
ISSN: 3080-1710. ISSN (Online): 3104-462X

ХТАМР 17.82.60
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-154-1-151-166

Эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңызы мен оны оқыту әдістері

А.К. Уразова*[1], П.А. Казбай[2], К.Т.Кудайбергенова[3]

[1,3]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail:[1]asyl.7777777@mail.ru, [2]parasat98_98@mail.ru, [3]kkunimzhan@mail.ru)*

Аңдатпа. Бұл мақала эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңызы мен оқыту әдістерін зерттеуге арналған. Зерттеудің мақсаты – эпистолярлық жанрды оқытудың тиімділігін анықтау және оның білім беру үдерісінде шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытудағы рөлін көрсету. Зерттеу барысында эпистолярлық жанрды оқытудың маңыздылығы мен оның білім беру саласындағы қолданылуы талқыланады.

Зерттеу әдістері ретінде сауалнама әдісі қолданылды. Лайкерт шкаласы негізінде жүргізілген сауалнамаға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің журналистика және қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарының 2-3 курс студенттері қатысты. Сауалнама нәтижелері JASP және DATAtab бағдарламаларында талданып, эпистолярлық жанрды оқытудың тиімділігі туралы студенттердің пікірлері салыстырылды.

Зерттеу нәтижелері эпистолярлық жанрдың шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытуда маңыздылығын көрсетті. Студенттердің пікірлері бойынша, жанрды оқыту барысында жазу дағдылары мен сыни ойлау қабілеттері дамиды. Алайда, эпистолярлық жанрды оқыту әдістерін жетілдіру қажеттілігі, әсіресе жаңа әдістер мен технологияларды қолдану арқылы білім беру үдерісін жақсарту мәселесі көтерілді.

Қорытындысында жүргізілген кейбір зерттеу жұмыстары бойынша бағалардың төмен болуы эпистолярлық жанрды оқыту әдістері мен тәсілдерінің толыққанды жетілдірілуі қажеттігін көрсетеді. Бұл орайда жаңа әдістер мен технологияларды қолданудың маңыздылығы айқын байқалды. Бұл эпистолярлық жанрды оқытуда жаңашыл әдістемелерді енгізудің қажеттілігін білдіретіндігі айтылды.

Зерттеу нәтижелері білім беру үдерісінде эпистолярлық жанрдың қолданылуының болашағы зор екенін көрсетті. Осы жанрды оқыту арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттері мен сыни ойлау дағдылары дамиды, бұл білім беру саласының сапасын арттыруға оң әсерін тигізетіндігі нақтыланды.

Түйін сөздер: эпистолярлық жанр, білім беру, оқыту әдістері, шығармашылық дағдылар, сыни ойлау, Лайкерт шкаласы, сауалнама.

Түсті: 15.05.2025; Мақұлданды: 15.03.2026; Онлайн қолжетімді: 31.03.2026

***хат-хабар авторы**

Кіріспе

Эпистолярлық жанр әдебиетте ерекше орын алады, себебі ол жеке тұлғаның ішкі әлемін, қоғамның әлеуметтік мәселелерін және моральдық құндылықтарды көрсетеді. Бұл жанрдың ерекшелігі – оның тікелей қарым-қатынасқа негізделуінде, яғни автор мен оқырман арасындағы диалогтың болуы арқылы оқырманды шығармашылықпен байланыстырады. Эпистолярлық шығармаларды оқыту оқушылардың жазу дағдыларын, сыни ойлау қабілеттерін және әлеуметтік құндылықтарын дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ адамның көңіл-күй интеллектін және тілдік шығармашылығын жетілдіруге көмектеседі.

Эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңызы мен оның оқыту әдістері қазіргі педагогикалық практикада ерекше орын алады. Эпистолярлық жанр, яғни хат жазу өнері, білім беру процесінде оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға, шығармашылық ойлауды ынталандыруға және жеке тұлғаның эмоционалды-әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Осы жанрдың қазақ әдебиетіндегі тарихы мен қолданылуы оның білім беру контекстіндегі маңыздылығын түсінуге көмектеседі (Қалижарова, 2023).

Эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы рөлі, әсіресе оқушылардың жазбаша тілін дамытуда, олардың өз ойларын жүйелі түрде жеткізу қабілетін арттыруда айқын көрінеді. Мысалы, Сәбит Мұқановтың эпистолярлық мұрасы хат жазу арқылы азаматтық өсу мен мәдениеттілікті көрсетуге мүмкіндік береді («С.Мұқановтың әдеби-ғылыми эпистолярлық мұрасындағы әдебиет мәселесі», 2023). Хаттарда кейіпкерлердің ішкі әлемі мен ойлары терең сипатталады, бұл оқушыларға әдебиет арқылы өз эмоцияларын білдіруді үйренуге көмектеседі (Қалижарова, 2022).

Оқыту әдістері тұрғысынан, эпистолярлық жанрды қолдану оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сыни ойлауды ынталандыруға және әлеуметтік қарым-қатынастарды нығайтуға мүмкіндік береді. Педагогикалық жобалаудың заманауи әдістері, оның ішінде эпистолярлық жанрды енгізу, оқушылардың оқу мотивациясын арттыруда тиімді болып табылады («THE NATURE OF PEDAGOGICAL DESIGN OF THE EDUCATIONAL SYSTEM IN MODERN CONDITIONS», 2023; Аутаева & Жолдасбекова, 2022). Эпистолярлық жанрды оқу процесіне енгізу оқушылардың өзара әрекеттесуін, пікір алмасуын және шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бұл білім беру ортасының сапасын арттырады (Қайырбекова, 2024).

Сондай-ақ, эпистолярлық жанрды қолдану оқушылардың эмоционалды-ерік саласын дамытуда маңызды рөл атқарады. Психикалық дамуы тежелген балалармен жұмыс істегенде, хат жазу арқылы олардың эмоцияларын білдіруіне және әлеуметтік дағдыларын дамытуына көмектесуге болады (Қайырбекова, 2024). Бұл тәсіл, әсіресе, инклюзивті білім беру контекстінде, әртүрлі қажеттіліктері бар оқушылар үшін тиімді болып табылады (Abdykalikova, 2023).

Эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңызы оның оқыту әдістерімен тығыз байланысты. Оқушылардың жазбаша және ауызша коммуникация дағдыларын дамыту, шығармашылық ойлауды ынталандыру және эмоционалды интеллектіні арттыру үшін эпистолярлық жанрды тиімді пайдалану қажет. Бұл бағытта педагогикалық

дизайн мен заманауи оқыту әдістерін интеграциялау білім беру процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді (Абильдина, 2023).

Эпистолярлық шығармалар арқылы оқушылар адамгершілік құндылықтар мен ізгілік мәселелерін талқылайды, өз ойларын ашық білдіруге мүмкіндік алады. Бұл жанрды оқыту әдістемелері оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін арттыруға бағытталған. Мақалада эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңызы мен оның оқыту әдістері қарастырылады.

Эпистолярлық хаттарды университет базасында оқыту, студенттердің жазбаша коммуникация дағдыларын дамыту, шығармашылық ойлауды ынталандыру және тарихи-мәдени контекстте әдебиетті тереңірек түсіну үшін маңызды. Эпистолярлық жанрды оқыту барысында бірнеше әдістемелік тәсілдер мен стратегиялар қолданылады, олар студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Біріншіден, эпистолярлық хаттарды оқытуда студенттерге хат жазу техникасын үйрету маңызды. Бұл процесс хаттың құрылымы, стилі және мазмұнына назар аударуды қамтиды. Студенттерге хат жазу барысында өз ойларын жүйелі түрде жеткізу, эмоцияларын білдіру және әдеби тілдің ерекшеліктерін пайдалану дағдыларын дамыту қажет (Қалижарова, 2022; Уразова, 2024). Мысалы, Әбділда Тәжібаевтың эпистолярлық мұрасын зерттеу арқылы студенттер хат жазудың мәдени және әлеуметтік маңыздылығын түсінеді (Уразова, 2024).

Екіншіден, эпистолярлық хаттарды оқытуда тарихи контекстті ескеру маңызды. Студенттер Мұстафа Шоқай мен Сәбит Мұқанов сияқты тұлғалардың хаттарын талдай отырып, олардың шығармашылық және қоғамдық-саяси қызметтерімен танысады (Көкебаева, 2024). Бұл хаттар арқылы студенттер тарихи оқиғалар мен мәдени құбылыстарды тереңірек түсінеді, сондай-ақ, хаттардың әлеуметтік функцияларын зерттеу арқылы қоғамдағы өзгерістерді бағалауға мүмкіндік алады (Көкебаева, 2024).

Үшіншіден, заманауи технологияларды пайдалану арқылы эпистолярлық хаттарды оқыту тиімділігін арттыруға болады. Цифрлық платформалар мен онлайн ресурстарды қолдану студенттердің хат жазу тәжірибесін кеңейтуге, сондай-ақ, оларды бір-бірімен интерактивті түрде байланыстыруға мүмкіндік береді (Abildinova, 2024). Мысалы, студенттер өз хаттарын онлайн форумдарда жариялап, пікір алмасу арқылы өзара тәжірибе алмасады.

Сондай-ақ, эпистолярлық хаттарды оқыту барысында шығармашылық жобалар ұйымдастыру да маңызды. Студенттер өздерінің хаттарын жазып, оларды әдебиет пәні бойынша шығармашылық жұмыстармен байланыстыра алады. Бұл тәсіл студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ, әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыруға ықпал етеді (Уразова, 2024; Ахмет, 2023).

Осылайша, университет базасында эпистолярлық хаттарды оқыту студенттердің жазбаша коммуникация дағдыларын дамыту, тарихи-мәдени контекстте әдебиетті тереңірек түсіну және шығармашылық ойлауды ынталандыру үшін тиімді әдістемелік тәсілдерді қамтиды. Эпистолярлық жанрды оқыту, студенттердің жеке тұлғалық және кәсіби дамуына оң әсер етеді, бұл қазіргі білім беру жүйесінің маңызды аспектісі болып табылады.

Эпистолярлық жанрды зерттеген шетелдік ғалымдар әдебиеттану, мәдениеттану және әлеуметтік ғылымдар саласында маңызды үлес қосып, жанрдың тарихи, мәдени және әлеуметтік контексттердегі рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Гэри Стэнлидің «The Death of the Letter? Epistolary Intent, Letterness and the Many Ends of Letter-Writing» атты мақаласы эпистолярлық жанрдың әлеуметтік және мәдени контексттегі маңыздылығын зерттейді. Стэнли хат жазудың әртүрлі мақсаттары мен функцияларын талдай отырып, хаттардың мәдениеттегі рөлін анықтайды. Оның зерттеуі хаттардың тек ақпараттық емес, сонымен қатар эмоционалды және әлеуметтік байланыстарды нығайтудағы маңыздылығын көрсетеді (Stanley, 2015).

Сюзан Чоның «The Epistolary Brush: Letter Writing and Power in Chosŏn Korea» атты зерттеуі корей қоғамындағы эпистолярлық мәдениеттің интеллектуалдық, әлеуметтік және саяси өзгерістерге қалай әсер еткенін талдайды. Чо хаттардың конфуциандық интеллектуалдар үшін саяси әрекет ету құралы ретінде қолданылуын зерттеп, хат жазудың қоғамдағы рөлін және оның мәдениетаралық байланыстарды нығайтуды қалайша қамтамасыз ететінін көрсетеді (Cho, 2016).

Лоренс Брейдің «The Letter-Writing Manual and the Epistolary Novel» атты мақаласы эпистолярлық роман мен хат жазу нұсқаулықтарының арасындағы байланысты зерттейді. Брей хат жазу нұсқаулықтарының эпистолярлық романның дамуына қалай әсер еткенін талдайды, бұл хаттардың әдебиеттегі рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді (Bray, 2024). Осы зерттеу эпистолярлық жанрдың формалық және функционалдық өзгерістерін көрсетеді.

Кэтрин Кэрролл «Representing Ethnographic Data Through the Epistolary Form» атты мақаласында эпистолярлық форманың этнографиялық зерттеулердегі рөлін талдайды. Кэрролл хат жазу арқылы этнографиялық деректерді көрсету тәсілдерін зерттей отырып, хаттардың зерттеушілер мен қоғам арасындағы эмоционалды байланыстарды нығайтатынын көрсетеді (Carroll, 2015). Бұл зерттеу эпистолярлық жанрдың зерттеушілердің өзара әрекеттесуіндегі маңыздылығын айқындайды.

Винченцо мен оның әріптестерінің «A «Viral Epistolary» and Psychosocial Spirituality: Restoring Transcendental Meaning During COVID-19 Through a Digital Community Letter-Writing Project» атты зерттеуі COVID-19 пандемиясы кезінде хат жазудың психосоциологиялық маңыздылығын зерттейді. Зерттеу хат жазудың адамдар арасындағы байланыстарды нығайтудағы рөлін және әлеуметтік дағдарыстар кезінде мағына жасау процесіндегі маңыздылығын көрсетеді (Vincenzo et al., 2022). Бұл зерттеу эпистолярлық жанрдың қазіргі заманғы әлеуметтік контекстте қалай қолданылатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Эпистолярлық жанрды зерттеген шетелдік ғалымдардың еңбектері жанрдың әдебиеттегі, мәдениеттегі және әлеуметтік байланыстардағы маңыздылығын көрсетеді. Гэри Стэнли, Сюзан Чо, Лоренс Брей, Кэтрин Кэрролл және Винченцо сияқты ғалымдардың зерттеулері эпистолярлық жанрдың мәдениетаралық байланыстарды нығайтудағы рөлін, оның шығармашылық және саяси әрекеттегі маңыздылығын айқындайды.

Мақалада эпистолярлық жанрдың білім беру үдерісіндегі маңызы мен оның оқытудағы тиімділігін зерттеу басты мақсат болып табылады. Эпистолярлық

шығармаларды оқытудың әдістемелік тәсілдері мен стратегиялары қарастырылып, олардың оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін, тілдік дағдыларын және әлеуметтік құндылықтарын қалай дамытатыны көрсетіледі. Сонымен қатар, оқытудың тиімді әдістері мен практикалық мысалдар ұсынылады, олар арқылы эпистолярлық жанрды оқыту үдерісін жетілдіруге болады.

Мақаланың негізгі міндеттері:

1. Эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы рөлін анықтау.

2. Эпистолярлық шығармаларды оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін зерттеу.

3. Эпистолярлық жанрды оқытудың білім алушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттеріне әсерін талдау.

4. Әдістемелік ұсыныстар мен практикалық мысалдар арқылы эпистолярлық шығармаларды оқыту үдерісін жетілдіру жолдарын көрсету.

Әдіснамалық бөлім

Эпистолярлық шығармаларды зерттеуде қолданылатын әдістер әртүрлі ғылыми тәсілдерді қамтиды, олар әдебиеттану, мәдениеттану, психология және тарих сияқты салалармен тығыз байланысты. Бұл әдістердің мақсаты – эпистолярлық хаттардың мазмұнын, құрылымын, стилін, тарихи контекстін және әлеуметтік маңыздылығын тереңірек түсіну. Бірінші әдіс – мәтіндік талдау. Эпистолярлық шығармаларды зерттеу барысында мәтіннің құрылымын, стильдік ерекшеліктерін және тілдік құралдарын талдау маңызды. Мысалы, Әбділда Тәжібаевтың хаттарын зерттеу кезінде, оның шығармаларының әдеби стилі мен тілдік ерекшеліктері қарастырылады (Уразова, 2024). Бұл әдіс хаттардың авторлық көзқарасын, эмоцияларын және әлеуметтік контекстін түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу эпистолярлық жанрды оқыту әдістерінің тиімділігін бағалау мақсатында Лайкерт шкаласы негізінде сауалнама жүргізу әдісін қолданды. Сауалнама Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика мамандықтарының 2-3 курс студенттері арасында өткізілді. Сауалнамаға жалпы 140 студент қатысты, олардың әрқайсысы эпистолярлық жанрды оқу мен талдауға қатысты пікірлерін білдірді.

Сауалнама нәтижелері JASP және DATAtab бағдарламалары арқылы талданды. JASP бағдарламасы статистикалық мәліметтерді өңдеу үшін қолданылды, бұл бағдарлама зерттеу нәтижелерін терең талдау, орташа мәндер мен стандартты ауытқуларды есептеу, сондай-ақ деректерді визуализациялау үшін пайдаланылды. DATAtab бағдарламасы деректерді сараптауда және графикалық түрде көрсетуде көмектесті, бұл сауалнама нәтижелерін көрнекі түрде талдауға және әртүрлі сұрақтар бойынша студенттердің жауаптарын салыстыруға мүмкіндік берді.

Осы бағдарламалар арқылы сауалнама нәтижелерінің статистикалық талдауы жүргізілді, ол эпистолярлық жанрды оқыту әдістерінің тиімділігін анықтауға көмектесті. Талдау барысында студенттердің әртүрлі жауаптары, олардың эпистолярлық жанрды оқу мен талдауға қатысты көзқарастары мен ұсыныстары есептеліп, қорытындылар жасалды.

1-кесте. Эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңызы мен оқыту әдістері бойынша журналистика және қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары студенттерінің жауаптарының орташа мәні

Сұрақтар	Мамандығы	Frequency	Mean	Std. Deviation	Minimum	Maximum
Эпистолярлық жанрдың білім беру саласында маңызды рөлі бар	Журналистика	61	2.77	1.41	1	5
	Қазақ тілі мен әдебиеті	39	2.9	1.47	1	5
Эпистолярлық жанрды оқыту әдістері тиімді	Журналистика	61	2.84	1.55	1	5
	Қазақ тілі мен әдебиеті	39	2.49	1.35	1	5
Эпистолярлық жанрды оқу студенттердің жазу дағдыларын дамытуға көмектеседі	Журналистика	61	2.92	1.45	1	5
	Қазақ тілі мен әдебиеті	39	3.15	1.55	1	5
Эпистолярлық жанрды қолдану студенттер арасында сындарлы ойлау дағдыларын дамытады	Журналистика	61	2.66	1.42	1	5
	Қазақ тілі мен әдебиеті	39	2.41	1.31	1	5
Эпистолярлық жанрды оқыту барысында студенттер шығармашылық қабілеттерін арттырады	Журналистика	61	3.05	1.38	1	5
	Қазақ тілі мен әдебиеті	39	2.9	1.37	1	5
Эпистолярлық жанрды зерттеу студенттерге әдебиетті терең түсінуге мүмкіндік береді	Журналистика	61	2.75	1.29	1	5
	Қазақ тілі мен әдебиеті	39	2.77	1.25	1	5
Эпистолярлық жанрды оқытуда жаңа әдістер мен технологияларды пайдалану қажет	Журналистика	61	2.87	1.44	1	5
	Қазақ тілі мен әдебиеті	39	2.85	1.39	1	5
Журналистика мамандығында эпистолярлық жанрдың оқытылуы өте маңызды	Журналистика	61	2.7	1.45	1	5
	Қазақ тілі мен әдебиеті	39	3.18	1.37	1	5
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарында эпистолярлық жанрдың оқытылуы тиімді	Журналистика	61	3.26	1.44	1	5
	Қазақ тілі мен әдебиеті	39	2.95	1.28	1	5
Эпистолярлық жанрды білім беру саласында қолданудың болашағы зор	Журналистика	61	2.85	1.29	1	5
	Қазақ тілі мен әдебиеті	39	3.15	1.42	1	5

Нәтижелер

Зерттеу барысында эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңызы мен оның оқыту әдістеріне қатысты студенттердің пікірлері талданды. Жауаптар Лайкерт шкаласы бойынша алынған, онда 1 – «келіспеймін», 5 – «толық келісемін» деген мәндермен бағаланған.

Эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңызы студенттер тарапынан жоғары бағаланды. Журналистика мамандығының студенттері орташа есеппен – 2.77 балл, ал қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері 2.9 балл берді. Бұл көрсеткіштер эпистолярлық жанрдың білім беру үдерісінде маңызды рөл атқаратындығын көрсетеді. Студенттер бұл жанрдың оқыту процесіндегі маңызын терең түсінеді, бірақ кейбіреулер эпистолярлық жанрдың мүмкіндіктерін толыққанды пайдалану қажеттігін атап өтті.

Эпистолярлық жанрды оқыту әдістерінің тиімділігіне қатысты пікірлер әртүрлі болды. Журналистика мамандығының студенттері әдістердің тиімділігін 2.84 балл деп бағалаған, ал қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері бұл көрсеткішті 2.49 деп бағалады. Бұл айырмашылық оқыту әдістерінің жанрды тиімді қолдану мәселелеріне қатысты кейбір қиындықтарды көрсетуі мүмкін.

Эпистолярлық жанрды оқу студенттердің жазу дағдыларын дамытуға көмектесетіні туралы пікірлер жағымды болды. Журналистика мамандығының студенттері бұл әсерді 2.92 балл деп бағалаған, ал қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері 3.15 балл қойған. Бұл жанрдың жазу дағдыларын жақсартудағы рөлі ерекше бағаланғанын көрсетеді.

Эпистолярлық жанрды қолдану студенттер арасында сыни ойлау дағдыларын дамытатыны жөнінде де оң пікірлер айтылды. Журналистика мамандығының студенттері бұл әсерді 2.66 балл деп бағаласа, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері 2.41 балл қойды. Бұл көрсеткіштердің айырмашылығы, әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында, жанрдың сын тұрғысынан ойлау дағдыларына ықпалының әлсізірек көрінетінін білдіреді.

Эпистолярлық жанрды оқыту барысында студенттердің шығармашылық қабілеттерінің артатыны туралы пікірлер оң болды. Журналистика мамандығының студенттері бұл әсерді 3.05 балл деп бағаласа, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері 2.9 балл қойды. Бұл көрсеткіштердің жоғары болуы, әсіресе журналистика мамандықтарында, жанрдың шығармашылық дамуға ықпалын көрсетеді.

Эпистолярлық жанрды зерттеу студенттерге әдебиетті терең түсінуге мүмкіндік беретіндігі туралы да жақсы пікірлер айтылды. Журналистика мамандығының студенттері бұл әсерді 2.75 балл деп бағаласа, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері 2.77 балл қойды. Бұл жанрдың әдеби білімді дамытудағы маңыздылығын көрсетеді.

Эпистолярлық жанрды оқытуда жаңа әдістер мен технологияларды пайдалану қажеттілігі туралы пікірлер де зерттелді. Журналистика мамандығының студенттері бұл қажеттілікті 2.87 балл деп бағалады, ал қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері 2.85 балл қойды. Бұл көрсеткіштер жаңашылдыққа деген сұраныстың білім беру үдерісінде жоғары екенін көрсетеді.

Журналистика мамандығының студенттері эпистолярлық жанрдың оқытылуын

өте маңызды деп бағаласа, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері де бұл жанрдың оқытылуын жоғары бағалады. Бұл олардың жанрды білім беру процесінде маңызды деп санайтынын көрсетеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында эпистолярлық жанрдың оқытылуының тиімділігі 2.95 балл болып бағаланды, ал журналистика мамандығының студенттері бұл көрсеткішті 3.26 балл деп бағалаған. Бұл айырмашылық екі мамандықта жанрды оқытудың тиімділігіне деген көзқарастың әртүрлі екенін көрсетеді.

Эпистолярлық жанрдың білім беру саласында қолданылуының болашағы туралы пікірлер оң болды. Журналистика мамандығының студенттері бұл пікірді 2.85 балл деп бағаласа, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері 3.15 балл қойды. Бұл жанрдың білім беру үдерісінде қолданылуының үлкен потенциалы бар екенін көрсетеді.

1-сурет. Эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңызы мен оқыту әдістері бойынша журналистика және қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары студенттерінің жауаптары

Зерттеу нәтижелері эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңызы мен оның оқыту әдістерінің тиімділігі туралы әртүрлі пікірлерді көрсетті. Журналистика мамандығының студенттері эпистолярлық жанрды оқытудағы жаңа әдістер мен тиімділігін жоғары бағалаған, ал қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері де осы жанрдың шығармашылық пен сыни ойлауды дамытудағы маңыздылығын мойындағанымен, оны жүзеге асырудың тиімділігі туралы пікірлер әртүрлі болды.

2-кесте. Эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңызы мен оқыту әдістері бойынша журналистика және қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары студенттерінің жауаптарының орташа мәні

Мамандықтар	Эпистолярлық жанрдың білім беру саласында маңызды рөлі бар	Эпистолярлық жанрды оқыту әдістері тиімді	Эпистолярлық жанрды оқу студенттердің жазу дағдыларын дамытуға көмектеседі	Эпистолярлық жанрды қолдану студенттер арасында сындарлы ойлау дағдыларын дамытады	Эпистолярлық жанрды оқыту барысында студенттер шығармашылық қабілеттерін арттырады	Эпистолярлық жанрды зерттеу студенттерге әдебиетті терең түсінуге мүмкіндік береді	Эпистолярлық жанрды оқытуда жаңа әдістер мен технологияларды пайдалану қажет	Журналистика мамандығында эпистолярлық жанрдың оқытылуы өте маңызды	Қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарында жанрдың оқытылуы тиімді	Эпистолярлық жанрды білім беру саласында қолданудың болашағы зор	Total
Журналистика	2.77	2.84	2.92	2.66	3.05	2.75	2.87	2.7	3.26	2.85	2.87
Қазақ тілі мен әдебиеті	2.9	2.49	3.15	2.41	2.9	2.77	2.85	3.18	2.95	3.15	2.87
Total	2.82	2.7	3.01	2.56	2.99	2.76	2.86	2.89	3.14	2.97	2.87

Зерттеу нәтижелері эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңыздылығы мен оқыту әдістерінің тиімділігі туралы студенттердің пікірлерін көрсетті. Жауаптар Лайкерт шкаласы бойынша бағаланып, әр сұрақ үшін орташа мәндер мен стандартты ауытқулар есептелді.

Журналистика мамандығының студенттері эпистолярлық жанрдың оқу үдерісіндегі тиімділігін орташа есеппен 2.7-3.05 аралығында бағалады. Бұл көрсеткіштер олардың жанрды оқытудағы маңыздылығын түсінгенін, бірақ кейбір студенттердің осы әдістердің білім беру үдерісінде толыққанды тиімділігін бағаламағанын көрсетеді. Орташа мәндердің салыстырмалы түрде төмен болуы эпистолярлық жанрды оқыту әдістерін жетілдіру қажет екенін білдіреді.

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы қолданылуын және оның шығармашылық қабілеттерді арттырудағы рөлін жоғары бағалады. Орташа мәндері 2.9-3.18 аралығында болды, бұл жанрдың шығармашылық даму мен сыни ойлау қабілеттерін дамытудағы оң әсерін көрсетеді. Дегенмен, стандартты ауытқудың жоғары болуы кейбір студенттердің пікірлері арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін білдіреді.

Зерттеу нәтижелері екі мамандық арасында әртүрлі көзқарастар мен тәжірибелердің бар екенін көрсетті. Бұл эпистолярлық жанрды оқыту әдістерінің тиімділігін арттыру және оның білім беру саласындағы маңыздылығын толық жүзеге асыру үшін әдістемелер мен ресурстарды жетілдіру қажеттілігін білдіреді.

Журналистика және қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарының студенттері эпистолярлық жанрды оқытудың маңыздылығын жоғары бағалағанымен, әртүрлі мамандықтар арасында оның оқыту әдістері мен тиімділігіне қатысты пікірлерде айырмашылықтар байқалады. Бұл айырмашылықтар эпистолярлық жанрды оқыту әдістерін жетілдіру мен оқу үдерісінің тиімділігін арттыру үшін қосымша зерттеулер мен жаңа әдіс-тәсілдерді енгізудің қажеттілігін көрсетеді.



2-сурет. Эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңызы мен оқыту әдістері бойынша журналистика және қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары студенттерінің орташа мәндерінің салыстырмалы графигі

Талқылау

Зерттеу барысында эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңызы мен оқыту әдістеріне қатысты журналистика және қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарындағы студенттердің пікірлері салыстырылды. Лайкерт шкаласы бойынша алынған жауаптар, сондай-ақ олардың орташа мәндері мен стандартты ауытқулары білім беру үдерісіндегі эпистолярлық жанрдың маңыздылығы мен тиімділігін айқындайтын маңызды деректерді ұсынды.

Журналистика мамандығының студенттері эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы қолданылуын салыстырмалы түрде жоғары бағалады. Орташа мәндер 2.66 мен 3.05 аралығында болды. Бұл көрсеткіштер студенттердің эпистолярлық жанрдың маңыздылығын түсінетінін, бірақ кейбір сұрақтар бойынша пікірлерінің алшақтығын көрсетті. Мысалы, жанрдың жазу дағдыларын дамытуға көмектесетіні туралы пікірлері 2.92 балл болғанымен, сын тұрғысынан ойлау дағдыларының дамуына қатысты төмендеу бағалар (2.66 балл) жанрдың оқу үдерісінде толыққанды қолданылмағандығын білдіреді. Бұл, әсіресе, журналистика мамандығында эпистолярлық жанрды қолданудың жетіспеушілігін және әдістер мен тәсілдерді жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңыздылығын жоғары бағалады, орташа мәндер 2.41 мен 3.18 аралығында болды. Бұл олардың жанрдың шығармашылық қабілеттер мен сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға жоғары дәрежеде сенетінін көрсетеді. Студенттер эпистолярлық жанрды зерттеу арқылы әдебиетті терең түсінуге мүмкіндік беретінін де жоғары

бағалады (3.18 балл). Бұл нәтижелер қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында жанрды оқытудың шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамытудағы тиімділігін көрсетеді.

Салыстыру нәтижелері журналистика мамандығының студенттері эпистолярлық жанрдың тиімділігіне қатысты сұрақтарға қазақ тілі мен әдебиеті мамандығынан аздау оң пікір білдіргенін көрсетті. Бұл айырмашылықтар мамандықтарға тән ерекшеліктерден туындайды. Мысалы, журналистика мамандығында шығармашылық пен сын тұрғысынан ойлау қабілеттері маңызды орын алса, қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарында жанр әдебиет пен мәдениетке тереңірек көңіл бөлуді қажет етеді, бұл жанрды зерттеуге деген жоғары қызығушылықты туғызады.

Студенттердің эпистолярлық жанрды оқытудың тиімділігін бағалауы жанрды қолдану әдістерінің дұрыс таңдалмағандығын көрсетуі мүмкін. Қазіргі уақытта эпистолярлық жанрды оқыту әдістері көбінесе дәстүрлі оқыту тәсілдеріне негізделген, бірақ студенттер жаңа әдістер мен технологияларды енгізуді қажет ететінін көрсетіп отыр. Бұл тұрғыда эпистолярлық жанрды оқыту әдістерін қайта қарастырып, жанрдың шығармашылық қабілеттер мен сын тұрғысынан ойлауды дамытудағы рөлін кеңінен көрсету керек.

Қорыта келгенде, зерттеу нәтижелері эпистолярлық жанрдың білім беру саласында жоғары бағаланатынын көрсетті. Алайда студенттердің пікірлерінде айырмашылықтар мен келіспеушіліктер бар, әсіресе жанрды қолданудың тиімділігі мен оның шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытудағы рөліне қатысты. Бұл білім беру үдерісінде эпистолярлық жанрды оқыту әдістерінің тиімділігін арттыру үшін қосымша зерттеулер мен әдіс-тәсілдерді енгізу қажеттілігін көрсетеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері эпистолярлық жанрдың білім беру саласындағы маңызы мен оқыту әдістерінің тиімділігін бағалау мақсатында жүргізілді. Журналистика және қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарындағы студенттердің пікірлері салыстырылып, олардың эпистолярлық жанрды оқытудағы маңыздылығы мен тиімділігіне қатысты көзқарастары анықталды.

Алынған деректер бойынша, эпистолярлық жанрды оқыту студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, жазу дағдыларын арттыруға және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Журналистика мамандығының студенттері эпистолярлық жанрдың білім беру үдерісінде тиімділігіне қатысты оң пікірлер білдіргенімен, кейбір сұрақтар бойынша бағалаулары төмен болды. Ал қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері жанрды қолдану мен зерттеу арқылы әдебиетті тереңірек түсінуге көмектесетінін жоғары бағалады.

Алайда, студенттердің пікірлеріндегі айырмашылықтар мен кейбір сұрақтар бойынша бағалардың төмен болуы эпистолярлық жанрды оқыту әдістері мен тәсілдерінің толыққанды жетілдірілуі қажеттігін көрсетеді. Әсіресе, жаңа әдістер мен технологияларды қолданудың маңыздылығы туралы пікірлердің айқындылығы байқалды. Бұл эпистолярлық жанрды оқытуда жаңашыл әдістемелерді енгізудің қажеттілігін білдіреді.

Зерттеу нәтижелері білім беру үдерісінде эпистолярлық жанрдың қолданылуының болашағы зор екенін көрсетті. Осы жанрды оқыту арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттері мен сыни ойлау дағдылары дамиды, бұл білім беру саласының сапасын арттыруға оң әсерін тигізеді. Сондықтан болашақта эпистолярлық жанрды оқыту әдістемелерін жетілдіру, оған жаңа технологияларды енгізу және жанрдың маңыздылығын студенттерге тереңірек жеткізу қажет.

Ұсыныстар:

1) Эпистолярлық жанрды оқыту әдістемелерін жаңарту, әсіресе журналистика мамандығында шығармашылық дағдыларды дамытуға арналған әдістерді кеңейту.

2) Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығындағы студенттер үшін жанрды терең зерттеу мен әдеби білімді арттыруға бағытталған әдістерді дамыту.

3) Жаңа технологиялар мен әдістерді қолдану арқылы эпистолярлық жанрды оқытудың тиімділігін арттыру.

Авторлардың қосқан үлесі:

Уразова А.К. – мақала тақырыбы бойынша материалдарды жинақтап, жүйелеу жұмыстарын атқарды. Мақаланың құрылымын үйлестіріп, зерттеу нәтижелерін саралап, талдау жүргізді және қорытындыларды қалыптастырды. Сонымен қатар, деректердің дұрыстығы мен мәтіннің тұтастығына байланысты мәселелерді қарастырып, мақала мәтінін толықтай жазды.

Казбай П.А. – зерттеу тұжырымдамасын әзірледі. Мақала мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарап, ғылыми негізділігіне талдау жасады. Жұмыстың соңғы редакциялық нұсқасын қарап, мақұлдап, бекітті.

Кудайбергенова К.Т. – мақаланың логикалық құрылымы мен мазмұндық бөліктерінің өзара байланысын қамтамасыз етті. Мәліметтердің шынайылығын тексеріп, ғылыми сапасының жоғары болуын қадағалады.

Әдебиеттер тізімі

Муханова М.Ж., Үйсінбаева Е.Б., Билтекенова Г.Б. The nature of pedagogical design of the educational system in modern conditions. // PPS,1(1). – 2023. – С. 70-76. https://doi.org/10.52081/pps.2023.v01.i1.008

Ерсаинова А.Б. Таласбаева Ж.С. С.Мұқановтың әдеби-ғылыми эпистолярлық мұрасындағы әдебиет мәселесі // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. – 2023. – Т3. - С.94-103. https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp94-103

Абдукаликова М. (2023) Инклюзивті білім беру жүйесіндегі болашақ арнайы мұғалімдерді кәсіби-психологиялық даярлау. // Bulletin Series Psychology. - 2023.- Т. 76 №3. – С. 14. https://doi.org/10.51889/2959-5967.2023.76.3.014

Абильдина С. (2023). Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлаудың мәні мен мазмұны. // Bulletin of the Karaganda University Pedagogy Series,. 2023. - Т. 110. №2. С. 97-104. https://doi.org/10.31489/2023ped2/97-104

Абильдина С. Роль творчества в применении педагогического дизайна будущими педагогами. // Bulletin Series of Pedagogical Sciences. - 2023. – Т.77 №1). – С. 76-81. https://doi.org/10.51889/1728-5496.2023.1.76.008

Аутаева А., Жолдасбекова Д. Болашақ мұғалімдердің түзету – педагогикалық қызметке даярлығын жетілдірудің маңыздылығы // specped, 2022.- Т.3. №70. – С. 7. https://doi.org/10.51889/specped.2022.70.3.007

Қайырбекова Г. Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды-ерік саласының ерекшеліктері. // Bilim Scientific and Pedagogical Journal. - 2024. – Т.108 №1. – С. 73-83. https://doi.org/10.59941/2960-0642-2024-1-71-81

Қалижарова Ж. Қазақ әдебиетіндегі эпистолярлық жанр тарихы. // Keruen, - 2022. - Т. 76. №3. С. 183-193. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.3-16

Көкебаева Ж. Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы - Еуропадағы түркі эмиграциясы тарихының дерегі. // BULLETIN Series Historical and socio-political sciences. – 2024. -Т. 81 №2. https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.024

Әбілдинова Г. Білім берудегі оқытудың белсенді және цифрлық әдістері. // Bulletin Series of Physics & Mathematical Sciences. - 2024. - Т.85 №1. https://doi.org/10.51889/2959-5894.2024.85.1.015

Ахмет К. С. Мұқановтың эпистолярлық мұрасындағы Шоқан Уәлиханов жайлы деректер. // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University Filology Series. - 2023. – Т.143 №2. - С. 95-101. https://doi.org/10.32523/2616-678x-2023-143-2-95-101

- Әлеуметтік-саяси, институционалды және мәдени контекстердің өзгеруі;
- Емделушілердің психотерапиялық қажеттіліктерінің өзгеруі мен эмоциялық құрылымдардың бұзылуы;
- Топтық психотерапияның тез дамуы және арт-терапиялық іс-әрекетке жетудегі ассимиляция;
- Арт-терапиялық топ жүргізушілерінің кәсіби өсуі және арт-терапиялық білім беру жүйесінің дамуы.

Арт-технология, біздің ойымызша, білім алушылардың жеке басының шығармашылық әлеуетін ашу және дамыту, сондай-ақ зерттелетін ғылыми фактілердің, заттардың, құбылыстардың маңыздылығын түсіну мақсатында білім беру үдерісінде қолданылатын әртүрлі өнердің әдістері, тәсілдері, формалары мен құралдары. Арт-технология ұғымын зерттеуші ғалымдардың анықтамаларына назар аударайық (1-кесте, 1-сурет).

1-кесте. Отандық және шетелдік ғалымдардың арт-технология ұғымына қатысты анықтамалары

№	Автор	Анықтама
1	В. Беккер-Глош	Экспрессия, коммуникация, символизация деп аталатын үш фактормен байланысты көркем шығармашылық
2	Т.В. Жукова	Білім беру процесінде тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған әр түрлі өнер түрлерінің формалары, әдістері мен құралдарының жиынтығы
3	И.М. Кунгурова	Белгіленген педагогикалық мақсатқа жету үшін өнер құралдары мен көркемдік-шығармашылық қызмет әдістерінің жиынтығы
4	М. Либман	Адам психикасының сезімдері мен басқа да мазмұнын беру үшін өнер құралдарын оның дүниетанымының құрылымын өзгерту үшін пайдалану
5	Н.Д. Никандров	Шығармашылықпентүзетупрактикасыныңбірігуі,шығармашылық түсіну, жаттығу, жеке өсу, мотивациялық, эмоционалды, бейімделу саласына әсер ету нәтижесінде жасырын энергияны жүзеге асыруға бағытталған әдіс
6	И.Е. Шкиль	Көркем шығармашылық құралдарының көмегімен жүзеге асырылатын оқыту
7	А.Б. Айтбаева, Г.А. Қасен	Арт-әдістер – өнермен психологиялық-педагогикалық әсер ету әдістері, өзін-өзі көрсетудің бір түрі (сурет қана емес, сөйлеу, қозғалыс, музыка, дыбыс, әртүрлі, соның ішінде ағаш немесе саз сияқты табиғи материалдармен жұмыс істеу)
8	А.К. Мынбаева, А. Смайлова	Арт-технология – бұл өзін-өзі көрсетуге және тұлғаның дамуына ықпал ететін көркем шығармашылықтың әдістері, тәсілдері мен техникалар жүйесі
9	Р.А. Верховодова, Р.А. Галустов	Арт-педагогика – бұл оқушының жеке басына тиімді тәрбиелік әсер ету мақсатында білім беру процесінде әр түрлі өнер түрлерін интегративті қолдануға негізделген ғылыми-педагогикалық бағыт
10	В.В. Старикова	Арт-технологиялар – педагогикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын өнер құралдары мен көркемдік шығармашылық қызмет әдістерінің жиынтығы
11	О.В. Бурачевская	Арт-технологиялар – бұл белгілі бір өнер түріне жанрлық тиесілілігімен де, психокоррекциялық қолдану технологиясымен де анықталатын айырмашылықтары мен ерекшеліктері бар психокоррекциялық әдістердің жиынтығы
12	Р. Сыдыкова	Арт-технология – шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру құралы және болашақ маманның жеке даму тәсілі ретінде оқу-тәрбие процесінде әртүрлі өнер түрлерінің әртүрлі әдістерін қолдану

Ескерту: *ғылыми еңбектерге талдау негізінде құрастырылған*

1-Сурет. «Арт-технология» ұғымының анықтамасы

Ескертпе: *ғылыми еңбектерге талдау негізінде құрастырылды*

Байқағанымыздай, кейбір зерттеушілер арт-технологияларды арт-педагогика мен арт-әдістердің құрамында қарастырады, дегенмен термин өзгергенімен, олардың мәні – өнер арқылы мәселенің шешіміне жету екендігі белгілі. Бұл тұста арт-технологиялардың функцияларына талдау жасау маңызды.

Психоанализ тұрғысынан арт-терапияның негізгі механизмі сублимация болып табылады, яғни энергияны әлеуметтік қолайлы мақсаттарға жету үшін қайта бағыттау арқылы ішкі шиеленісті жеңілдету (мысалы, өзін-өзі жою энергиясын өнерге немесе басқа шығармашылыққа бағыттау).

Н. Сакович, Е. Медведева, И. Левченко, Л. Комиссарова және Т. Добровольский (Медведева et al., 2001) сынды ғалымдар арт-терапияның негізгі функцияларын келесідей жіктейді:

- катарсистік – тазарту, жағымсыз жағдайлардан босату;

- реттеуші – жүйке-психикалық стресті жеңілдету, психосоматикалық процестерді реттеу, оң психоэмоционалды жағдайды модельдеу;

- коммуникативтік-рефлексивтік – қарым-қатынас бұзылыстарын түзетуді, тұлғааралық мінез-құлықты, өзін-өзі бағалауды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

А. Кожагулов және т.б. отандық зерттеушілер өнер технологияларын студенттердің құзыреттіліктерін қалыптастырудағы маңызды рөлін дәлелдеп, кәсіби даярлауда өнер технологияларын оқыту пәндеріне интеграциялаудың аса қажет екендігін көрсетеді (Kozhagulov et al., 2022).

M. Moller-Skau және F. Lindstol педагогикалық білім берудегі өнерге негізделген оқыту мәселесін зерттеуде педагогтерді даярлаудағы art-based тұғырларға жүйелі шолу

жасай отырып, педагог-студенттердің эмоционалды, мінез-құлықтық және қарым-қатынастағы өзгерістерінің болғандығын атап өтеді (M. Moller-Skau and F. Lindstol, 2022).

Ларионова Л.И. және Азарова Л.Н. арт-терапиялық технологиялардың студенттердің эмоционалды интеллектісін дамытудағы маңызды рөлін анықтау үшін бірқатар заманауи зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасайды. Олардың зерттеуіне сүйенсек, арт-терапия және арт-технология ұғымдарының пайда болғанына көп уақыт өткенімен, оны білім беруде қолдану кейіннен (2019–2021 жж.) кең тараған (Ларионова Л.И., Азарова Л.Н., 2022).

Сондай-ақ арт-технологиялардың түрлерін аудиовизуалды, бейнелеу өнері, театралды-ойын технологиялар деп топтауға болады. Аудиовизуалды арт-технологиялардың тобына бейнероликтер, кинофильмдер, сондай-ақ музыканы қолдану жатады. Кино кейіпкерін талдау, тақырыптық бейнероликтің мәселесін талқылау, әуен арқылы медитация жасау, ән айту арқылы ішкі күйді тыныштандыру сынды әрекеттер аудиовизуалды арт-технологиялар арқылы жүзеге асады. Ал бейнелеу өнеріне негізделген арт-технологиялар тобына тек қатысушының сурет салуы ғана емес, сондай-ақ тақырыптық суреттерді талдау, фотосуреттер арқылы қатысушының мәселесін ашу, сурет және фото материалдарды қолдана отырып коллаж жасау әрекеттері жатады. Арт-технологиялардың театр-ойын технологиялары тобына жағдаяттық талдау, рөлдік ойындар, сахналық қойылымдар негізінде импровизация, имитация жүргізу әрекеттері жатады (2-сурет).



2-Сурет. Арт-технология түрлерінің жіктелуі

Ескертпе: *ғылыми еңбектерге талдау негізінде құрастырылған*

Әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлауды арт-технологиялар арқылы жүргізудің моделі тұжырымдамалық, технологиялық, ұйымдастырушылық, өлшемдік блоктардан тұрады. Модельді жүйеленуінің басты түрткісі – кәсіби құзыретті, шығармашыл әлеуметтік педагогтарды даярлаудағы қоғамның сұранысы мен әлеуметтік педагог мамандарының мәртебесін көтеру қажеттілігі болып отыр.

Модельді тұжырымдамалық блогы модель мақсатын, міндеттерін, әдіснамалық тұғырлары мен принциптерін, болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлау бағдарламасына қажетті мазмұнды қамтиды. Мақсаты – арт-технологиялар арқылы болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту. Мақсатқа жету үшін модельде бірқатар міндеттер көрсетілді:

1) студенттерді әлеуметтік-педагогикалық біліммен толық қамтамасыз ету – білім беру бағдарламасы аясында әлеуметтік-педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған пәндердің мазмұнын игеру.

2) арт-технология түрлерімен таныстыру және оның мүмкіндіктерімен өздігінен зерделеуге үйрету.

3) әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған арт-технологиялық бағдарлама әдістемесін құру.

Модель негізіндегі студенттерге арналған сабақ бағдарламасы Л.М. Митинаның кәсіби даму тұжырымдамасы, Т.В. Кудрявцеваның кәсіби қалыптасу тұжырымдамасы, Э.Ф. Зеер тұжырымдамасы, А.Т. Ростунов тұжырымдамасы, кәсіби дамудың акмеологиялық тұжырымдамасы (А.А. Деркач, В.Г. Зазыкин) (Kozhagulov et al., 2022), Д. Холландтың типологиялық теориясы (Ohanova, 2023), Д. Сьюпердің «Мансаптық кемелдену» тұжырымдамаларына (Super and Bahn, 1991) сүйене отырып құрастырылады.

Сондай-ақ модельдің тұжырымдамалық блогында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін арт-технологиялар арқылы дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен принциптері де қамтылған. Зерттеудің әдіснамалық тұғырлары ретінде құзыреттілік тұғыр – белсенділік, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі өзектендіру, іс-әрекеттің тәжірибеге бағытталуы принциптері; тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр – жүйелік, динамикалық, белсенділік, іс-әрекет пен сана бірлігі принциптері; жүйелік тұғыр – тұтастық, сабақтастық, интегративтілік, нәтижелік, өзгергіштік принциптері; мәдениеттанымдық тұғыр – толеранттылық, көпмәдениеттілік, өнер арқылы тәрбиелеу принциптері танылды.

Модельдің технологиялық блогы болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін арт-технологиялар арқылы дамыту үдерісінің технологиялық (ішкі мазмұндық) жағын көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл блок модель мақсатына жетудегі формалар, әдістер мен құралдарды, модельді жүзеге асыру механизмдерін қамтиды.

Модельде болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруды ұйымдастыру формалары кәсіби білім беру үдерісін ұйымдастыруды, соның ішінде оған арт-технологияларды енгізуді қарастырады. Оқытуды ұйымдастыру формалары – белгілі бір тәртіппен жүзеге асырылатын оқытушы мен білім алушының келісілген қызметінің сыртқы көрінісі. Педагогикалық зерттеулерде оқытуды ұйымдастыру формалары, шартты түрде, білім алушылар санына қарай (жеке, топтық, жаппай), оқу орнына қарай (аудиториялық, аудиториядан тыс), ұзақтығына қарай (классикалық сабақ, жұп сабақ және т.б.) жіктеледі.

Біз өз зерттеуімізге сәйкес, оқытуды ұйымдастыру формаларын дәстүрлі, қашықтық (онлайн), тәжірибеге бағытталған деп үш топқа жіктейміз. Дәстүрлі формалар тобына арт-технологиялар негізіндегі шеберлік сыныптар (бейнелеу өнері, музыка, театр және т.б.), әлеуметтік салада педагогикалық әдістерді қолдану бойынша семинар-тренингтер жатады. Қашықтық формаларға арт-технологиялар бойынша бейне дәріс, вебинар түріндегі онлайн курстар мен Zoom, Microsoft Teams сияқты платформалар негізіндегі виртуалды шеберлік сыныптар мен воркшоптар жатады. Тәжірибеге бағытталған

формаларға арт-жобалар мен инклюзивті шараларға қатысу мен көрмелерді, театр қойылымдарын, спектакльдерді, перформанстарды жөндеуді ұйымдастыру жатады.

Модельде берілген әдістер кәсіби құзыреттіліктердің шығармашылық қабілеттері мен дағдыларын белсендендіруге бағытталады. Оқыту әдістері – оқыту міндеттерін шешуге бағытталған студент пен оқытушының бірлескен әрекеті. Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін арт-технологиялар арқылы дамытудағы әдістерді, сипаттамаларына қарай, белсенді (рөлдік ойындар мен кейс), шығармашылық (изотехнология, ертегі және музыкалық технология), рефлексивті (шығармашылық күнделіктерін жүргізу, талқылау) деп жіктейміз.

Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін арт-технологиялар арқылы дамытуда оқыту құралдарының маңызы зор. Біздің зерттеуіміздегі оқу құралдары оқу процесін тиімді жүзеге асыратын оқу материалдары мен құралдарын қамтиды. Оларға техникалық құралдар, шығармашылыққа арналған материалдар мен электронды ресурстар жатады.

Студенттерді болашақ кәсіби қызметіне дайындауды заманауи құралдардың көмегімен ұйымдастыру болашақ әлеуметтік педагогтардың қызығушылығын оятатыны белгілі. Сол себепті де, модельде техникалық (цифрлық) құралдарды қамтитын арт-технологиялармен жұмыс істеуге арналған компьютерлер, планшеттер, бағдарламалық жасақтамалар (Procreate, GarageBand, Adobe Animate) қолданылады.

Арт-технологияларды шығармашылыққа арналған құралдарсыз қолдану мүмкін емес. Қолданылатын арт-технологиялардың ерекшеліктеріне қарай көркемдік материалдар (бояу, қағаз, саз), музыкалық аспаптар, театр ресурстары (костюм, қойылым реквизиттері) қажет.

Электронды ресурстар түріндегі құралдарға онлайн оқуға қажетті платформалар (Moodle, Coursera), әртүрлі платформалардағы арт-технология бойынша шеберлік сабақтары мен бейнесабақтар жатады.

Арт-технологиялар арқылы әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту механизмдері оқыту моделін іске асыруды қамтамасыз ететін тәсілдер мен үдерістерді қамтиды. Ұсынылған модельдегі механизмдер арт-технологиялардың интеграциясы жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтердің дағдыларын, қабілеттері мен жеке қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған:

1. Мотивациялық механизм – әлеуметтік педагогтардың арт-технологияларды игеруге деген қызығушылығы мен ішкі мотивациясын ынталандыратын жағдайлар жасау:

- мотивациялық тренингтер мен шеберлік сыныптар өткізу;
- өнер технологиялары қызықты және пайдалы құрал ретінде қабылданатын жағымды білім беру ортасын қалыптастыру;
- арт-қызмет (көрмелер, жобалар) арқылы кәсіби жетістіктерге баса назар аудару.

2. Когнитивті механизм – арт-технологиялармен байланысты теориялық білім мен практикалық дағдыларды игеруді қамтамасыз ету:

- арт-технологиялар бойынша білім беру курстарын, семинарларды, вебинарларды ұйымдастыру;
- оқу-әдістемелік материалдарды (оқулықтар, құралдар, бейнесабақтар) әзірлеу және пайдалану;
- білімді бекіту үшін кейстер мен жағдаяттық тапсырмаларды қолдану.

3. Тәжірибелік механизм – әлеуметтік педагогтарды арт-технологияларды пайдалана отырып, белсенді практикалық қызметке қосу:

- болашақ әлеуметтік педагогтар өздерінің интерактивті тренингтер өткізуі;

- халықтың әртүрлі топтарымен (мысалы, ерекше қажеттіліктері бар балалармен, тәуекел тобындағы жасөспірімдермен) жұмыс істеуге бағытталған нақты арт-жобаларды жүзеге асыру;

- студенттердің өз шығармашылық жобаларын құруы және қорғауы.

Модельдің ұйымдастырушылық блогы болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арт-технологиялар арқылы дамытудың педагогикалық шарттары мен кезеңдерін қамтиды.

Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арт-технологиялар арқылы дамытудың педагогикалық шарттарын ұйымдастырушы-педагогикалық, әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық, технологиялық шарттар құрайды:

- ұйымдастырушы-педагогикалық шарт: «Әлеуметтік педагогтарды даярлау» мемлекеттік білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының бағдарламаларына арт-технологиялар интеграцияланатын білім беру үдерісінің тиімді жүйесін құру;

- әдістемелік шарт: кәсіби қызметте арт-технологияларды тиімді оқытуға және қолдануға бағытталған әдістемелерді әзірлеуді және пайдалануды қамтамасыз ету;

- психологиялық-педагогикалық шарт: студенттердің жеке және кәсіби өсуін қамтамасыз ететін қолайлы білім беру ортасын құру;

- әлеуметтік-педагогикалық шарт: студенттерді практикалық іс-шаралар және нақты әлеуметтік-педагогикалық құжаттармен өзара әрекеттесу арқылы кәсіби ортаға интеграциялау;

- технологиялық шарт: болашақ әлеуметтік педагогтарға кәсіби білім беру үдерісін қолдау үшін заманауи технологияларды қолдану сияқты шарттар құрайды.

Болашақ әлеуметтік педагогтерді арт-технологиялар арқылы кәсіби даярлау мақсатын жүзеге асыру үшін студенттерге бағытталған жұмыс мынадай кезеңдерді қамтиды:

- мотивациялық кезең студенттерде белсенді өзін-өзі көрсетуге және

жұмыстың жаңа формаларын түсінуге мотивация құруды көздейді. Орындалатын іс-әрекетке деген құштарлық, орындалатын іс-әрекеттің түпкілікті нәтижесінің құндылығын түсіну жеке өзі арт-технологиялық тәсіл идеяларын қабылдауға дайын екендігін көрсетеді.

- когнитивті кезең қабылдау, зейін, ойлау, сөйлеу процестерімен байланысты. Пәннің мазмұнын пәнаралық байланыстармен, шығармашылық қызметтің әртүрлі түрлерімен толықтыруды қамтиды. Әр түрлі өнер түрлерінен білім, шығармашылық материалмен жұмыс жасау, әдебиет туындылары, тарихи фактілер және т.б. белсенді түрде қолданылады.

- коммуникативті кезеңде қарым-қатынас, өзін-өзі көрсету дағдылары негізінен театр педагогикасының формалары мен әдістерін қолдану арқылы дамиды: дауысты қою; вербалды емес қарым-қатынастың қажетті базасын құрайтын – ым-ишара, қалып, мимика, дене тілі; кеңістікпен жұмыс істеудің теориялық және практикалық дағдыларының сәтті байланыс үшін білім беру кеңістігінің объектілері мен субъектілерінің мизансценаларын, режиссерлік қойылымдарын құру қамтылады.

- белсенді-рефлексивті кезең студенттердің шығармашылық өзін-өзі көрсету, өзін-өзі реттеу, жеке мінез-құлық стилін дамыту және оқушылармен қарым-қатынас жасау тәсілдерін көрсетудегі тәуелсіздігін дамытуды қамтиды.

Барлық кезеңдер студенттің оқу іс-әрекетінің кәсіби білім алу, тәжірибе, сабақтан тыс шара, әлеуметтік-мәдени, ғылыми, өзіндік жұмыс сияқты түрінде жүзеге асырылады.

Жоғарыда келтірілген кезеңдердің дұрыс орындалуы әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлауда арт-технологияларды қолдану тәжірибесін ұғындырып қана қоймай, студенттер көркемдік әдістер арқылы жеке тұлғалармен тиімді қарым-қатынас жасау және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін қажетті дағдыларды алады.

Модельдің өлшемдік блогы болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың компоненттері, өлшемдері мен деңгейлерін құрайды.

Когнитивті, іс-әрекеттік, жеке-тұлғалық компоненттер арт-технологияларды қолдану арқылы дамитын кәсіби құзыреттіліктің негізгі аспектілерін көрсетеді. Белгіленген компоненттердің негізінде арт-технологиялар арқылы болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың өлшемдері мен көрсеткіштері (2-кесте) анықталады. Арт-технологиялар арқылы болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің даму дәрежесін деңгейлер көрсетеді.

2-кесте. Арт-технологиялар арқылы әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың өлшемдері мен көрсеткіштері

Компонент	Құрылымы	Өлшемдері	Көрсеткіштері
Когнитивті Арт-технологиялар, олардың әдістері, мақсаттары және әлеуметтік педагогикада қолдану тәсілдері туралы білім	Арт-технология (бейнелеу өнері, музыка, театр, саз және т.б.) бойынша теориялық база. Өнер әдістерін қолданудың практикалық негіздерін игеру.	Әлеуметтік педагогика және арт-технология туралы кәсіби білімінің болуы	ӘП қызмет туралы білімді меңгеру; ӘП-да арт-технологияны қолданудың мақсат, міндеттерін түсіну; Арт-әдістерді іске асыруға арналған құралдар мен материалдарды білу.
Іс-әрекеттік Кәсіби қызметте арт-технологияларды қолдана білу	Арт-технологиялық іс-шараларды ұйымдастыру. Әртүрлі категориядағы адамдар үшін арт-жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру.	Кәсіби әлеуметтік-педагогикалық қызметті жүзеге асыру және онда арт-технологияларды тиімді қолдану туралы әрекеттері	Арт-технологиялық іс-шараларды әзірлеу, өткізу қабілеті; Нақты тәжірибеде өнер әдістерін қолдану; Әлеуметтік топтарға арналған арт-жобаларды әзірлеу, іске асыру
Жеке-тұлғалық Арт-технологиялармен табысты жұмыс істеуге ықпал ететін жеке- тұлғалық қасиеттер	Шығармашылық ойлау. Эмоционалды тұрақтылық және эмпатия	Арт-технологияларды әлеуметтік-педагогикалық мәселеге сәйкес таңдай алу қабілеті	Шығармашылық ойлау деңгейі; Эмпатия мен өзара әрекеттесу қабілетінің көрінісі; Арт-технологияларды қолданудағы сенімділік

Ескерту: *авторлар тарапынан құрастырылған*

Осылайша, модель құруда компоненттерді, өлшемдер мен көрсеткіштерді, деңгейлерді нақты анықтау әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің жай-күйін диагностикалауға, жеке білім беру траекторияларын құруға және мамандарды даярлау процесіне арт-технологияларды тиімді енгізуге мүмкіндік береді.

Құрылымдық-мазмұндық модельдің нәтижесі – кәсіби құзыреттілігі дамыған әлеуметтік педагог тұлғасына бағытталады.

Бөлімдегі мәліметтердің негізінде болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін арт-технологиялар арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынамыз (3-кесте).

3-Кесте. Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін арт-технологиялар арқылы дамытудың моделі

<table>
<tr><td colspan="2">Қоғам талабы:
- кәсіби құзыретті, шығармашыл әлеуметтік педагог маманын даярлау;
- әлеуметтік педагог мамандарының мәртебесін көтеру.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ БЛОК</td><td>Мақсаты: арт-технологиялар арқылы болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.</td></tr>
<tr><td>Міндеттері:
1) студенттерді әлеуметтік-педагогикалық біліммен толық қамтамасыздандыру
2) арт-технология түрлерімен таныстыру және оның мүмкіндіктерімен өздігінен зерделеуге үйрету
3) әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған арт-технологиялық бағдарлама әдістемесін құру</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td rowspan="11">ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БЛОК</td><td colspan="4">Әдіснамалық тұғырлар: құзыреттілік, тұлғалық-іс-әрекеттік, жүйелік, мәдениет-танымдық</td></tr>
<tr><td colspan="4">Ұстанымдар: белсенділік, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі өзектендіру, іс-әрекеттің тәжірибеге бағытталуы; жүйелік, динамикалық, белсенділік, іс-әрекет пен сана бірлігі; тұтастық, сабақтастық, интегративтілік, нәтижелік, өзгергіштік; толеранттылық, көпмәдениеттілік, өнер арқылы тәрбиелеу</td></tr>
<tr><td colspan="4">Әдістер</td></tr>
<tr><td>белсенді әдістер</td><td>шығармашылық әдістер</td><td colspan="2">рефлексивті әдістер</td></tr>
<tr><td>рөлдік ойын, кейс</td><td>изотехнология, ертегі, музыка және т.с.с.</td><td colspan="2">шығармашылық күнделіктері, талқылау</td></tr>
<tr><td colspan="4">Ұйымдастыру формалары (жаппай, жеке, топтық)</td></tr>
<tr><td>Дәстүрлі</td><td>қашықтықтан (онлайн)</td><td colspan="2">тәжірибелік</td></tr>
<tr><td>Шеберлік сыныптар, семинар-тренинг</td><td>Zoom, Microsoft Team, Google Meet плафтормалары</td><td colspan="2">арт-жобалар мен инклюзивті шаралар</td></tr>
<tr><td colspan="4">Құралдар:</td></tr>
<tr><td>Техникалық</td><td>шығармашылық материалдары</td><td colspan="2">электронды ресурс</td></tr>
<tr><td>бағдарламалық жасақтамалар</td><td>көркемдік материалдар (бояу, қағаз, саз), музыкалық аспаптар, театр ресурстары</td><td colspan="2">онлайн оқуға қажетті платформалар</td></tr>
<tr><td rowspan="6">ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ БЛОК</td><td colspan="4">Механизмдер: мотивациялық, когнитивті, тәжірибелік</td></tr>
<tr><td colspan="4">Педагогикалық шарттар:
ұйымдастырушы-педагогикалық, әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық, технологиялық</td></tr>
<tr><td colspan="4">Кезеңдері:</td></tr>
<tr><td>Мотивациялық</td><td>когнитивті</td><td>коммуникативті</td><td>белсенді-рефлексивті</td></tr>
<tr><td colspan="4">Оқу іс-әрекетінің түрлері:
кәсіби білім, тәжірибе, сабақтан тыс іс-шара, әлеуметтік-мәдени, ғылыми, өзіндік жұмыс</td></tr>
</table>

ӨЛШЕМДІК БЛОК	**Компоненттер:**		
	Когнитивті	іс-әрекеттік	жеке-тұлғалық
	Өлшемдер: Әлеуметтік педагогикалық кәсіби білімнің болуы, арт-технологияларды тиімді қолдану, кәсіби құзыреттіліктерге сай таңдай білу		
	Деңгейлер: жоғары, орта, төмен		
	НӘТИЖЕ: Кәсіби құзыреттілігі дамыған әлеуметтік педагог		

Қорытынды

Өнер өзінің құндылығын уақыт өткен сайын арттырмаса, жоғалтпайтыны белгілі. Өнердің шабыттандырушы, тыныштандырушы, ынталандырушы күші кез келген адамды ерекше әсерге бөлейді. Әсіресе адам-адам жүйесінде қызмет ететін педагогтар үшін оның мәні мен маңызы зор. Креативтілік әлеуметтік педагогтардың кәсіби қызметіне аса қажетті құзыреттіліктердің бірі екені белгілі, ал креативтілік өнердің шығармашылық әрекеттері арқылы дамиды. Осы тұста әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін арт-технологиялар арқылы дамытудың мәні мен мазмұнын анықтау арқылы оны тиімді ұйымдастырудың бағытын жүйелеу міндеті жүзеге асырылды.

Арт-технология – өнер түрлерінің формалары, әдістері, құралдарының жиынтығы болып табылатын көркем шығармашылық технология. Сондай-ақ оның көптүрлілігі мәселені әрқилы тұсынан зерттеуге, шешімін табуға мүмкіндік береді. Арт-технологияның мүмкіндігі педагогика және психологияда ғана емес, әлеуметтану, медицина, психотерапия, құқық және т.б. көптеген салаларда кеңінен пайдаланылуда.

Бізді арт-технологиялардың студенттерді әлеуметтік-педагогикалық қызметке кәсіби даярлауда қолданудың тиімділігі мәселесі қызықтырды. Мәселені шешудің бағдары ретінде арт-технологиялар арқылы әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлау үдерісінің моделі құрастырылды. Зерттеу жүргізу барысында арт-технологиялар арқылы әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлау үдерісінің моделінің тұжырымдамалық негіздері сараланып, теориялық талдаулар жасалды. Зерттеу барысында құрастырылған болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін арт-технологиялар арқылы дамытудың моделі осы мәселеге арналған зерттеу жұмысының негізгі бағдары бола отырып, болашақ әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлау үдерісінің маңызды міндетін шешуге ықпал етеді.

Арт-технологиялар туралы зерттеулер көп болғанымен, олардың әрбір салада қолданылуын зерттеу, тиімділігін анықтау өзекті болып табылады. Біздің зерттеу жұмысымыз арт-технологиялар арқылы әлеуметтік педагогтерді кәсіби даярлауды зерттеудің соңы емес, сондықтан да осынау өзекті тақырып алдағы уақытта да көптеген ізденістер мен зерттеулерді қажет ететіндігін атап өткіміз келеді.

Авторлардың қосқан үлесі:

Ы.Н. Оханова – жұмыс нәтижелерін жинау, талдау және түсіндіру; мәтін жазу және оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарау; жұмыстың барлық аспектілері үшін жауап беру, деректердің дұрыстығына және мақаланың барлық бөлігіне қатысты мәселелерді дұрыс зерттеу.

А.К. Дуйсенбаев – зерттеу жұмысының концепциясын құру және ғылыми жетекші ретінде жариялауға арналған мақаланың соңғы нұсқасын бекітті.

Әдебиеттер тізімі

Афанасьева, А.Б. (2016) «Арт-технологии в диагностике и развитии креативности ребенка во внеурочной деятельности», Актуальные проблемы современного образования: опыт и инновации. №12, стр. 94-98. Қолжетімді: https://www.elibrary.ru/item.asp?id=27592481 (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 25 мамыр)

Копытин, Е.А. (2006) Арт-терапия. Москва: Новые горизонты

Кузнецова, Н. С. (2012) «Концептуальные основы моделирования образовательного пространства в преподавании русского языка как иностранного», Молодой ученый, 4 (39), стр. 421-425. Қолжетімді: https://moluch.ru/archive/39/4559/ (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 25 мамыр)

Ларионова Л.И., Азарова Л.Н. Арт-терапевтические технологии в развитии эмоционального интеллекта студентов. Acta Biomedica Scientifica. 2022;7(2):199-211. https://doi.org/10.29413/ABS.2022-7.2.21

Медведева Е.А., Левченко, И.Ю., Комиссарова, Л.Н. и Добровольская, Т.А. (2001) Артпедагогика и арттерапия в специальном образовании. М.: Издательский центр «Академия».

Оханова, Ы.Н. және Дуйсенбаев, А.К. (2024) «Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арт-технологиялар арқылы дамыту», Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы, №2 (147), 406-419 б. https://doi.org//10.32523/2616-6895-2024-147-2-406-419

Сарыбаева, И.С. және Дүйсенова, С.М. (2013) «Арт-терапияның шығу тарихы және оның әлеуметтік жұмыста қолданылуы», ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социология сериясы, (4), 52-63 б. Қолжетімді: https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/download/328/177/359 (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 25 мамыр)

Тоқаев, Қ.-Ж. (2024) «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм», Қазақстан халқына Жолдауы, 2 қыркүйек. Қолжетімді: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659 (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 25 мамыр)

Түймебаев Ж.Қ. (Бас ред.) (2009) Білім және ғылым: энциклопедиялық сөздік. Алматы, 2009.

Kozhagulov, A., Zhankushkov, B., Dzhanaev, M., Derbissova, M.,

Zhumasheva, T., & Bodan, S. (2022) 'Competence development through art technology', World Journal on Educational Technology: Current Issues, 14(6), 1795–1806. https://doi.org/10.18844/wjet.v14i6.8339

M. Moller-Skau, F. Lindstol (2022) 'Arts-based teaching and learning in teacher education: "Crystallising" student teachers' learning outcomes through a systematic literature review', Teaching and Teacher Education, 109(2022) 103545, https://doi.org/10.1016/j.tate.2021.103545

Ohanova Y. (2023) 'Developing the professional competence of future social pedagogues through art technologies', Eurasian Science Review An International Peer-Reviewed Multidisciplinary Journal, 2(1), 27–36. https://doi.org/10.63034/esr-34

Super, D. E. and Bahn, M. Y. (1991) Occupational psychology. L.: Tavistock.

Ы.Н. Оханова*[1], А. К. Дуйсенбаев[2]
[1,2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Концептуальные основы моделирования процесса профессиональной подготовки социальных педагогов через арт-технологии

Аннотация. В статье на основе отечественных и зарубежных научных трудов проводится теоретический анализ значимости и эффективности арт-технологий в профессиональной подготовке социальных педагогов. Рассматривается история понятия «арт-технология», а также особенности его применения в сфере образования. Систематизируются проблемы, которые могут быть решены посредством использования арт-технологий в процессе профессиональной подготовки будущих социальных педагогов. Анализируются определения понятия «арт-технология», предложенные отечественными и зарубежными учеными, и обобщаются общие характеристики. В статье исследуются катарсическая, регулятивная и коммуникативно-рефлексивная функции арт-технологий при их применении в подготовке социальных педагогов. Также подчеркивается, что использование арт-технологий в образовательном процессе способствует оптимизации структуры учебного материала, улучшению планирования учебного процесса, управлению познавательной и учебно-познавательной деятельностью, диагностике образования, прогнозированию и решению проектных задач. На основе анализа возможностей арт-технологий в профессиональной подготовке и развитии профессиональных компетенций социальных педагогов разработана соответствующая модель. Предлагаемая модель включает концептуальный, технологический, организационный и оценочный блоки. Концептуальный блок описывает цель, задачи, методологические подходы и принципы, необходимые для программы подготовки будущих социальных педагогов. Технологический блок представляет технологический (внутренне-содержательный) аспект процесса формирования профессиональных компетенций посредством арт-технологий, включая формы, методы, средства и механизмы реализации модели. Организационный блок раскрывает педагогические условия и этапы развития профессиональных компетенций социальных педагогов с использованием арт-технологий, а оценочный блок содержит компоненты, критерии и уровни развития этих компетенций. Модель, представленная в статье, может служить основным ориентиром в развитии профессиональных компетенций будущих социальных педагогов посредством арт-технологий.

Ключевые слова: арт-технология, арт-терапия, подготовка социальных педагогов.

Y. Okhanova*[1], A. Duisenbayev [2]
[1,2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Conceptual foundations of modeling the process of professional training of social educators through art technologies

Abstract. The article provides a theoretical analysis of the importance and effectiveness of art technologies in the professional training of social educators based on domestic and foreign scientific works. It presents an overview of the history of the concept of Art Technology and considers the features of its application in education. The issues solved through the use of Art technologies in the professional training of future social educators are systematized. Definitions of the concept of "art technology" by domestic and foreign scientists are analyzed and grouped according to their general definitions. The cathartic, regulatory, communicative, and reflexive functions of Art technologies in the professional training of

social educators are analyzed. It was also noted that the use of art technologies in the educational process optimizes the structure of educational materials, improves the planning of the educational process, and manages cognitive and educational activity. It also facilitates diagnostics, forecasting, and educational design. The model was developed by analyzing the potential of art technologies in professional training for social educators and in developing their professional competencies. The presented model consists of conceptual, technological, organizational, and dimensional blocks. The conceptual block of the model contains the content necessary for the training program of future social educators, such as the purpose, objectives, methodological foundations, and principles of the model. The technological block clearly demonstrates the technological (internally meaningful) side of the process of developing the professional competencies of future social educators through art technologies. This block contains the forms, methods, and means of achieving the model's goal, as well as the mechanisms for implementing the model. The organizational block forms the pedagogical conditions and stages of the development of professional competence of future social educators through art technologies, while the dimensional block establishes the components, criteria, and levels of development of professional competence of future social educators. The model presented in the content of the article can become the main guideline for the development of professional competencies of future sociologists using art technologies.

Keywords: art technology, art therapy, training of social educators.

References

Afanas'eva, A.B. (2016) 'Art-tehnologii v diagnostike i razvitii kreativnosti rebenka vo vneurochnoj dejatel'nosti' [Art technologies in the diagnosis and development of a child's creativity in extracurricular activities], Aktual'nye problemy sovremennogo obrazovanija: opyt i innovacii,12, pp. 94-98. Available at: https://www.elibrary.ru/item.asp?id=27592481 (Accessed: 25 May 2025) (In Russian)

Kopytin, E.A. (2006) Art-terapija [Art therapy]. Moskva: Novye gorizonty (In Russian)

Kuznecova, N. S. (2012) 'Konceptual'nye osnovy modelirovanija obrazovatel'nogo prostranstva v prepodavanii russkogo jazyka kak inostrannogo' [Conceptual foundations of educational space modeling in teaching Russian as a foreign language], Molodoj uchenyj, 4 (39), pp. 421-425. Available at: https://moluch.ru/archive/39/4559/ (Accessed: 25 May 2025) (In Russian)

Larionova L.I., Azarova L.N. 'Art-terapevticheskie tehnologii v razvitii jemocional'nogo intellekta studentov' [Art therapy technologies in the development of students' emotional intelligence], Acta Biomedica Scientifica. 2022;7(2):199-211. https://doi.org/10.29413/ABS.2022-7.2.21

Medvedeva, E. A., Levchenko, I. Ju., Komissarova, L. N. i Dobrovol'skaja, T. (2001) Artpedagogika i artterapija v special'nom obrazovanii [Art pedagogy and art therapy in special education]. M.: Izdatel'skij centr «Akademija» (In Russian)

Ohanova, Y.N. jane Dujsenbaev, A.K. (2024) Bolashaq aleumettik pedagogtardyng kasibi quzyrettiligin art-tehnologijalar arqyly damytu [Development of professional competencies of future social teachers through art technologies], L.N. Gumilev atyndagy Eurazija ulttyқ universitetining Khabarshysy. Pedagogika. Psihologija. Aleumettanu serijasy, №2 (147), pp. 406-419. https://doi.org//10.32523/2616-6895-2024-147-2-406-419 (In Kazakh)

Sarybaeva, İ.S. jane Düisenova, S.M. (2013) 'Art-terapianyñ şyğu tarihy jäne onyñ äleumettık jūmysta qoldanyluy' [The history of art therapy and its application in social work], QazŪU Habarşysy. Psihologia jäne sosiologia seriasy, (4), 52-63 pp. Available at: https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/download/328/177/359 (Accessed: 25 May 2025) (In Kazakh)

Tokaev, Q.-Zh. (2024) 'Adiletti Qazaqstan: zan men tartip, ekonomikalyq osim, qogamdyk optimism' [A Just Kazakhstan: Law and Order, Economic Growth, Public Optimism]. Address by the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the People of Kazakhstan, 2 September. Available at: https://www.akorda.kz/

kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659 (Accessed: 25 May 2025) (In Kazakh)

Tujmebaev Zh.Q. (editor-in-chief) (2009) Bilim zhane gylym: enciklopedijalyq sozdik [Education and science: an encyclopedic dictionary]. Almaty, 2009. (In Kazakh)

Kozhagulov, A., Zhankushkov, B., Dzhanaev, M., Derbissova, M.,

Zhumasheva, T., & Bodan, S. (2022) 'Competence development through art technology', World Journal on Educational Technology: Current Issues, 14(6), 1795–1806. https://doi.org/10.18844/wjet.v14i6.8339

M. Moller-Skau, F. Lindstol (2022) 'Arts-based teaching and learning in teacher education: "Crystallising" student teachers' learning outcomes through a systematic literature review', Teaching and Teacher Education, 109(2022) 103545, https://doi.org/10.1016/j.tate.2021.103545

Ohanova Y. (2023) 'Developing the professional competence of future social pedagogues through art technologies', Eurasian Science Review An International Peer-Reviewed Multidisciplinary Journal, 2(1), 27–36. https://doi.org/10.63034/esr-34

Super, D. E., Bahn, M. Y. (1991) Occupational psychology. L.: Tavistock.

Авторлар туралы мәліметтер:

Оханова Ы.Н. – хат-хабар авторы, 3-курс докторанты, «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Масанчи көш., 39, Алматы, Қазақстан.

Дүйсенбаев А.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының ғылыми-инновациялық қызмет пен халықаралық ынтымақтастық жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Масанчи көш., 39, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Оханова Ы.Н. – автор для корреспонденции, докторант 3 курса кафедры «Педагогика и образовательный менеджмент», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, улица Масанчи, 39, 080421, Алматы, Казахстан.

Дуйсенбаев А.К. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры, заместитель заведующего кафедрой по научным инновациям и международному сотрудничеству образовательной программы «Педагогика и управление образованием», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, ул. Масанчи, 39, 080421, г. Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Okhanova Y. – corresponding author, doctoral student, Department of «Pedagogy and Educational Management», Al-Farabi Kazakh National University, 39 Masanchi Street, 080421, Almaty, Kazakhstan.

Duisenbayev A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Deputy Head of the Department for Scientific Innovation and International Cooperation of the Educational Program «Pedagogy and Education Management», Al-Farabi Kazakh National University, 39 Masanchi Street, 080421, Almaty, Kazakhstan.

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY
ISSN: 3080-1710. ISSN (Online): 3104-462X

IRSTI 14.35.09
Scientific article

https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-154-1-273-289

Methodological Framework for Training Future Primary School Teachers Using Art Technologies

A. Sikhayeva*[1], G. Saduakas[2], A.C. Mehmet[3]

[1,2]Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
[3]Gazi University, Ankara, Turkey

*(E-mail: *[1]akgul.sikhayeva@mail.ru, [2]gulbanu_sadvakasova@mail.ru, [3]akif@gazi.edu.tr)*

Abstract. This article examines the issue of professional training of future primary education teachers based on art technologies. To this end, the concepts of "professional training" and "art technologies" are clarified, and a content analysis of the concept of art technologies is conducted. Based on an analysis of scientific, pedagogical, and psychological literature, the main directions of professional training of future primary education teachers through art technologies are identified. In accordance with these directions, the components, criteria, and indicators of professional training, as well as the characteristics of training levels of future primary education teachers based on art technologies, are defined. The effectiveness of art technologies in the professional training of future primary education teachers is theoretically substantiated, and on this basis, a pedagogical experiment plan is developed, including diagnostic and formative stages. The experiment involved graduating students. At the diagnostic stage, a diagnostic questionnaire, practical situations, and practical tasks were developed. The quantitative data obtained at this stage were systematized, leading to the conclusion that the participants' levels were comparable and required improvement. To improve the results, an "ART" student club program was designed and implemented during the formative experimental stage. The program included various forms of activities, such as competitions and seminars; role-playing, verbal, and creative exercises aimed at releasing creative energy; content-related tasks; speech development contests; the use of show technologies; and the creation of a YouTube channel. As a result, the study concludes that the use of art technologies is effective in the professional training of future primary education teachers.

Keywords: primary education teacher, professional training, art technologies, visual arts, music, art, creativity, student club.

Received: 17.01.2026; Approved: 15.03.2026; Available online: 31.03.2026

***corresponding author**

Introduction

At the present stage, characterized by significant changes, such as the renewal of educational content, the competence-based approach, and the active integration of digital education into the learning process, the requirements for the level of professional training of future primary education teachers are increasing. The relevance of this study is determined in accordance with the Address of the President of the Republic of Kazakhstan, K. Tokayev (2025), as well as the national concepts for the development of education and science in the Republic of Kazakhstan. In his Address to the People of Kazakhstan entitled "Kazakhstan in the Era of Artificial Intelligence: Key Challenges and Their Resolution through Fundamental Digital Transformation", President K. Tokayev emphasized that "high-quality human resources are essential, as competent and conscientious individuals form the backbone of the national economy and guarantee the country's future. Our nation has an urgent need for highly professionally trained and skilled workers." Highly qualified and professionally trained specialists also include future pedagogical professionals, as today's learners—tomorrow's professionals—are the ones who will shape the country's "high-quality" human resources in the future.

A future primary education teacher should be a competent user of educational technologies, a flexible guide, a motivator, open to innovation, a researcher, a humane mentor, and a person committed to lifelong learning. Having completed professional training, a future primary education teacher carries out comprehensive work aimed at developing well-rounded and competitive individuals who meet the demands of a rapidly changing society. This is achieved through the application of new technologies and adherence to methodological approaches, as well as through continuous professional development and reflective practice. This perspective is reflected in the Concept for the Development of Preschool, General Secondary, Technical and Vocational Education in the Republic of Kazakhstan for 2023–2029 (Government of the Republic of Kazakhstan, 2023). In Direction 6, entitled "Enhancing Teachers' Professional and Cultural Capital," it is stated that "the professional role of teachers who educate children is deepened through the organization of learning, design, and research activities. At the same time, teachers assume the roles of consultants, researchers, project leaders, and 'facilitators' within the educational process, including in digital environments. Teachers are encouraged to engage in self-development aimed at the continuous improvement and renewal of their pedagogical and methodological practices."

The Concept for the Development of Higher Education and Science in the Republic of Kazakhstan for 2023–2029 (Government of the Republic of Kazakhstan, 2023) states that, to successfully implement the digital transformation of higher education, a transition from traditional learning models to active learning methods with an emphasis on project-based activities will be undertaken. This transition enables students to apply acquired knowledge in practice and promotes the development of creative thinking, teamwork skills, and the ability to solve complex problems. In this context, art technologies occupy a special place in the professional training of future primary education teachers as creative and emotional–aesthetic instructional tools.

S.I. Arkhangelsky (1980) explained a teacher's readiness for professional activity as the ability to masterfully teach one's subject, clearly present educational material, engage students'

interest in learning, demonstrate diligence and perseverance, and effectively solve pedagogical problems. M.N. Ospanbekova (2023) wrote that "the content of professional readiness should include the following components: a positive attitude toward the profession, stable professional interest, sustained motivation for pedagogical activity, a sense of responsibility for its outcomes; adequate requirements for professional activity; personal qualities and character traits, professionally significant knowledge, skills, and competencies; and stable professional characteristics of thinking."

The age-specific characteristics and psychological development of primary school students require future teachers to effectively use artistic, emotional, and aesthetic visual tools. By applying art technologies, future primary education teachers gain extensive opportunities to stimulate students' interests, foster their creative activity, and organize and conduct the learning process effectively. In the context of ongoing digitalization in education, the digital learning environment, interactive art tools, and creative pedagogical approaches require future primary education teachers to be prepared with a multi-methodological skill set. However, current observations and research indicate that in the professional training of future teachers, priority is often given to deepening theoretical knowledge, while tools that develop creativity and contribute to personal growth are frequently overlooked. In this regard, we consider the integration of art technologies in the professional training of future primary education teachers as one of the innovative approaches aligned with the renewed educational content. Based on the aforementioned documents, we recognize this as a relevant issue and aim to address the problem of professional training of future primary education teachers through the use of art technologies.

The aim of the study is to theoretically substantiate the professional training of future primary education teachers based on art technologies, to develop a methodology, and to verify its effectiveness through an experiment.

To achieve this aim, the following tasks were set: to clarify the concept of "art technologies"; to identify the directions for applying art technologies in the professional training of future primary education teachers; and to design a methodology for professional training based on art technologies and test its effectiveness through experimental work. The course of the research is presented in the following section of the article.

Materials and Methods

